

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# *Қазақстан* **КОММУНИСТІ**

---

**7**

**ИЮЛЬ**

**1965**

**АЛМАТЫ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# **Қазақстан КОММУНИСТІ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ШЫҒУЫНА 44 ЖЫЛ

7

И Ю Л Ь

1965

*БҰЛ НОМЕРДЕ:*

**КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫҢ  
ЭКОНОМИКАСЫН НЫҒАЙТА БЕРЕЙІК**

**В. И. ЛЕНИН АРТТА ҚАЛҒАН  
ХАЛЫҚТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ**

*ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА*

**ПАРТИЯ ЖИНАЛЫСЫ —  
ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ**

*Достық пен интернационализм —  
партияның қасиетті ұраны*

**ЖАСТАРДЫ КОММУНИСТІК  
РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ — АРДАҚТЫ  
М І Н Д Е Т**

## МАЗМҰНЫ

Бас мақала — Азық-түлік молшылығын жасау жолында . . . . .	3
Ф. Энгельстің хаттары . . . . .	9

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Павлодар облысының бастауыш ұйымдарында партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасы туралы . . . . .	17
Ө. Жәнібеков — Коммунизмнің жас күрескерлерін шыңдап өсірейік . . . . .	21
Б. Сүлейменов — Интернационалдық тәрбие — идеология жұмысының өзекті саласы . . . . .	26
Ә. Қанапий — Қазақстан мәдениеті қазіргі кезеңде . . . . .	31
Т. Ахтанов — Көркем сөздің шебері (Бейімбет Майлиннің туғанына 70 жыл толуына) . . . . .	36

### ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА

Д. Дінасылов — Артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуы . . . . .	41
А. Федулин — Кинематографистердің ұлы мерекелерге тартуы . . . . .	47

### ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ш. Қоспанов — Колхоз, совхоз экономикасын нығайта береміз . . . . .	52
Ә. Сасбұқаев — Ұстаздар мен шәкірттер . . . . .	56
М. Кашеутов — Коммунист өнегесі . . . . .	60

### ОЗАТ ӘДІС ӨРКЕН ЖАЙСЫН

Ә. Жәкішев — Коммунистік еңбектің асқан үлгісі . . . . .	64
Х. Нұрқайдаров — Рекорд осылай туған . . . . .	68

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Б. Ордабаев — Колхоздардың жылдық есебіне үнілгенде . . . . .	71
---	----

### БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Жақсыға — қолдау, жаңалыққа — даңғыл жол . . . . .	77
«Қазақстан коммунистінің» сынынан кейін . . . . .	80



# АЗЫҚ-ТҮЛІК МОЛШЫЛЫҒЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДА

Барша совет халқы, онын ішінде Қазақстан еңбекшілері КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін лениндік партияның асқан даналығының айқын көрінісі, совет адамдарының игілігін көздеген зор қамқорлығы деп бағалап, қазірде жалынды жігермен, тасқындаған шабытпен бұл шешімдерді жүзеге асыруға жұмылып отыр. Өйткені бұл шешімдер, сондай-ақ Коммунистік партия мен Совет үкіметінің соңғы қаулыларында белгіленген нақты шаралар Отанымыздың күш-қуатын онан әрі арттыруға, елімізде азық-түлік молшылығын жасауға, колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтуға, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсартуға түсуге бағытталған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің биылғы июнь айында болып өткен пленумы ауыл шаруашылығын жаңа белеске көтеру жөнінде партия белгілеген шараларды жүзеге асыру жолдары туралы мәселе қарады, республика партия ұйымдары мен еңбекшілерінің бұл саладағы алғашқы адымдары мен жұмыс нәтижелерін әңгіме етті, үстіміздегі жылы және таяудағы болашақта орындалуға тиісті келелі міндеттер алға қойылды.

Республика партия ұйымдары егіншілік мәдениетін көтеру, егіннен тұрақты жоғары өнім алуды қамтамасыз ету, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, ауыл шаруашылығының барлық салаларын тиімді жүргізу үшін күресуде.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Президиумы мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия мен Совет үкіметінің нұсқауларына сәйкес облыстар бойынша астық, ет, сүт, жүн және басқа өнімдер сатуының бесжылдық тұрақты жоспарын белгілеп берді. Жоспар жасарда республика ауыл шаруашылығының хал-жайын талдап тексеру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Бүкіл республикада және әрбір жеке облыста қалыптасқан экономикалық жағдайлар, жер жабызы мен ауа райы, егіншілік пен мал шаруашылығының қазіргі дәрежесі мен болашағы мұқият ескерілді.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыруға бағытталған шараларда әжетке жарамды жерлерді, әсіресе суармалы жерлерді, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді де нәтижелі пайдалану, егістік жерлердің құрылымын жақсарту, ауыспалы егістің ең дұрыс жүйесін қолдану, ғылым жетістіктері мен озат тәжірибе негізінде ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің үздік агротехникасы мен технологиясын енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіруде совхоз жұмысшылары мен колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыру принципін жүзеге асыру жолдары көрсетілуге тиіс.

Қазіргі ең басты міндет астық өндіруді арттыруда болып отыр. Бидай, кара бидай, күріш, кара құмық пен тары жөнінде тұрақты дайындау жоспары мен жаңа бағанын белгілеуі астық шаруашылығының мықты экономикалық базасын жасауға, еңбек өнімділігін көтеру арқылы оны барлық жерде бірдей неғұрлым тиімді дақыл етуге мүмкіндік береді. Ендігі жерде мемлекеттік астық жоспарын міндетті түрде орын-

даумен қатар товарлы және басқа артық өнімі бар шаруашылықтарда жоспардан тыс өнім өткізу ісін ұйымдастыру керек. Мұның шаруашылыққа да, мемлекетке де пайдалы екені айдан анық.

Қызылорда, Шымкент, Алматы облыстарында суландыру жүйелерін кеңейту, суармалы егіс көлемін арттыру, әр гектардан алынатын өнімді еселеп өсіру есебінен 1970 жылға қарсы аса бағалы дақыл күріштің жыл сайын дайындалатын мөлшерін 12,2 миллион пұтқа жеткізу көзделіп отыр. Тын өлкесінде, Ақтөбе, Семей, Орал облыстарында тары егісін көптеп егіп, бұл дақылдан да мол өнім алуға болады.

Алдағы бесжылдықта Қазақстанда қант қызылшасы мен шитті мақта өндіру мен дайындау мөлшері едәуір артқалы отыр.

1970 жылға қарсы сатып алынатын қант қызылшасы 2 миллион 400 мың тоннаға дейін өсуге, яғни биылғы жоспармен салыстырғанда 500 мың тонна артуға тиіс. Бұл міндет егіс көлемін едәуір арттыру, әсіресе қант қызылшасының әр гектардан алынатын өнімін 315—320 центнерге жеткізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл дәрежеге жетуге мүмкіндік мол екенін көптеген озат шаруашылықтар мен майталман қызылшашылардың тәжірибесі анық көрсетіп отыр.

Шымкент облысының мақташылары бесжылдықтың аяғында дайындалатын шитті мақта мөлшерін биылғы жоспарда белгіленген 70 мың тоннаның орнына 95 мың тоннаға жеткізуге міндетті. Бұған олардың күш-қаражаты да, қабілеті мен шеберлігі де әбден жетеді.

Техникалық дақылдармен қатар 1970 жылға қарсы дайындалатын картоп пен овощ мөлшері де өскелі отыр. Жыл сайын 220 мың тонна картоп (былтырғысы 117,8 мың тонна), 373 мың тонна овощ (былтырғысы 272,9 мың тонна) дайындалатын болады.

Таяудағы жылдардың ішінде мал шаруашылығын шапшаң өсіру, мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіру үшін республикамызда мүмкіндіктер мен резервтер ұшан-теңіз. Ірі қара мал, шошқа, қой жөнінде белгіленген сатып алу және дайындау бағасының біршама өсірілуі мал шаруашылығының бұл салаларын рентабельді етуге қолайлы жағдай жасайды.

Мал шаруашылығын алға бастыру үшін әрбір колхозда, әрбір совхозда істелер іс көп-ақ, атап айтқанда: фермада бағылатын малдың түрін, санын, малға арнап салынатын қора-жай аумағын, жемшөп қорын молайту және жайылымдарды суландыру мәселелерін осы бастап әбден ойластырып, перспективалық жоспарда белгілеу керек болады.

Әрбір шаруашылықтың бүгін таңдағы басты міндеті — малды жақсылап бордақылау және жайып семірту, мал басын аман сақтау, қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, сөйтіп биылғы жылға және бесжылдықтың келесі жылдарына белгіленген мемлекеттік жоспарды сөзсіз орындау және асыра орындау болмақ.

Бұл аса жауапты міндеттің үдесінен шығу үшін берік жемшөп қорын жасау қажет.

Биыл республикадағы шаруашылықтардың көпшілігі қоғамдық малды қыстан аман алып шығып, мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөнінде едәуір табыстарға жетті. Үстіміздегі жылдың июнь айына дейін республика колхоздары мен совхоздары 14,2 миллион козы алды, яғни жыл басында болған әрбір жүз саулыққа 97 козыдан келеді. Әсіресе Шымкент және Қызылорда облыстары шаруашылықтарының нәтижелері айтарлықтай; бұл екі облыста әр жүз саулықтан 117 және 116, Жамбыл облысында 102, Гурьев облысында 101, Алматы облысында 99 козы алынды. Қойдан мұншалық көп төл алу тәжірибесі бізде бұрын-соңды болып көрген емес.

Қазір республиканың совхоздары мен колхоздарында ғана 38 миллионнан астам қой мен ешкі бар. Енді 1963—1964 жылдың қысында шығынға ұшыраған малдың орнын толтыру үшін, мал басын тағы да өсі-

ріп, мал шаруашылығын онан сайын өркендету программасын орындау үшін қажетті алғышарттар жасалып отыр.

Қолда бар малды өлім-жітімге ұшыратпай, аман сақтау үшін әрбір шаруашылықтың бір-біржарым жылдық қажеті мөлшерінде дереу жемшөп әзірлеп алу керек. Республиканың оңтүстік және орталық облыстарында биыл ауа райының қолайсыздығынан табиғи шөптің нашар шығуы бұл міндетті едәуір қиындатып отыр. Бірақ озат шаруашылықтар осы қиын жағдайдың өзінде де қоғамдық малға керекті жемшөп қорын жасаудың көздерін табуда.

Ең жұғымды азықтың бірі жүгері екені мәлім. Оңтүстікте одан жоғары өнім алып жүрген шаруашылықтар аз емес. Мысалы, Сарыағаш ауданында Қарл Маркс атындағы совхозда жыл сайын бір жерден екі өнім алынып тұрады. Мұнда дәнді дақыл жиналып алынғаннан кейін, соның орнына жүгері немесе басқа азықтық дақыл егіледі де, ол кейін көк сүрлем болады. Биыл бұл шаруашылықтың озат әдісін Сарыағаш, Шардара, Сайрам аудандарының шаруашылықтары кең қолдана бастады. Биыл облыста, табиғи шөп шығымы нашар болып отырғанда, мұның өзі керекті азық қорының біразын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Бұл әдісті күн шуакты, суармалы өңірдің бәрінде қолдану жағын қарастыру керек.

Құнарлы мал азығының ішінде жоңышқа да көрнекті орын алады. Ендігі жерде мұның егіс көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыру жөнінде нақты шаралар қолдану керек. Жақсылап күтіп, баптаған күнде жоңышқаны бір жерден 4—5 рет орып алуға болатынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Республиканың таулы өңірлері мен сулы алқаптарында пайдалана білгендерге табиғи шөп әлі де көп. Құрақ, жүсан, изен, сасыр сияқты шөптерді балауса кезінде орып алып, мал азығына қосуға ұйғарған Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының көптеген шаруашылықтары өте дұрыс істеп отыр.

Малды жемшөппен толық қамтамасыз ету үшін республика бойынша биыл 12 миллион тонна пішен, 7,77 миллион тонна сабан, 21 миллион тоннадан астам сүрлем дайындап, қажетті мөлшерде қоспалы жемшөп әзірлеу керек болады.

Республика жағдайында ет проблемасын ойдағыдай шешу үшін жылқы мен түйе өсіруге мықтап көңіл бөлу керек. Бұл үшін биелер мен інгендерді арнаулы ірі фермаларға жинақтап, олардан жедел төл алу ісін ұйымдастырған жөн.

Осы мақсат тұрғысынан алып қарағанда қойдың, ірі қараның, шошқаның сапасын жақсартудың да маңызы зор. Бізде асыл тұқымды мал өсіретін 55 завод пен совхоз, мал тұқымын асылдандыратын және хайуанатты қолдан ұрықтандыратын 60-қа жуық мемлекеттік станциялар бар. Көптеген асыл тұқымды мал жыл сайын шеттен әкелініп отырады. Солай бола тұрса да, республикада бұл жұмыстың жайы әлі де мәз емес. Колхоздар мен совхоздарда құны төмен, өнімді аз беретін мал әлі көп. Енді бұл салада үзілді-кесілді өзгеріс туғызып, малдың сапасын шұғыл жақсарту, өнімділігін еселеп арттыру жөнінде нақты шаралар белгілеп, жүзеге асыру керек.

Соңғы кезде, КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне сәйкес, Қазақстан партия ұйымдары колхоз-совхоз өндірісінің экономикасымен қолма-қол айналыса бастады. Бұл жөнінде игілікті, өнегелі бастама да жоқ емес. Мысалы, Көкшетау облыстық партия комитеті экономикалық жұмысты дұрыс жолға қою арқылы совхоздар мен колхоздарды жедел ілгері бастыру мақсатын көздеп отыр. Облыстық партия комитеті бұл мәселе жөнінде арнаулы пленум өткізді. Пленумнан бұрын облыста бірқыдыру тиянақты жұмыстар жүргізілгенді. Атап айтқанда, партия ұйымдары өндіріс командирлері мен мамандарын, есеп-

кисап қызметкерлерін қысқа мерзімді курстар мен семинарларда даярлау ісін ұйымдастырды, шаруашылық бөлімшелерінің — фермалардың, бригадалардың, бүкіл басқарманың, бүкіл совхоздың экономикалық жағдайын терең талдап, партия жиналыстарында бұл мәселені жиі-жиі талқылайтын болды. Совхоздарда шаруашылық есеп енгізіліп, жүргізіле бастады.

Экономикалық жұмыстың жайы мен маңызын әңгіме еткенде мамандандыру туралы айтпай кетуге болмайды. Өйткені бұл — ауыл шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің, егін шығымдылығын бірден бірге арттырып, мал шаруашылығын өрге бастырудың шешуші шарттарының бірі. Республиканың ұлан-байтақ жерлерінде табиғи және экономикалық жағдайлардың түрлі-түрлі болуы шаруашылықты сол өңірдің өзгешеліктеріне сәйкес ең көп нәтиже берерлік негізгі бір арнаулы кәсіпке бейімдеп жүргізуді, негізгі сала мен қосалқы салаларды ұштастыра жүргізуді керек етеді.

Республикада товарлы астық, техникалық және майлы дақылдар, ет пен жүн өндіруге бейімделіп, негізінде қалыптасып болған ірі аудандар бар. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде оwoщ пен сүт өндіретін арнаулы совхоздар құрылды. Бірқатар совхоздар құс өсіруге бейімделген, республикада бірнеше құс фабрикасы салынып жатыр, мұнда жұмыртқа мен құс еті өндірілетін болады. Қазіргі уақытта 55 совхозды шошқа етін өндіруге мамандандыру, етті мал өсіретін бірқыдыру арнаулы шаруашылықтар құру жөнінде ұсыныстар жасалып отыр.

Дегенмен республикада көп салалы шаруашылықтар басым жатыр, оның бержағында бөлімшелер мен фермаларда шашыраңқы ұсталатын ұсақ тиімсіз салалар әлі де жетіп артылады. Мұндай ұсақ салалардың тиімсіздігін мынадан-ақ көруге болады. Қостанай облысындағы Павлов атындағы совхозда 3 460 шошқа бар, мұнда бір центнер шошқа етінің өзіндік құны 98 сом 62 тиын болды, ал сол облыстағы Камышин совхозында небәрі 19 шошқа бар, бір центнер шошқа етінің өзіндік құны 469 сом!

Әрине, шаруашылықты мамандандыру ісі ұзақ уақытты керек етеді. Мұны шаруашылықтағы негізгі кәсіптің дамып, жетілуіне қарай бірте-бірте, дәйектілікпен жүзеге асырып отыру қажет.

Әрбір совхоздың, колхоздың, бөлімшенің, ферманың шаруашылық ісі сайып келгенде оның рентабельділік (тиімділік) дәрежесіне, таза табысына қарай бағаланады. Ішкі шаруашылық есеп енгізілген жерде нәтижелер де жақсы болатыны тәжірибеден белгілі. Қостанай облысындағы Федоров астық совхозы, Алматы облысындағы «Есік» жеміс-жүзім совхозы және басқа шаруашылықтар туралы осыны айтуға болады. Шаруашылық есепті білгірлікпен, дұрыс қолданудың нәтижесінде бұлардың экономикасы жылдан жылға нығайып, өрлей түсуде. Партия ұйымдарының, ауылшаруашылық органдарының қазіргі ең басты міндеттерінің бірі — озат шаруашылықтардың үлгісін пайдаланып, шаруашылық есепті барлық совхоздар мен колхоздарға енгізу. Мұнда шаруашылықты рентабельділікке бастайтын факторларды — егіншілік пен мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін процестерді комплексті механикаландыру, ұқыпсыздық пен ысырапқорлықтан келетін залалды болдырмау, әкімшілік-басқару аппаратын тәртіпке келтіру сияқты шараларды сөзсіз ескеру қажет. Шаруашылық есепті енгізуге байланысты осындай шараларды іске асыру нәтижесінде республикада өзін өзі ақтамайтын, пайда келтірмейтін бірде-бір шаруашылық болмауға тиіс.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің соңғы пленумы ауылшаруашылық өндірісін көтеруде ғылымның алатын орнын ерекше атап көрсетті. Бүкіл одақтық астық шаруашылығы институтының коллективі А. И. Бараевтың жетекшілігімен тың егіншілігін жүргізу жүйесі

жөнінде бағалы ұсыныстар енгізді. Бұл ұсыныстарды енгізген күнде тың аудандарындағы егіншіліктің өнімділігін арттыруға, сондай-ақ жер қыртысын құнарсыздандыратын жел эрозиясын тоқтатуға мүмкіндік туады. Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Казсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ халық шаруашылығы советі бұл мәселені тезірек шешкендері жөн. Орал және Қарабалық тәжірибе станцияларының, Қазақ егіншілік институтының және басқа ғылыми-зерттеу мекемелерінің де егіншілікті дамытуға қосқан үлесі айтарлықтай.

Ауыл шаруашылығын жүргізудің ғылыми негізделген жүйесін енгізуде елеулі кемшіліктер де бар. Ең алдымен тұқым шаруашылығы жөнінде осыны айту керек. Тұқымның ең өнімді, жаңа сорттары өндіріске тым баяу енгізілуде, ал кейде белгілі бір жергілікті өсімтал сорттар ешбір дәлелсіз істен шығып калып жүр. Көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері мен тәжірибе станциялары тұқым сорттарын ондау жөніндегі тапсырмаларды жөнді орындамай келеді, тұқымдық сорттар өсіруші шаруашылықтар желісі әлі де нашар.

Партия, совет, ауыл шаруашылық органдары тұқым шаруашылығы жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуына мұрындық болып, бұл істе тиісті тәртіп орнатуға тиіс.

Келесі бесжылдықта еліміздің ауыл шаруашылығына қыруар қаржы жұмсалғалы отыр. Қазақстан ауыл шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы мөлшері 5,1 миллиард сом болмақ, ал 1961—1965 жылдар ішіндегі күрделі қаржы 3,3 миллиард сом еді. Оның бер жағында құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 1,5 есе өседі, оның ішінде совхоз құрылысына арналатын қаржы 1 миллиард 252 миллион сомға жетеді.

Осынау қыруар қаржыны дер кезінде және тиімді түрде игеру үшін партия және совет органдары ауыл-селодағы құрылысты айрықша бақылауына алып, құрылыс ұйымдарының жұмысын жақсартуға, олардың өндірістік базасын нығайтуға жетекші болулары керек. Селолық құрылысты екінші кезектегі іс деп қарайтын, сөйтіп оны созалаңға салатын кертартпа әдетке енді кеңшілік болмауға тиіс.

Ауылшаруашылық өндірісін өрге бастыруда оның материалдық-техникалық базасын нығайтудың аса зор маңызы бар. Колхоздар мен совхоздарды өнімі жоғары жана машиналармен жабдықтау таяудағы жылдардың ішінде ауыл шаруашылығының барлық тарауларын комплексті механикаландыру ісін аяқтауға мүмкіндік береді. Бұл саладағы қазіргі басты міндет колда бар машина-тракторлар паркін толықтырып, жанартып отырумен қатар, техниканы тиімді пайдалануда, оны күтіп ұстауда болып отыр.

Республиканың оңтүстігінде егін орағының басталғанына көп болды. Мол астықтың алқабы атанған Тың өлкесінің шаруашылықтары егін жинау, астық дайындау қарсаңында тұр. Қазір республика, өлке партия ұйымдары мен ауыл-село еңбеккерлері үшін егін жинауға сақадай сайланып, оны шебер ұйымдастыру ең ардақты міндет болып табылады. Барлық егінді ысырапсыз тез жинап алу, мемлекетке астық сату жоспарын абыроймен орындап шығу КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін нақты жүзеге асырғандық болады.

Ауылшаруашылық дақылдары егісін күтіп-баптауда, егін жинауда барлық техниканы кідіріссіз, өнімді пайдалану, механизаторлардың үдемелі қарқынмен, озат әдіспен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мұндағы негізгі және қосалқы жұмыстарды түгелінен мінсіз ұйымдастыру егіншілік өнімдерін — астықты, қант қызылшасын, шитті мақтаны және басқа өнімдерді ең қысқа мерзім ішінде, ысырапсыз жинап алудың шешуші шарты болмақ.

Ауыл шаруашылығын жедел өрге бастыру жөнінде партия белгілеп отырған өмірлік маңызы бар шаралардың ойдағыдай жүзеге асырылуы партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушы-



лық және саяси жұмысының дәрежесіне байланысты. Қолхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдарының ролі, басшы қызметкерлер мен барлық коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігі, барлық жерде бірдей партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтудың маңызы қазір қай кездегіден болса да ерекше артып отыр.

Партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының қазіргі басты міндеті еңбекшілер бұқарасын Коммунистік партия мен Совет үкіметі белгілеген шараларды жүзеге асыруға жұмылдыру, түрлі дақылдардан — бидайдан, күріштен, тарыдан, жүгеріден, кант қызылшасынан және басқа егіннен мол өнім алу жолында, мал басын аман сақтау, оның өнімділігін көтеру, өндірілетін және мемлекетке сатылатын ет, сүт, жұмыртқа, жүн және басқа өнімдер мөлшерін арттыру жолында ауыл-село еңбеккерлері арасында социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістету болмақ.

Ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені тынбай насихаттау арқылы еңбек ардагерлерінің, ауылшаруашылық өндірісі шеберлерінің қатарын көбейте беру, жаңалық пен озат атаулының бәрін ауыл-село еңбеккерлерінің игілігіне айналдыру — партия ұйымдарының қасиетті борышы.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ауыл шаруашылығын жедел өркендетуге бағытталған келелі шараларын ойдағыдай жүзеге асыру үшін күн-бе-күн жана серпінмен, соны қарқынмен жұмыс істеп, іске үнемі тыңғылықты басшылық етіп отыру керек болады. Бұл жөнінде колхоз, совхоз партия ұйымдарының алдына жоғары талаптар қойылып отыр.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың осы пленумда жасаған баяндамасында Көкшетау облысындағы «Константиновский» совхозы партия ұйымының март Пленумы шешімдерін жүзеге асырудағы өнегелі жұмыс тәжірибесі атап көрсетілді.

Партия ұйымы совхоз экономикасын көтеру жөнінде алдағы бес жылға арналған егжей-тегжейлі жоспар жасауға жетекші болды. Бұл жоспар жұмысшылардың кең түрде қатысуымен партия жиналыстарында талқыланып, бекітілді. Жоспарда көрсетілген күрделі шаралардың ішінде мемлекетке сатылатын астық мөлшерін биылғы 885 мың пұттан 1970 жылы 1 миллион 74 мың пұтқа жеткізу, тапсырылатын ет мөлшерін 1 100 тоннадан 1 470 тоннаға дейін көбейту міндеттері белгіленген. Совхоздың барлық бригадалары мен бөлімшелеріне шаруашылық есеп енгізіледі, осының негізінде совхозды биылғы жылдың өзінде-ақ рентабельді ету мақсаты көзделіп отыр. Сонымен қатар жоспарда ұйымдастыру жұмысының дәрежесін, коммунистердің жетекшілік ролін көтеру, оларды өндірістің шешуші учаскелеріне орналастыру шаралары белгіленген.

Облыстық, аудандық партия комитеттері константиновтықтардың өнегелі тәжірибесін ауыл шаруашылық өндірісіндегі барлық партия ұйымдарына кеңінен таратуға міндетті.

Қазақстан партия ұйымдарының алдына ардақты да жауапты міндеттер қойылып отыр. Партияның шешімдерін жүзеге асыру жолында аянбай күресе отырып, ауылшаруашылық өндірісін жедел өрге бастыруға бұқараны жаппай жұмылдыра отырып, олардың биылғы жылы және алдағы уақытта тамаша табыстарға жететіні даусыз.

# Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ ХАТТАРЫ

Энгельстің француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері Поль Лафаргке жолдаған, төменде жарияланып отырған хаттары халықаралық социалистік жұмысшы конгресіне әзірлену кезінде жазылған. Бұл конгресс 1889 жылы Парижде болды және II Интернационалдың өмір сүруінің негізін қалады.

Конгресті шақырудың бастаушылары негізінен марксистік позицияларда болған Европа социалистік партияларының өкілдері, ең алдымен Гед пен Лафарг бастаған француз Жұмысшы партиясы, сондай-ақ герман социал-демократиясының өкілдері болды. Халықаралық жұмысшы конгресін шақыру туралы шешім 1887 жылы герман социал-демократиясының Санкт-Галлен съезінде, сондай-ақ француз Жұмысшы партиясының 1888 жылы Труада болған съезінде қабылданған болатын. Бұларға керісінше жұмысшы қозғалысының оппортунист элементтері — француз поссибилистері мен Англияның Социал-демократиялық федерациясының басшылары конгресс шақыру инициативасын өз қолдарына алуға тырысты. Ертеректе 1886 жылы болған, ағылшын тред-юниондарының және кейбір басқа да еуропалық елдердің кәсіподақтарының өкілдері қатынасқан халықаралық Париж конференциясы келесі конгресті шақыру ісін поссибилистерге тапсырғанын пайдаланып, поссибилистер де өз тарапынан конгреске әзірлене бастады. Бұл ретте олар ағылшын тред-юниондары 1888 жылы Лондонда шақырған кәсіподақтарының халықаралық конгресінің жоғарыда айтылғандай шешіміне де сүйенді. Оппортунистердің халықаралық жұмысшы қозғалысында және болашақ халықаралық ұйымда басшы позицияларды алып қоюының нақты хауіпін туды. Энгельстің осы жарияланып отырған хаттары оның II Интернационалдың ірге тасын әзірлеуде, оппортунизмге қарсы күресте жұмысшы табының интернационалдық бірлігі бірден-бір революциялық, марксистік платформаға негізделетін болуы үшін күресте атқарған орасан зор ролін көрсететін қосымша материал береді.

Социалистік конгресті шақыру қарсаңында алдын ала жүргізілген орасан зор жұмысқа Энгельс мейлінше белсене қатынасты. Энгельс пен оның серіктерінің жұмсаған күш-жігерінің нәтижесінде 1889 жылғы июльде Парижде болған конгресс марксизм принциптерінің салтанат құруы жағдайында өтті. Поссибилистер мен олардың одақтас-тарының қосарласа өткізген конгресі өзінің құрамы жағынан алғанда іс жүзінде халықаралық конгресс болмады және табысқа жете алмады.

Жарияланып отырған хаттар пролетариаттың интернационалдық бірлігі жөніндегі мәселелерде Энгельстің принципті болғандығын тағы бір айқын сипаттап береді. Конгреске әзірленуге байланысты оның француз социалистеріне берген ақыл-кеңестерінің зор маңызы бар. Энгельс ойлабастан, асығыс шешімдер жасаудан сақтандырып, икемді, шебер тактика қолдануға үйретті, дұшпандар қолданатын барлық іс-әрекеттерді есепке алып отыру керек деп, нақты, сенімді ақиқат фактілерді қолданып, оларды әшкерелеп отыру керек деп, өз қадамдарыңды мұқият өлшеп-пішіп, бұл қадамдардың қандай нәтижелері болуы мүмкін екенін алдын ала болжап білу керек деп ақыл беріп отырды.

Энгельстің хаттары принципті тұрғыдан жасапған сынның үлгісі ретінде де көңіл аударарлық, революциялық тактикадан шегінушіліктің қандайын болса да, атап айтқанда буланжистер демагогиясының және олардың буржуазияшыл радикалдарға жасаған шабуылдарының реакцияшыл мән-мағынасын жете ажырата ашып қарамай, француз марксистерінің бір кезде буланжизм жөнінде ұстаған қате позициясын осындай принципті тұрғыдан сынаған болатын. Энгельс буланжизмге — 1886—1889 жылдары Францияда болған, генерал Буланженің есімімен байланысты шовинистік ағымға — жан-жақты сипаттама берді. Буржуазияшыл республикашылдардың саясатына халық бұқарасының наразылық көрсетуін пайдаланып, буланжистер мемлекеттік төңкеріс әзірлеу және Францияда монархияны қалпына келтіру мақсатымен шовинистік, реваншистік үгітті кеңінен өрістетті. Энгельс буланжизмді бонапартизмнің бір түрі деп сипаттап, француз марксистерінен Буланже мен оны жақтаушылардың демагогтық реваншистік ұрандарын батыл әшкерелеуді талап етті. Буланжизмге қарсы күресті Энгельс шовинизм мен милитаризмді мейлінше батыл айыптаумен байланыстырды. Жалпы еуропалық соғыстың болу мүмкіндігі туралы мәселені Энгельс пролетариат мүдделері мен оның револю-

циялық күресінің тұрғысынан қарастырды, бүліншілікке, халық бұқарасының күйзелуіне, реакциялық тәртіптердің нығаюына әкеліп соқтыратын басқыншылық соғысқа қарсы шықты.

1888 жылғы 4 декабрьде және 1889 жылғы 30 апрельде жазылған хаттар тұңғыш рет жарияланып отыр. 1889 жылғы 25 мартта жазылған хат орыс тілінде тұңғыш рет жариялануда. Бұларды баспаға әзірлеген марксизм-ленинизм институтының ғылыми қызметкері Л. Р. Миськевич.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ  
жанындағы марксизм-ленинизм институты

1

ПОЛЬ ЛАФАРГКЕ  
Ле-Перрёде

Лондон, 4 декабрь, 1888 ж.

Қымбатты Лафарг!

Үшінші томның Маркс аяқтай алмай қалдырған өте маңызды тарауын — оның үстіне математикалық тарауын<sup>1</sup> — редакциялауды мен жана ғана бітірдім; осы жұмысты атқарып шығу үшін менің басқа істердің бәрін, әсіресе хат жазысу атаулыны қоя тұруыма тура келді. Менің үндемей келгенімнің себебі міне осы.

Бернштейн Сіздің мақалаңызды Бебельге жіберді, соның пікірін білгісі келеді<sup>2</sup>. Ал маған салсаң, мен Сізге ол мақаланы қайтып ал деп кенес берген болар едім. Сіздің тарихи кіріспе бөлімде айтқаныңыздың бәрі — белгілі нәрселер және де біздің бәріміз ол айтылғандармен келісеміз. Ал Сіз POSSИБИЛИСТЕР туралы айтқан кезіңізде ешқандай дәлелдер келтірместен, оның ешбір егжей-тегжейіне тоқталмастан жай ғана оларды үкіметке сатылып кеткендер деп атайсыз. Егер Сіздің олар жөнінде бұдан басқа айтар ештеңеніз болмаса, онда тегі ештеңе айтпағанның өзі жақсы болған болар еді. Ал егер Сіз, Өзіңіздің айтуыңыз бойынша, олардың муниципалдық советте жасаған барлық онбағандық әрекеттері жөнінде және олардың Еңбек биржасында жасаған былықтары жөнінде айтып берген болсаңыз және, ақырында, олардың сатқындығын дәлелдейтін фактілер мен дәлелдер келтірген болсаңыз, бұл жақсы болар еді. Ал олар сатылып кетті деп жай айта салу ешқандай әсер етпейді.

Бұл мырзалардың сізді буланжистерге сатылып кетті деп жауап беретінін ұмытпаңыз. Сіздің буланжизмге көзқарасыңыз Франциядан тыс жерлердегі социалистердің көз алдында Сізге кесірін тигізгенін мойындамауға болмайды. Сіз радикалдарды<sup>3</sup> жек көргендіктен буланжистердің алдында жалтақтап, қылымсыдыңыз, ал шындығында сіз бұлардың екеуіне де оп-оңай шабуыл жасай алған болар едіңіз, бұл ретте екі ұшты ешнәрсеге жол берместен және екі партияның екеуі жөніндегі өзіңіздің тәуелсіз позицияңызға ешқандай күдік көленкесін түсірместен осылай істей алған болар едіңіз. Сіз сол екі ақымақтық іс жөнінде әсте де таңдау жасамауға тиіс едіңіз, сіз оның екеуін де келемеж ете алған болар едіңіз. Мұның орнына сіз буланжистерге сыпайыгерлік жасадыңыз, тіпті сіз солармен бірлесіп — бонапартистермен және роялистермен байланысты адамдармен бірлесіп. — бұлар, әрине, радикалдарға, Брусс мырзаның<sup>4</sup> одақтастарына тұрарлық адамдар, — болашақ сайлауда ортақ тізімдер жасау мүмкіндігі туралы айттыңыз! Ал егер сізді мінсіздіктің бейнесі болып табылатын бланкистердің, Буланжені де есіркеуші, есіркегенде де Рошфордан<sup>5</sup> алынған ақшаға бола есіркеуші бланкистердің қылығы елтіткен болса, онда сіз бұл «мінсіз адамдарды» білуге тиіс едіңіз ғой, өйткені Лондонда біздің олармен істес болуымызға тура келген болатын.

Сіз солай болуға тиісті дейсіз, халық өзінің арманын адам бейнесіне келтіреді дейсіз; егер бұл осылай болатын болса, онда, демек, француздар бонапартистер болып туғаны ғой, олай болса, Париждегі дүкенді жауып тасталық. Ал тіпті Сіз солай деп ойлағанның өзінде де мұның өзі Сіздің бонапартизмді өз қорғауыңызға алуыңызға негіз бола қоярма екен?

Сіз Буланже соғысты қаламайды дейсіз. Ал әңгіме ол байғұстың неі қалайтындығы туралы болып отыр ма екен! Жағдай неге мәжбүр етсе, ол еріксізден солай істеуге тиісті болады. Өкімет басына келіп алған соң ол өзінің шовинистік программасының, өзінің өкімет басына келуі жөніндегі программасын есептемегенде, оның қолында бар бірден-бір программасының құлы болады. Бір жарым ай шамасында-ақ Бисмарк оны күрделі шиеленістердің, арандатушылықтың, шекара қақтығыстарының, т. т. шырмауына түсіреді, сөйтіп Буланже соғыс жариялауға немесе тұғырынан таяуға тиіс болады; ал оның қайсысын қалап алатынына сіз күмәнданасыз ба? Буланже дегеніңіз — соғыс, бұл мүлде дерлік айқын нәрсе. Және де соғыс болғанда қандай соғыс? Франция Россиямен одақ болады, сөйтіп осы себепті революция жасау мүмкіншілігінен айырылады; Парижде сәл ғана толқулар бола қалса, патша революцияның осы ошағын біржолата мәңгілік тұншықтырып тастау үшін Бисмаркпен келісімге келеді; ол ол ма, егер соғыс бола қалса, патша Францияға әбден қожайын болып алады, сөйтіп сізге өзіне қолайлы үкіметті сыйға тартады. Сонымен, радикалдарды жек көргендіктен Буланженің құшағына кіру — Бисмаркті жек көргендіктен патшаның құшағына кірумен бірдей деген сөз. Сондықтан Гейненің Бланка королевасы айтқандай, мұның екеуі де сасып тұр деу<sup>6</sup> онша қиын болмасқа керек.

Поссибилистер жөнінде Либкнехттың не істей алғанын мен білмеймін. Қалай болған күнде де, біздің Германиядағы партиямыз поссибилистердің конгресіне өкілдер жіберуге қынжыла-қынжыла көнетіндігіне мен кәміл сенемін, ал егер ол осылай ете қалса, онда тек қана сіздің тарапыңыздан болатын дәрекі қателіктердің нәтижесінде ғана солай етеді. Алайда поссибилистердің француз социализмінің ресми өкілдері ретінде сөйлеуге мүмкіндік алғанын ұмытпаңыз; ағылшындардың, американдардың, бельгиялықтардың оларды сондай өкілдер деп танығандығын ұмытпаңыз: Лондон конгресінде<sup>7</sup> олардың голландтармен; және датчандармен ауыз жаласқанын ұмытпаңыз, өйткені онда сіздердің өкілдеріңіз болмады, сіздер шеттетіліп қалдыңыздар. Егер сіз өздеріңіздің 1889 ж. болатын конгрестеріңіз туралы жариялау және оны әзірлеу жөнінде ештеңе істемейтін болсаңыздар, онда жұрттың бәрі бруссистердің конгресіне барады, өйткені шет қалатындардың соңынан ешкім де ермейді. Өздеріңіздің конгрестеріңіз жөнінде жарияласаңыздаршы, сіздердің бар екендеріңізді басқалардың да білуі үшін барлық елдердің социалистік баспасөзінде аздап шу көтерсеңіздерші. Ал егер сіздердің Труадағы съездеріңіз<sup>8</sup> ойдағыдай өтетін болса, — ал оны ойдағыдай болып өтетін ету керек, олай болмаған жағдайда сіздердің партияларыңыздың шаруасы бітеді, — онда ол жөнінде жар салыңыздар, жұмыс істейтін және оны тірек етуге болатын Орталық Комитет құрыңыздар және, егер мүмкін болса, шағын ғана апталық газет ұйымдастырыңыздар, сол арқылы сіздерді дүние жүзі білетін болады. Және де буланжистерден үзілді-кесілді іргені аулақ салыңыздар, бұлай етпесеңіздер сіздерге ешкім де келмейді.

Егер мүмкіндік болса, Либкнехт өз конгресін өткізеді, ал оның қандай конгресс болатыны ештеңе емес, тек қана оның өзі сонда болса болғаны. Ал егер оған сіздердің конгрестеріңіздің табысқа жетуі дүдәмал болып көрінсе, онда ол поссибилистерге барады. Қалғандарын да сақтандыру үшін мен қолдан келгеннің бәрін істеп бағамын; Бебель жөнінде мұны Бернштейн қазірдің өзінде-ақ жасады; поссибилистер жөнінде

«Sozialdemokrat»-қа оның өзі жазады. Бірақ нендей де бір міндеттемелермен партияның қол-аяғын байлауға оның правосы жоқ.

Сізге Либкнехт ештеңе жазды ма және Сіз оған не деп жауап қайтардыңыз? Істің жайын біліп әрекет етуім үшін менің білуім керек болған нәрселер міне осылар.

Бірде жексенбі күні маған Ансель мен Ван-Беверен келді. Ал оларды ертіп келген кім дейсіз ғой? Адольф Смит Хединли<sup>9</sup>. Әлбетте, мен оны дереу қуып шықтым. Осындай ұждансыздықты көз алдыңызға елестетіп көріңіз.

Мұнда Персидің<sup>10</sup> істері онша мәз болып жатқан жоқ; мұның немен тынары жыл аяғына дейін анықталмайды, бірақ менің қаражаттарым жөнінде 1889 жыл айтарлықтай өзгеріс жыл болуы мүмкін. Ал әзірше, сіздің күн көрісіңізге жәрдем ету үшін мен Сізге 15 фунт стерлингтік чек жіберіп отырмын.

Лаураға<sup>11</sup> шын жүректен сәлем айтыңыз. Ним<sup>12</sup> бронхитпен ауырды, бірақ үш аптадан кейін, ақыры, бронхиті кетті.

Сізге шын берілген Ф. Э.

Бірінші рет жарияланып отыр.

Қолжазба бойынша басылып отыр.  
Орысшасы француз тілінен аударылған.

2

ПОЛЬ ЛАФАРГКЕ  
Ле-Перрёде

Лондон, 25 март, 1889 ж.

Қымбатты Лафарг!

Сіз *августа* болатын конгресс туралы сөз етесіз. Ал конференция конгресті *сентябрьдің аяғында* шақыру керек деп қаулы еткені Сізге белгілі. Сізге қайталап айтамын: егер сіз Гаагада<sup>13</sup> жұрттың бәрі мақұлдаған нәрседен бір миллиметрдің миллионнан бір бөлшегіндей шамада ауытқысаңыз, сіз бельгиялықтардың жалтарып кетуіне сылтау тауып бересіз, әне сонда, Сізге Бебельдің айтқанындай, бүкіл істің беделі түседі. Мен немістердің бельгиялықтарды түртпектеуін қатты талап етуге келісемін, бірақ мен сіздер, француздар, барлық басқа жұрт сияқты, конференцияның шешімін шын жүректен мойындағандықтарыңызды ақиқат білген жағдайда ғана әрекет ететін боламын. Олай болмаған күнде маған: қабылданған міндеттемелерді қадірлемейтін адамдарға бола міндеттеме алып аяқ-қолдарыңды байла деп сен бізден қалайша талап ете аласың деулері мүмкін және бұлай деулерінің жаны да бар.

Сонымен: не сіздерде Гаагада ұйғарылғандай конгресс болады, не сіздерде ондай конгресс мүлде болмайды. Сондықтан сіздердің, париждіктердің қабылданған шешімдерге ашықтан-ашық, күлтелектемей қосылғандықтарыңызға көзім жеткен күні, нақ сол күні мен әрекет ете алатын боламын және әрекет етемін де.

Мәселе қайсысы жақсы — август жақсы ма әлде сентябрь жақсы ма — дегенді білуде емес, мәселе шешілген, сондықтан ол мәселені қайта көтеру — поппилистердің жеңіске жетуіне мүмкіндік беру деген сөз.

Буланжеге келетін болсақ, сіздердің оған төзіп шыдай тұруларыңызға тура келетіндігіне және ана ақымақ Рошфор, егер ол нағыз жексұрын сұмырай болып кетпесе, өзінің барлық атқарған қызметіне алған сыйлығы ретінде тағы да Каледониядан барып шығатындығына мен өзім бүтіндей дерлік сенемін. Француздарда кей-кейде бонапарттық елігулер болып тұрады және де қазіргі елігуі бұдан бұрынғы елігуден әлдеқайда ұятырақ. Олардың өз қылықтарының зардаптарын

тартуына тура келеді, бұл — тарих заңы және де олар өздерінің ұлы революциясының<sup>14</sup> жүз жылдық мерекесі күндерінде, сірә, осындай зарлаптарды көріп те отырған болу керек. Міне тарихтың тарихы деп сол революцияны айт! Франция әлгі айтылған авантюристің алдында тізе бүге отырып, революция мерекесін қалай мейрамдап жатқанын көру кандай тамаша көрініс десенізші! Бұны көруге бүкіл дүние жүзін шақыруда.

Күмән жоқ, ол финанс аристократиясының қан-сөлін сығып алады, алайда мұны істегенде ол өзінің диктатура жолындағы күресіне байланысты пайда болған қарыздарын өтеу үшін және өз бандасына сыйлық беру үшін ғана істейді. Сөйтіп финанс аристократиясының ақшасы жетпей қалады. Маркстің Бустрапа<sup>15</sup> туралы айтқанындай, ол бүкіл Францияны француз ақшасына сатып алу үшін бүкіл Францияны ұрлауға тиіс болады<sup>16</sup>. Ал сіздерді ше, сіздерді ол жаныштап таптайды.

Соғысқа келетін болсақ, мен үшін бұл — болуы мүмкін өте сұмдық нәрсе. Әйтпесе мен Франция ханымның назына пысқырып та карамаған болар едім. Алайда 10 миллионнан 15 миллионға дейін ұрысқа қатысушылары болатын бұл соғыс; осыларды асырап-сақтау үшін ғана құлақ естіп көрмеген күйзеліс жасайтын соғыс; біздің қозғалысымызды күштеп, жаппай басып-жаншуды, барлық елдерде шовинизмді өршітетін және ақыр аяғында 1815 жылдан кейінгі жерде болған әлсіреуден он есе жаман әлсіреушілік туғызатын, мүлде қансыраған барлық халықтардың күйзелуіне негізделген реакция дәуірін туғызатын соғыс, — осы айтылғанның бәрі осы кескілескен сұрапыл соғыс революцияға әкеліп соқтырады деген мүлде мардымсыз үмітке карама-қарсы нәрсе, — міне осы соғыс менің зәремді ұшырады. Әсіресе біздің Германиядағы қозғалысымыз үшін өте қатерлі, бұл қозғалыс күшпен қиратылып, басып-жаншылып, талқандалған болар еді, ал бейбітшілік бізді даусыз дерлік жеңіске жеткізер еді.

Ал Франция өзінің бірден-бір одақтасы Россияны Бисмарктың күшағына апарып тықпайынша және коалицияның өзін езіп-жаныштауына мүмкіндік бермейінше бұл соғыстың кезінде революция жасай алмайды. Сәл ғана революциялық бой көрсету Отан алдында опасыздық жасағандық болар еді.

Онда орыс дипломатиясы қандай күлер еді!

Сізге шын берілген Ф. Э.

Бірінші рет мына кітапта жарияланған.  
F. Engels, P. et L.  
Lafargue. — «Correspondance»,  
t. II, Paris, 1956.

Қолжазба бойынша басылып отыр.  
Орысшасы француз тілінен аударылған.  
Орыс тілінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

### 3

#### ПОЛЬ ЛАФАРГКЕ Ле-Перрёде

Лондон, 30 апрель, 1889 ж.

Қымбатты Лафарг!

Мен көріп отырмын, «Дюшен атай»<sup>17</sup> бүгін таңертенгісін қатты ызаланып, тіпті жұрттың істемеген ісі үшін олардың бәрін ақымақсындар деп бәлағаттап жүр. Ең жақсысы, осы тәп-тәуір жігіт өз төнірегіне жақсылап көз салса және үш «Egalite» мен бір «Socialiste»<sup>18</sup>-ның құрып кетуіне мүмкіндік берген, сөйтіп сіздің партияңыздың халықаралық көлемде өмір сүруін тоқтатқан адамдарды, — өйткені басқа партиялармен қарым-қатынаста жасай алмайтын, өзінің өмір сүріп отырғандығын да дәлелдей алмайтын партия басқалар үшін өмір сүруден қалады, — міне осындай адамдарды не деп атауға болады деп өзіне сұрақ қойса дұрыс болар еді.

Алайда мұны былай қоя тұралық. Сонымен, сіз бельгиялықтардың қылығы<sup>19</sup> сіздерге толық қимыл бостандығын қайтарып бергенін көрмей отырсыз ба? Қазір сіздер, егер өздеріңіз солай деп қаласаныздар, өздеріңіздің конгрестеріңізді өздеріңізге неғұрлым қолайлы болып табылатын күні — 1 июльде, 14 июльде немесе 1 августа шақыра алатындарыңызды көрмей отырсыз ба? Егер сіздер дәйектілікпен қимыл жасайтын болсаңыздар және, әлбетте, қажетті шығындар шығаруға әзір тұрған, өз сондарыңыздан еретін партияларыңыз болса, жоғарыда айтылған бағытта әрекет ету әсте де кеш емес екендігін көрмей отырсыз ба?

Мен Бебельге: әрекетсіз отыра беріндер деп сіздерге бұдан әрі кенес бере алмаймын деп, сіздердің шағым етуге қақыларыңыз болды, өйткені барлығымыздың тарапымыздан да қателер жіберілді деп жазып жібердім. Бұл кеше болған еді, ал бүгін ол маған: голландтар бельгиялықтардан үлгі алып, екі конгрестің екеуіне де делегаттар жібергісі келеді деп жазыпты. Ауэр мен Шиппель карама-қарсы мағынада пікір айтқанына карамастан (Бонье олардың екеуіне де жауап қайтарыпты)<sup>20</sup> немістер POSSИБИЛИСТЕРДІҢ конгресіне бармайды деп; ол, Бебель, сіздердің конгрестеріңізге делегация жіберуді жақтайтындығын, конгресті августа шақыруды ұсынатындығын; бірақ түпкілікті шешім қабылдау үшін депутаттардың жиналуы керек<sup>21</sup>, ал мұны өткізу рейхстагты шақырғанға дейін — 7 майға дейін мүмкін емес деп жазыпты.

Алайда сіздер осы күнге дейін тым көп күттіңіздер, сондықтан қазір сіздер нәтижесі қандай болатыны белгісіз 7 майды күтіп отыра алмайсыздар. Сөйтіп, мен, сірә, сіздер өз пікіріңізге сүйеніп енді әрекет ете беретін болады деп Бебельге жазып жіберемін және егер сіздердің конгресс өткізу үшін тандап алған мерзімдеріңіз олар үшін онша қолайлы болмаған жағдайда асығыс шешімдер қабылданып кетпеуін қадағала деп одан сұраймын.

Немістердің ұстамдылығының өте бір мәнді негізі бар. Бірнеше күннен кейін Бармен—Эльберфельдтің 128 социалисті жөніндегі монстр процесі болады<sup>22</sup>, айыптау актісінде прокурор былай дейді: 128-ді соттағаннан кейін және рейхстагты жапқаннан кейін мен партияның барлық депутаттарын бұлар Германияда кен тараған құпия социалистік қоғамның орталық комитеті болып табылады деп айыптайтын боламын дейді. Мұның өзі осы уақытқа дейін күтіліп келген, бізге қарсы жасалатын ең хауіпті соққы. Айыптау пункттерінің бірі — Виден мен Санкт-Галленде съездер шақырылуы. Бұл бізге осыдан 5 немесе 6 апта бұрынақ белгілі болды, сондықтан осындай айып тағуға жаңадан желеу беріп қоямыз ба деп қорқушылық Бебельдің іс-әрекетіне тұсау болды.

Голландтардың әрекетіне келетін болсақ, Ньювенгейстің Гаагада өзін қалай ұстағандығын көргенімізден кейін маған ол әрекеттер аздап күдіктілеу болып көрінеді<sup>23</sup>.

Бернштейн егер екі конгресс бір мезгілде мәжіліс өткізетін болса, мұның өзі осы конгрестерді біріктіруге сөзсіз бастап әкелетін жағдай жасауға, әсіресе шетел делегациялары арасында осындай жағдай жасауға жеткілікті жәйт болады деп есептейді. Төрелігін өзіңіз айтыңыз, осы көзқарас дұрыс па; қалай болған күнде де, тіпті мұндай бірігу бола қалғанның өзінде де, сіздің конгресіңіз *ана конгрестің бүкіл құрамының шақыруы бойынша және әрбір конгресс мандаттарды өз алдына жеке-жеке тексеріп шыққаннан кейін* ол конгреске оп-оңай қосылып кете алған болар еді. Егер сіздер ұлт принципі бойынша дауыс беруге өз еріктеріңізбен келісетін болсаңыздар, конгрестің суверенитеті аман сақталып қалады.

Мұнымен бірге Бернштейн маған былай деді: Германияда сіздердің конгрестеріңіздің пайдасына насихат жүргізу үшін «Sozialdemokrat» депутат мырзаларға карамастан қолдан келгеннің бәрін істейді; ол бы-

лай дейді: тәуелсіз саясат, — оларға өздерінің органы болып есептелетін «Sozialdemokrat»-тың күшін жоюға мүмкіндік берерліктей саясат, — жүргіз деп менен жиі талап етіп отырды, сондықтан мен бұл жолы да олардың тілегін осылайша қанағаттандырамын дейді. Әлбетте, мұның өзі депутаттар тарапынан ресми мақұлдамаушылыққа әкеліп соқтыруы мүмкін, бірақ оған дейін талай уақыт бар ғой!

Сонымен, менің пікірім: өздеріңіздің комиссияларыңызды<sup>1</sup> шақырыңыздар, конгресті шақырыңыздар, қазіргі жағдайда өздеріңіз неғұрлым қолайлы деп есептейтін мерзімді белгіленіздер, конгресс шақыру туралы үндеуді әзірленіздер, оны Лаура ағылшын тіліне аударалы, ал мен неміс тіліне қуана-қуана аударып беремін. Біз мұның бәрін келесі аптаға дейін бітіреміз: ал егер бұл уақыттың ішінде басқа хабарлар болып, ұсақ-түйек өзгерістер жасайтындай болса, біздің әлі де уақытымыз болады. Бүкіл істі ұйымдастырғанда сіздің үндеулеріңіз француз тілінде келесі аптаның аяғына дейін басылып шығып, дереу таратылатындай етіп ұйымдастыру керек. Қажетті адрестерді мен сізге жіберемін. Ағылшын тілі мен неміс тілінде осында бастырамыз. Конгресс шақырудың дәл мерзімі белгіленісімен-ақ тағы да айтыстар басталады, ал біз олайтыстарды өршіте түсетін боламыз.

Конгресс шақыру жөніндегі өздеріңіздің үндеулеріңізде сіздер конгрестің суверенитетін және өздеріңіз ұсынып отырған күн тәртібінің мүлде уақытша ғана нәрсе екенін баса көрсетуге тиіссіздер. Өкілдер жіберу принципін де ұсыну дұрыс болар еді, айталық, жергілікті топтан бір-бір делегаттан жіберу керек, әлбетте, олар кейіннен конгресте бекітілетін болады деп көрсету керек. Қалғандары өзінен өзі бола жатар еді, мәселен, егер провинциалдық топтар бір-бір делегаттан жіберген жағдайда Париж тобынан үш немесе төрт делегат болар еді. Белгілі бір принципті ұсына отырып, сіздер басқаларды өз пікірін білдіруге мәжбүр етесіздер.

Іске жұмылыңыздар! Сіздердің алдарыңызда әлі бакандай екі ай бар, бұл уақыт бәріне де жетуге тиіс. Конгресс шақыру жөніндегі сіздердің үндеулеріңіз ымыраластырушы үндеу болатын болсын — POSSIBILITY кұрғақ уәде беруден аянбайды, сондықтан сіздер мұны неғұрлым көп пайдалансаңыздар, соғұрлым жақсы. Үміт нышаны болып тұрған кезде біз басқалардың барлық талабына кеңшілік жасадық, ал қазір инициатива көрсетуге біздің толық правомыз бар деп айтуға сіздердің әбден қақыларыңыз бар. POSSIBILITY мерейі үстем болуына желеу бермеу үшін бельгиялықтардың опасыздығы жөнінде мүмкін қадерінше сыпайылап айтыңыздар. Қалай дегенде де, бұл жолы бельгиялықтардың маскара болғаны айдан айқын. Болашақта олар енді ешкімді алдамайтын болады.

Сізге шын берілген Ф. Э.

Бірінші рет басылып отыр.

Қолжазба бойынша басылып отыр.  
Орысшасы француз тілінен аударылған.

#### ЕСКЕРТУЛЕР

<sup>1</sup> Бұл кезде Энгельс К. Маркстің «Капиталының» III томын баспаға әзірлеумен шұғылданған болатын. Бұл арада әңгіме I бөлімнің 3-ші тарауы туралы болып отыр.

<sup>2</sup> П. Лафаргтың Лондонда Бернштейннің редакциясымен шығып тұрған неміс газеті «Sozialdemokrat»-та бастыруға ұйғарылған және POSSIBILITY мерейі әшкерелеуге арналған мақаласы жарияланған жоқ.

<sup>3</sup> Радикалдар — Францияда 80—90-шы жылдары болған, бірсыпыра буржуазиялық-демократиялық талаптарды қорғаған парламенттік топ. Сайлаушылардың көпшілігін өз жақтарына тарту мақсатымен радикалдар сондай-ақ жұмыс күніне шек қояды, мүгедектерді пенсиямен қамтамасыз етуді және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы басқа да шараларды жақтап шықты. Радикалдардың басшысы Клемансо болды.



<sup>4</sup> Б р у с с , Поль (1854—1912)—ұсақ буржуазияшыл француз социалисі, Париж коммунасына қатынасқан адам; Коммуна басып-жаншылғаннан кейін эмиграцияда болған, анархистерге қосылған; 1879 жылы Француз жұмысшы партиясына кірген; Франциядағы социалистік қозғалыстағы оппортунистік ағымының — поссибилизм басшыларының және идеологтарының бірі. Кейде осының есімімен поссибилистерді бруссистер деп те атаған.

<sup>5</sup> Р о ш ф о р , Анри (1830—1913)—француз журналисі, жазушы және саяси қайраткер; солшыл республикашыл, ұлттық қорғаныс үкіметінің мүшесі; Париж коммунасы басып-жаншылғаннан кейін Жаңа Каледонияға жер аударылған; 80-ші жылдардың аяқ кезінде Буланженің ең жақын достарының және жақтастарының бірі болған.

<sup>6</sup> Г е й н е . Диспут («Романсеро» циклінен). Гейне өлеңінің кейіпкері королева Бланка діни диспутқа қатынасушы екі адам туралы — напудин-монах пен ғалым-раввин туралы осылай деген.

<sup>7</sup> Кәсіподақтардың Лондондағы халықаралық конгресі 1888 жылғы ноябрьде болған, оның бастаушылары ағыпшын тред-юниондары болды. Кәсіподақтардың ресми өкілдігі болуы керек дегенді осы конгреске қатынасудың шарты етіп қойып, Лондон конгресін ұйымдастырушылар социалистерге қарсы ерекше заң жағдайларында әрекет еткен герман және австриан социал-демократтарын, сондай-ақ француз марксистерін конгреске қатысу мүмкіндігінен осылай айырды. Конгреске Англия, Голландия, Дания, Италия кәсіподақтарының және поссибилистерге қосылған француз синдикаттарының өкілдері қатынасты. Конгресс 1889 жылы Парижде халықаралық жұмысшы конгресін шақыру туралы шешім қабылдады; бұл конгресті ұйымдастыру ісі поссибилистерге тапсырылды.

<sup>8</sup> Француз Жұмысшы партиясының Труадағы съезі 1888 жылы декабрьде болды. Оны ұйымдастырушылар — жергілікті партия қайраткерлері съезге поссибилистерді де, сондай-ақ марксистерді де шақырды. Марксистер басым болып кетеді деп хауіптенген Париж поссибилистері съезге қатынасудан мүлде бас тартты. Съезд 1889 жылы Парижде халықаралық социалистік конгресс шақыру туралы шешім қабылдады.

<sup>9</sup> А н с е л ь , Эдуард (1856—1938)—Бельгия социалисі, реформист, Бельгияның жұмысшы партиясының негізін қалаушылардың және басшыларының бірі; кейіннен II Интернационалдың оппортунистік қанатының белсенді қайраткері. В а и - Б е в е р е н , Эдмон — Бельгия социалисі. С м и т Х е д и н л и , Адольф — ағылшын социалисі, журналист, Социал-демократиялық федерацияның мүшесі; француз поссибилистерімен жақын болған; Маркске және оның серіктеріне қарсы жалақорлық мақалалар жазған.

<sup>10</sup> Р о ш е р , Перси — Энгельстің жиен қарындасының күйеуі.

<sup>11</sup> Лаура Лафарг (1845—1911)—француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркстің екінші қызы, П. Лафаргтің әйелі.

<sup>12</sup> Н и м — достары мен жақындары Елена Демутты (1823—1890) осылай деп атаған, ол жас кезінен бастап Маркстің семьясында, ал ол өлгеннен кейін Ф. Энгельстің үйінде тұрған.

<sup>13</sup> Әңгіме социалистердің Гаагада болған халықаралық конференциясы туралы болып отыр. Германияның, Францияның, Бельгияның, Голландияның және Швейцарияның социалистік қозғалысының өкілдері қатынасқан бұл конференция 1889 жылғы 28 февральда болды. Бұл конференцияны Энгельстің ұсынысы бойынша герман рейхстагының социал-демократиялық фракциясының өкілдері Парижде болатын Халықаралық социалистік жұмысшы конгресін шақыру шарттарын әзірлеу мақсатымен шақырған болатын. Өздерін шақырғанына қарамастан поссибилистер конференцияға қатынасудан бас тартты және онан соң оның шешімдерін мойындамады. Конференция конгрестің праволары мен күн тәртібін анықтады және конгресті шақыру мерзімін 1889 жылғы сентябрь деп белгіледі.

<sup>14</sup> 1889 жылы Парижде XVIII ғасырдың аяқ кезінде болған Ұлы Француз революциясының жүз жылдық мерекесі салтанатпен өткізілді.

<sup>15</sup> Б у с т р а п а — Луи Бонапарттың (Наполеон III-нің) Булонь, Страсбург, Париж қалалары аттарының бірінші буындарынан құралған есімі. Бұл есім оның Страсбург (1836 жылы) пен Булоньда (1840 жылы) бонапартистік көтеріліс шығармақ болып жасаған әрекеттеріне, сондай-ақ Парижде 1851 жылғы 2 декабрьде болған, Францияда бонапартистік диктатураның орнауына әкеліп соқтырған мемлекеттік төңкеріске мезгейді.

<sup>16</sup> М а р к с . Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалары, I том, 317-бет).

<sup>17</sup> Энгельс П. Лафаргті «Дюшен атай» деп сықақтап айтып отыр. Франция халқы бейнелеген «Le Père Duchêne» («Дюшен атай») деген бейнелі атпен әр кездерде бірнеше саяси-сатиралық газеттер шығып тұрды. 1793—1794 жылдары болған Ұлы Француз революциясы дәуірінде, 1848 жылы, революция заманында, сондай-ақ 1871 жылы, Париж коммунасы дәуірінде шығып тұрды. Саяси бағыты әр дәуірде түрліше бола тұрса да, ол газет әрбір кезеңде халық бұқарасының көңіл-ауанын білдіріп отырды.

<sup>18</sup> Энгельс бұл арада гедистердің «Egalite» және «Socialiste» газеттерін жабудан сақтап қала алмағанын білдіріп отыр. «Egalite» — апталық социалистік газет, мұны 1877 жылы Ж. Гед құрған болатын; үзілістері бола жүріп, бес түрлі сериямен 1883 жылға дейін шығып тұрды. 1886 жылы «Egalite»-ні қайта шығару жөнінде әрекет жасалды, бірақ оның бір ғана номері шықты. Газетті шығару ісін қалпына келтіру жөнінде 1889 жылы

# ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

## Павлодар облысының бастауыш ұйымдарында партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасы туралы

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Павлодар облысының бастауыш ұйымдарында партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасы туралы мәселе қарады. Бұл жөнінде қабылданған қаулыда Орталық Комитет Павлодар облысы партия ұйымдарының партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу мәселесіне көбірек көңіл бөле бастағанын, бірсыпыра ұйымдарда жиналыстың коллективтік басшылық органы ретіндегі ролі күшейіп, іс жүзінде коммунистер мен партияда жоқ бұқараны тәрбиелеу мектебіне айналғанын атап өтті.

Сонымен бірге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті көптеген бастауыш партия ұйымдарында партия жиналыстарының ролі мен маңызы әлі де жете бағаланбай келеді, көп жерде партия жиналыстары коммунистердің белсенділігін күшейтіп, бүкіл партиялық жұмыстың дәрежесін арттыру құралына айналмай отыр деп санайды. Қайсыбір партия ұйымдарында жиналыстар жеткілікті әзірліксіз, қалай болса солай өткізіледі, коммунистер белсенділік көрсетпейді. Кейде жиналыстың күн тәртібі, болатын күні коммунистерге алдын ала хабарланбайды, соның салдарынан коммунистердің қаралатын мәселе жөнінде кеңірек ойланып, толғануына, пікір айтып, ұсыныстар жасауына, әзірленуіне мүмкіндіктері болмай қалады.

Ермак, Ертіс, Успенский, Железинский аудандарының, Павлодар қаласының бірсыпыра партия ұйымдарында партия жиналыстарын өткі-

(Басы 16 бетте).

үшінші рет тағы бір мәртебе әрекет жасалды, бірақ ол бір айға жетер-жетпес уақыт қана шығып тұрды. «Socialisten» — апталық газет, оны 1885 жылы Парижде Ж.Гед құрған болатын; жұмысшы партиясының органы ретінде шығып тұрды, бірақ 1888 жылдан бастап шықпай қалды. Газет 1890 жылы ғана қайта шығарыла бастады.

<sup>19</sup> Бельгия жұмысшы партиясының 1889 жылғы 22 апрельде Жолимонда болған съезі марксистер шақыратын Халықаралық социалистік жұмысшы конгресіне де, сондай-ақ POSSИБИЛИСТЕР шақыратын конгреске де делегаттар жіберу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім оппортунистер мен ымырашылдардың ықпалымен қабылданды.

<sup>20</sup> Неміс социал-демократтары, оппортунистер Ауэр мен Шиппель POSSИБИЛИСТІК конгреске қатысуды жақтап, Германияның партиялық баспасөзінде мақалалар жазды. Боньенің осы мақалаларға берген жауабы туралы айтқанда Энгельс, сірә, оның «Халықаралық жұмысшы конгресі туралы мәселе жөнінде» деген, «Berliner Volksblatt» газетінің 1889 жылғы 26 апрельдегі 97-номерде жарияланған мақаласын айтып отырған болу керек.

<sup>21</sup> Германияда социалистерге қарсы ерекше заң қолданылып отырған жағдайларда рейхстагтың социал-демократиялық фракциясы партия басқармасының міндетін атқарды.

<sup>22</sup> Жұмысшы қозғалысының өріс алуынан үрейі ұшқан өкімет орындары айыпталғандардың едәуір бөлегіне қарсы соттың құғындауын тоқтатып, процесті кейінге қалдырды. Эльберфельд процесі 1889 жылғы ноябрьде ғана болды.

<sup>23</sup> Әңгіме Гаага конференциясы туралы болып отыр. Конференцияға қатысушылардың кейбіреулері, оның ішінде Голландия социал-демократиялық партиясы басшыларының бірі Ньювенгейс те POSSИБИЛИСТЕР жөнінде ымырашылдық ниетте болды.

<sup>24</sup> Халықаралық социалистік жұмысшы конгресін шақыру жөніндегі Париж ұйымдастыру комиссиясы айтылып отыр; комиссия француз марксистерінің инициативасы бойынша құрылған болатын.

(«Вопросы истории КПСС» журналы № 6, 1965 ж.)

зудің уставтық мерзімдері сақталмайды. Ермак ауданындағы 47 бастауыш партия ұйымының 29-да ғана жиналыс ай сайын өткізіледі, ал қалған ұйымдарда екі-үш айда бір-ақ рет жиналыс болады. Мұның өзі партиялық ішкі демократияның тежелуіне, партия жиналысының коммунистерге тәрбиелік ықпалының әлсіреуіне әкеліп соқтыруда.

Көптеген партия ұйымдарында жиналыстың күн тәртібін дұрыс белгілеуге жеткілікті көңіл бөлінбейді. Өнеркәсіп орындарының, совхоздар мен колхоздардың партия ұйымдарының көбісінде негізінен жалпылама шаруашылық мәселелер талқыланады, соның өзінде олар партиялық тұрғыдан, адамдарға саяси ықпал жасау тұрғысынан емес, өрісі тар, өндірістік-техникалық тұрғыдан ғана қаралады. Мұндай жиналыстың іс жүзінде кәдімгі өндірістік кенестерден ешқандай айырмасы болмайды. Ал соның бержағында партия жиналыстарында коммунистердің КПСС Уставының талаптарын орындауы, олардың тапсырылған іске жеке жауапкершілігін арттыру мәселелері, партиялық және мемлекеттік тәртіптің, адамдармен саяси жұмыстың жайы туралы, адамдарға ойдағыдай тұрмыстық-мәдени жағдай жасау туралы және ұйымдық-партиялық, идеологиялық жұмыстың басқа да маңызды мәселелері өте сирек талқыланады. Бірсыпыра аудандық, қалалық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарына пәлендей мәселені талқыла деп мүлде орынсыз міндеттейді, сол арқылы партия ұйымының ішкі өміріне байланысты мәселелерді жиірек көтеріп, көбірек талқылауына кедергі жасайды.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті көптеген партия комитеттерінің, бастауыш ұйым бюросы мен секретарьларының партия жиналысының идеялық дәрежесін арттыруға жөнді қамқорлық жасамайтынын, кейбір жағдайда баяндамашылар іріктеуге, баяндамаларды дайындауға үстірт қарайтынын, соның нәтижесінде кейбір баяндамаларда істің нақты жағдайына терең талдау жасалмай, партия ұйымының ерекшеліктері мен нақты міндеттері жан-жақты көрсетілмей, жалпылама болып шығатынын атап көрсетті. Партия жиналыстарында қаралатын мәселелерді әзірлеуге коммунистер аз қатыстырылады. Осының бәрі мынаған әкеліп соқтыруда: бастауыш партия ұйымдарында жиналыста сирек сөйлейтін, мәселелерді талқылауға белсенді қатыспайтын коммунистер бар. Павлодар ауданындағы № 499 совхоздың партия ұйымында КПСС-тің 68 мүшесі мен мүшелікке кандидатынан 45 коммунист соңғы бір жарым жылдың ішінде бірде-бір жиналыста сөйлемеген, ал 16 коммунист бір-бір реттен ғана сөйлеген. Екібастұз қаласында тексерілген 7 бастауыш партия ұйымында 272 коммунист бір жарым жыл бойына жиналыста сөйлемеген.

Бірсыпыра бастауыш партия ұйымдарында коммунистердің жиналысқа белсенді қатысып, мәселелерді еркін, іскерлікпен талқылауына жағдай жасалмайды, сын мен өзара сын өрістетілмейді, кей жерлерде сынға қысым жасау, коммунистердің сын ескертпелері мен ұсыныстарына теріс қарау фактілері бар. Көп жағдайда жиналыстың қаулылары асығыс қабылданады, оларда коммунистердің нақты міндеттері көрсетілмейді, қаулының орындалу мерзімі, оған жауапты нақты адамдар белгіленбейді. Қабылданған қаулының орындалуына бақылау нашар. Бастауыш партия ұйымдарының көпшілігінде алдыңғы қабылданған шешімдердің қалай орындалып жатқаны коммунистерге хабарланып тұрмайды.

Бірсыпыра бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жиналысты әзірлеуге байланысты ұйымдық мәселелерге жеткілікті көңіл бөлмейді. Партия жиналыстарының президиумына негізінен басшы қызметкерлер ұсынылады, жиналыс басқаруға қатардағы коммунистер қатыстырылмайды десе де болғандай. Жиналыстарда жұмыс жүргізу тәртібі жиі бұзылады. Кейбір партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттар

«қолымыз тимейді» деген сылтаумен, кейде тіпті ешбір дәлелсіз-ақ жиналыстарға қатыспайды. Қайсыбір бастауыш партия ұйымдарында жиналыс протоколдары қалай болса солай жазыла салады.

Партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасындағы бұл кемшіліктердің бәрі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында атап көрсетілгеніндей, мына себептен болып отыр: облыстық, қалалық, кейбір аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарына әлі де болса нашар басшылық жасайды, партия жиналыстарының ролін бағаламау, кемсіту фактілеріне төзімділік жасайды, партия ұйымдарының секретарьларын нашар үйретеді. Бюро мәжілістерінде бұл мәселелер тіпті қаралмайды десе де болғандай. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен бөлім меңгерушілері партия жиналыстарында сирек болады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Павлодар облыстық, қалалық партия комитеттеріне, аудандық партия комитеттеріне, парткомдарға, бастауыш партия ұйымдарының бюролары мен секретарьларына аталған кемшіліктерді тез жойып, партия жиналыстарының коллективтік басшылық органы ретіндегі ролін көтеруді, сөйтіп олардың шын мәнісінде коммунистерді тәрбиелеу мектебіне, бүкіл партиялық жұмыстың дәрежесін арттыру, еңбекшілерді шаруашылық-саяси міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдыру құралына айналдыруды міндеттеді.

Облыстық партия комитеті партия жиналыстарын басқару және өткізу ісіне қалалық, аудандық партия комитеттерінің, парткомдардың, бастауыш партия ұйымдары бюролары мен секретарьларының жауапкершілігін күшейтіп, әрбір жиналыстың мұқият әзірлікпен өтуін, коммунистер талқысына неғұрлым маңызды да көкейкесті мәселелердің салынуын қамтамасыз етуге міндетті. Бастауыш партия ұйымдарының нақты жұмыс ерекшеліктерінен туатын ең маңызды өндірістік мәселелермен қатар партиялық тәртіптің жайы, коммунистердің КПСС Уставының талаптарын орындауы, олардың тапсырылған іске жеке жауапкершілігін арттыру туралы, коммунистік моральдың принциптері мен нормаларын сақтау туралы, адамдармен саяси жұмыс жүргізу, коммунистерді идеялық жағынан тәрбиелеу, еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсету ісін жақсарту туралы және басқа жалпы саяси, ішкі партиялық және идеологиялық мәселелерді де жиі-жиі коммунистер талқысына салып отыру керек. Мұндай мәселелерді талқылаған кезде оның өзін әрбір коммунистің өз борышын, коммунистік құрылыстағы ролін тереңірек түсінуіне, еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігін оған сайын арттыруға, мемлекеттік жоспарлар мен тапсырмаларды ойдағыдай орындауға, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтуға игі ықпал жасайтындай етіп ұйымдастыру қажет.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті кейбір партия ұйымдарында жиналыстардың екі-үш айда бір-ақ рет шақырылуын, сөйтіп КПСС Уставы талаптарының бұрмалануын мүлдем дұрыс емес деп тауып, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттеріне барлық бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарды уақтылы өткізуін қатаң бақылап отыруды міндеттеді. Орталық Комитет цехтық партия ұйымдары мен партия топтарында партия жиналыстарын мұқият әзірлеу және өткізу ісіне, әрбір жиналысты партиялық жұмыстың жайын жақсартуға, әрбір учаскеде коммунистердің өндірістік және саяси белсенділігін арттыруға көмектесетіндей етіп ұйымдастыруға мықтап назар аударды. Партияда жоқ еңбекшілерді қатыстыра отырып, октын-октын ашық партия жиналыстарын өткізу әдісін жиірек қолданып, бұқараның ақыл-кеңесіне, ұсыныстарына мұқият құлақ асып отыру керек.

Қалалық, аудандық партия комитеттері, парткомдар, бастауыш партия ұйымдарының бюролары мен секретарьлары партия жиналыста-

рының идеялық дәрежесін арттыруға ұдайы қамқорлық жасап, баяндамаларды сапалы әзірлеуге, олардың нақты, әсерлі болуын, кәсіпорындағы, совхоздағы, колхоздағы, мекемедегі, оқу орнындағы істің нақты жағдайына терең талдау жасалып, партия ұйымының міндеттері дұрыс белгіленуін қамтамасыз етуге мұқият көңіл бөлуге тиіс. Баяндамашылар ретінде басшы қызметкерлермен қатар неғұрлым белсенді өндіріс озаттарын, мамандарды, қатардағы коммунистерді жиірек тартып, олардың баяндаманы ұқыпты әзірлеуіне көмектесіп отыру керек.

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері партиялық ішкі демократияны онан сайын өрістетуге, партия жиналыстарын шын мәнісінде парткомдардың, бастауыш партия ұйымдарының бюролары мен секретарьларының, барлық коммунистердің жұмысын күнбе-күн бақылайтын пәрменді құрал етуге мейлінше қамқорлық жасауға міндетті. Әрбір бастауыш партия ұйымында сын мен өзара сынды өрістетуге үшін, мәселелерді іскерлікпен талқылау үшін жағдай туғызып, сынға қысым жасау, сын үшін қудалау фактілерінің болмашы көріністерінің өзіне батыл тойтарыс беріп отыру қажет. Барлық коммунистер өз ұйымының қожасы сезінетіндей, өздерінің партия және шаруашылық өмірінің алуан саласындағы жұмысты жақсартуға бағытталған ой-пікірлері мен ұсыныстарын батыл да ашық айта алатындай жағдай жасау керек.

Партия жиналыстары шешімдерінің мазмұны мен сыйпатын жақсартуға мықтап көңіл бөліп, ол шешімдер қысқа әрі нақты болатындай, белгілі жұмыс учаскесіндегі істің жағдайына жан-жақты да әділ баға берілетіндей, барлық коммунистердің міндеттері, жұмысты жақсарту шаралары айқын белгіленетіндей, қабылданған қаулының орындалу мерзімі, оны орындауға жауапты адамдар нақты тағайындалатындай дәрежеге жету керек. Қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды күшейтіп, ол үшін коммунистердің жеке жауапкершілігін арттыру қажет. Партия жиналысының әрбір шешімін партия комитеттері, бастауыш партия ұйымының бюросы, әрбір коммунист мүлтіксіз орындауға тиіс, партия жиналысының шешімін орындамайтын, партиялық коллективтің пікірін менсінбейтін адамдарды қатаң тәртіпке шақырып отыру қажет.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Павлодар облыстық, қалалық партия комитеттеріне, аудандық партия комитеттеріне партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу ісінде бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына ұдайы көмек көрсетіп отыруды, олармен семинарлар өткізіп, бұл жөніндегі құнды тәжірибені қорытып, таратып отыруды міндеттеді. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, бюро мүшелері, бөлім меңгерушілері мен аппарат қызметкерлері партия жиналыстарына жиі қатысып, коммунистердің сын ескертпелеріне, ұсыныстары мен ой-пікірлеріне мұқият қарауға, жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін дер кезінде шара қолданып отыруға тиіс.

# КОММУНИЗМНІҢ ЖАС КҮРЕСКЕРЛЕРІН ШЫҢДАП ӨСІРЕЙІК

Ө. ЖӘНІБЕКОВ,

*Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші секретары*

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин 1920 жылы Россиялық Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық III съезінде сөйлеген сөзінде жастар одағының міндеттерін жан-жақты көрсете келіп: «Коммунистік жастарға тәрбие беру оларға әртүрлі тәтті сөздер сөйлеп, адамгершілік туралы ережелерді ұсынуда болмауы керек. Тәрбиенің мәні онда емес... Коммунистік адамгершіліктің негізі — коммунизмді нығайту және аяқтау үшін күресу. Міне, коммунистік тәрбиенің, оқу-білімнің негізі де осы» деген еді. Ильич осы сөзінде жастарға «оқы, оқы және оқы» деп ұстаздық дана ақыл айтқан болатын. Ұлы көсеміміз жастардың білім алуына, оқуына осыншама көңіл бөлгенде бұл ұғымға ерекше көлемді де терең мағына берген-ді. Мектеп қабырғасында оқып, білім алуды ғана емес, жана қоғамның биік саналы, жоғары идеялы құрылысшысын тәрбиелеуді де үйренуді мегзеген болатын.

Кеменгер ұстазымыздың бұл данышпандық нұсқауын басшылыққа ала отырып, комсомол сан миллиондаған совет жастарын, коммунизмнің жас құрылысшыларын коммунистік рухта тәрбиелеп келеді.

Коммунистік партияның ұлы идеяларымен жігерленген, соның басшылығымен алға ұмтылған біздің жастарымыз еңбекте де, оқуда да шыңдала түсіп, таңғажайып істер атқаруда. Олар коммунистік құрылыстың алып адымына қосқан өз үлестерін, оның шежіресіне алтын әріппен жазуда.

Бүгінгі жас ұрпақ, комсомол қолға тиген мұраға қуана қарап, оның игілігін көргенге мәз болудан аман. Ол аға ұрпақтың қанымен, миллиондаған жанның құрбандығымен келген мұраға тоғышарлықпен, топастықпен қарамайды. Оның қалай, қайтіп келгенін әрқашан да қастерленесінде сақтайды. Сол мұраның келешекте де миллиондаған адам игілігін көруі үшін соған үлес-сыбағасын қосады.

Осы орайда біздің жастарымыздың, комсомолдың партияның еңбек майданында алға қойған міндеттерін ойдарыдай орындауы олардың коммунизм ісіне берілгендігін, Ұлы Отанымызға деген сүйіспеншілігін арттыра түсуде. Коммунистік идеяның олардың әрқайсысының жеке нанымына айналуына әсер етуде.

Қазір Қазақстан жастарының күшімен республикада жетіжылдықтың 24 екпінді құрылысы салынуда. Ғасырлар бойы бос жатқан ең далда қалалар орнап, жаңа совхоздар сап түзеуде. Жастар араласпайтын істер кемде-кем. Олар егіншілік мәдениетін көтеру үшін, Қазақстанның екінші тыны — қой шаруашылығын өркендету үшін белсене күресуде. Тек соңғы екі жылдың ішінде ғана жана құрылыстарға комсомолдық жолдамамен 7,5 мың, қой шаруашылығына 22 мың жас жігіт пен қыз аттанды. Олар еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартып, өзіндік құнды арзандату жолындағы күреске құлшына ат салысып жүр.

Идеялық жағынан шыңдалған жас жігіттер мен қыздарды, коммунизм құрылысшыларын тәрбиелеу — комсомол ұйымдарының басты міндеті.

Комсомол ұйымдарының жұмысы, әсіресе олар атқарар тәрбие жұмысы партия алға қойып отырған міндеттермен ұштастыра жүргізгенде

ғана мазмұнды да өткір, терең де пайдалы болады. Коммунизмнің жас құрылысшысын тәрбиелеу тек жалаң үгіт, кітаби сөздермен ғана жүзеге аспайды.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін комсомол ұйымдарының жұмысында да елеулі бетбұрыс жасалуда. Комсомол ұйымдарында жалпылама жетекшілік, лепірме сөз, даурықпа айғайдан гөрі нақты іске белсене араласу, жастарды еңбек үстінде тәрбиелеу, идеялық жағынан шыңдау мәселелеріне ерекше көңіл бөліне бастады.

Жастарды, комсомолецтерді коммунистік идеялар негізінде, халық игілігі үшін жасалатын еңбек үстінде, советтік патриотизм мен интернационализм рухында, аға ұрпақтың революциялық жауынгерлік дәстүрлері негізінде тәрбиелеу мәселелеріне таяуда болып өткен ВЛКСМ Орталық Комитетінің VII Пленумы айырықша зор маңыз берді.

Пленум комсомол ұйымдарының сара бағыты жастарды тәрбиелеу екенін атап көрсетті. Комсомол ұйымдары өзінің барлық жұмысын тәрбие төңірегіне, оның ішінде жастарды коммунизм идеалының салтанат құратынына кәміл сенушілік рухында, Отанға деген сүйіспеншілік, буржуазиялық идеологияның қандай түріне болса да ымырасыздық рухында тәрбиелеуде екеніне назар аударды. «Комсомолецтер мен жастарды халық игілігі үшін жасалатын еңбек арқылы тәрбиелеу жас ұрпаққа коммунистік тәрбие берудегі ВЛКСМ-нің бүкіл жұмысының негізгі бағыты болып келді және бола бермек» деп көрсетті.

Комсомол ұйымдары жастарды нақты өндірістік міндеттерді шешуге жұмылдыра отырып, ең алдымен, оларды болашақтың табанды да саналы, инициативалы құрылысшылары етіп баулуға тиіс. Бүгінгі міндет — жастар арасындағы тәрбие, саяси-ұйымдастыру жұмыстарын комсомол атқарар жұмыстың арқауы ету, сол арқылы мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық құрылыстардың барлық салаларына әсер ету. Соңғы жылдары Ленин комсомолының қатарына таңдаулы жастар көптеп келуде. Мәселен, кейінгі үш жарым жылдың ішінде біздің республика комсомолының қатарына да 546 мың жас жігіт пен қыз қабылданды.

Әлбетте, жаңа адамды, коммунизмнің табанды құрылысшысын тәрбиелеу оңай емес. Бүгінгі жастар аға ұрпақтың үлесіне тиген революциялық күрестің от-жалынды мектебінен өткен жоқ. Сондықтан бүгінгі жас адамның мінез-құлқында аумалы-төкпелі жағдай болады. Олардың арасында жанын қинамай табыс табуға құмарлық некен-саяқ болса да кездесіп қалады. Біз тәрбие мәселесіне көңіл бөлгенде жастарға ара-кідік болса да алыстан әсер етіп жататын буржуазиялық идеологияның зиянды ықпалын да ұмытпауымыз керек.

Жастарды идеялық жағынан шыңдау, өмірге маркстік-лениндік ілім тұрғысынан қарауға баулу неғұрлым көңілге қонымды, әсерлі жүргізілуге тиіс. Жастар жарқын да ықпалды, жалынды, шабытты революциялық насихатты сүйеді. Жас ұрпақтың рухани дәрежесінің кемелденуі мен оның білімді болуы — идеялық тәрбие жұмысына мүлде жаңаша талап қояды. Сондықтан да комсомол жұмысының жаңа әдістерін, түрлерін табу қажет. Бұл жолда творчестволық іздену керек. Өмір осыны талап етуде.

Комсомол ұйымдарында қоғамдық негізде құрылған түрлі советтер, комиссиялар, штабтар бар. Оларға комсомол активтері, жас ғалымдар, творчестволық ұйымдардың қызметкерлері, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, қарт комсомолецтер кенінен қатысуда. Завод-фабрикаларға барып жұмысшылар гвардиясына қосылу, қарт ата-анадан шопандық эстафетаны қабылдау, кәмелеттік аттестат алу күндері, комсомолдық той, жастардың еңбек мерекесі, оқуға, армияға салтанатты түрде шығарып салу сияқты басқа да көптеген советтік жаңа салттар, әдет-ғұрыптар комсомол жұмысынан берік орын алуда.

Жастарды идеялық табандылыққа, коммунизм жеңісіне деген кәміл сенім рухында баулып тәрбиелеу — комсомол ұйымдарының бүгінгі таңдағы басты борышы. Жастарды қоғамдық дамудың ғылыми негізделген жүйесімен таныстыру, олардың санасына маркстік-лениндік көзқарасты енгізу — коммунистік партияға комсомол көрсетер қолғабыстың бірі міне осында. Осы орайда республика комсомол ұйымдары, баспасөзі пайдалы тәжірибе де жинақтап отыр.

Комсомолец-жастардың өздігінен оқып білім алу жүйесімен қатар саяси оқудың лениндік сабақтар, тақырыптық кештер, саяси диспуттар, теориялық семинарлар мен конференциялар, «екі дүние — екі жастық» атты үйірме түрлері кеңінен құлаш жайып отыр. Бірсыпыра комсомол ұйымдары туған өлкеге саяхат жасау, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысы батырларының ескерткіштерін қадірлеп күту сияқты жұмыстарды да шындап қолға алуда.

Советтік қоғамдағы прогресс, өр-қияға ұмтылушылық, ең алдымен, адамдардың идеялық табандылығына, біліміне, еңбек сүйгіштігіне, принциптілігіне байланысты. КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь және март Пленумдарының басшылық жасаудың лениндік принципіне негізделген шешімдері жастармен жұмыс істеуде комсомолға да кең өріс ашып берді.

Жастарды асқақ адамгершілікке, өзіне де, өзгеге де талап қоя білушілікке тәрбиелеу — маңызды міндеттің бірі. Жастарға жалаң өсиет емес, шынайы жанашырлық, жан-жақты қамқорлық, нақты көмек керек. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин комсомол ұйымдарынан осыны талап еткен болатын. Бұл бағытта Алматы үй құрылысы, Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинаттарында, Зырян руднигінде, Целиноград облысындағы «Новодолинск», Қарағанды облысының Энгельс атындағы совхоздарында, Шымкент облысының Киров атындағы колхозында, басқа да көптеген кәсіпорындар мен шаруашылықтарда комсомол ұйымдары тәрбие жұмысында тәуір тәжірибеге ие болып отыр.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының «III Интернационал» колхозының комсомол ұйымы жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде тынғылықты жұмыс жүргізіп келеді. Биыл мұнда комсомолецтер үшін алты саяси үйірме жұмыс істеді, жастар СССР-дегі коммунистік құрылыстың келелі мәселелерін, комсомолдың тарихын оқып үйренді. Үйірме сабақтары колхоздың нақты шаруашылық міндеттерімен тығыз байланыстырыла жүргізілді. Соның арқасында жастар өз міндеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарайтын болды.

Колхоз жастары клубпен кітапхананың және басқа да мәдениет ошақтарының шын мәніндегі ұйымдастырушылары, жанашырлары болып алды. Көркемөнерпаздар үйірмесі қазір Сыр бойына таныла бастады.

Алайда жағдай барлық жерде бірдей емес. Алысқа бармай-ақ, осы облыстағы Шиелі ауданының «Қызылту» колхозын мысалға алайық. Мұндағы барлық мәдени-тәрбие жұмысының орталығы болуға тиісті клубта тіпті көркемөнерпаздар үйірмесі жоқ. Кітапханада небәрі бес мың кітап бар, соңғы екі жыл ішінде бірде-бір жаңа кітап алынбаған. Спорттық істер мүлде ұмыт қалдырылған. Қысқасы, мұнда жастар арасындағы тәрбие жұмысына ешкім жөнді көңіл бөлмейді.

Комсомол ұйымдары жұмысының маңызды бір саласы — жас өспірімдер арасындағы тәрбие. Бұл жөнінде Балқаш қаласында бірсыпыра жұмыстар жүргізілуде. Балқаш қаласының орталығындағы Ленин көшесіндегі үйдің өзге үйден ешқандай айырмасы жоқ. Тек үйдің кіре беріс мандайшасында «пионер бөлмесі» деген жарнама ілінген. Осы шағын үйге 200-ден аса жас өспірімдер келіп, кітап оқып, шахмат, дойбы ойнап, уақытты көңілді, сауық-сайранмен өткізіп тұрады. Балқаш құрылыс тресіне қарасты үйдің тұрғындары бір жиналыста пионер бөлмесін ашу



жөнінде ұсыныс жасады. Ол кезде бұл ұсыныстан жөнді ешнәрсе шыға қояды деп сенгендер тым аз болатын.

— Жаксы, игі бастама, — десті ата-аналар.

Келе-келе осы бастамадан игілікті нәтиже шықты. Қазір осы пионер бөлмесі балалардың сүйікті демалыс орнына айналды. Осы үйдің маңынан құрастырмалы темір-бетон заводының комсомолестері пионерлерге спорт алаңын жасап берді. Балқаш кәсіпорындарының тандаулы озаттары, қарт коммунистер, еңбек ардагерлері — жастардың қадірлі қонақтары.

Комсомол ұйымдарының тәрбие жұмысында басты назар аударатын мәселесінің бірі — жастардың бос уақытын дұрыс та жүйелі пайдалануын қадағалау, бұл жөнінде оларға жөн сілтеп отыру. Пролетариаттың ұлы көсемі Карл Маркс: бос уақыт адамның «білім алуы үшін, интеллектуалдық дамуы үшін, әлеуметтік функцияларды атқаруы үшін, жолдастарымен қарым-қатынас жасап, араласып тұруы үшін қажет» деп білген. Сондықтан да бос уақытты неғұрлым мазмұнды, мәнді пайдалануға зер салу керек.

Жақында Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті Шымкент облысының «Сызған» совхозындағы, Алматы облысының ХХІІ партия съезі атындағы колхозындағы жастардың арасындағы тәлім-тәрбие жұмысы жөнінде мәселе қарады. Мысалы, «Сызған» совхозында екі мыңнан аса адам бар. Олардың көпшілігі жастар. Бірақ совхоздағы сәулетті клубта жастарды сирек кездестіресіз. Жастар арасында жүргізіліп жатқан жалынды, пәрменді тәрбие, насихат жұмысы жоқ. Клуб меңгерушісі Момбеков жолдас ешбір ұйымдастыру жұмысымен шұғылданбайды. Ол жастарды жалқау, қай іске болса да енжар деп түсіндірмек болады. Шынында солай ма? Бұл жөнінде жергілікті комсомолестердің пікірін сұрастырып, клуб жанында ұйымдастырылатын үйірмелерге бейімі бар талапкерлер іздегенде 22 адам хорға, 16 адам драма үйірмесіне, 13 адам халық аспаптар оркестріне қатысуға, 11 адам лекция оқып, әңгіме өткізуге әзір екендіктерін білдірді. Демек, жастар жақсы істерге қатысуға құштар-ақ, бірақ оны ұйымдастыратын адам жоқ.

Комсомол ұйымдары клубтардың, мәдениет үйлерінің, кітапханалардың, қызыл мүйістердің, спорт алаңдарының жұмыстарын өз қолдарына алып, оларда көпшілік-мәдени жұмыстарды ұйымдастырып, жастар уақытын, демалысын жақсы өткізуге көңіл аудару қажет. Клуб жұмыстарын жандандырып, оларға іскер, қабілетті жастарды, коммунистерді жіберген жөн. Сонда ғана тәрбие жұмысы жақсарған үстіне жақсара бермек.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Республика комсомолестері мен жастары арасындағы идеялық-тәрбие жұмыстарының жайы туралы» қаулысында жастарға саяси-идеялық тәрбие берудегі үлкен кемшіліктерді атап көрсете келіп, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына биылғы август айына дейін әрбір кәсіпорнында, совхоз бен колхозда жұмыс істейтін жастардың жалпы білімі мен мамандығын жетілдіру жөніндегі оқуды ұйымдастыруды кеңінен қамтитын жоспар жасауды тапсырды. ҚЛКСМ Орталық Комитетінің ХІ Пленумы жас жұмысшылар мен колхозшылардың жалпы білімі мен мәдени-техникалық дәрежесін бағдарлау үшін республикалық қоғамдық байқау жариялады. Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті жұмысшы және село жастарының кешкі, сырттан оқу мектептерінде қосымша класстар ашуды, оқу комбинаттарын, мамандықты жетілдіру курстарын, механизаторлар даярлайтын, инженерлік білім беретін оқу орындарын, жанашылдар мектептерін, тағы басқаларын көбейтудің қамын жасап отыр.

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин жастарға революциялық күресте шындалған аға ұрпақтың өмір тәжірибесі аса қажет деп үйреткен болатын.

Әкелердің бай өмір тәжірибесін, революциялық дәстүрді жастарға талмай үйрету оларға Отанымыздың тарихын жасаушы партия бастаған совет халқы екенін жақсы ұғынуға көмектеседі. Көптеген кәсіпорын, совхоз, колхоз комсомол ұйымдары жастарды идеялық жағынан баулу-да революциялық және еңбек дәстүрлерінің бай мұраларын, саяси-насихат жұмысының бар мүмкіндігін ойдағыдай пайдалануда.

Республика комсомол ұйымдары жастарды идеялық табандылыққа баулып, революциялық және еңбек дәстүрлері үлгісінде тәрбиелеуде бірі-қатар тәжірибеге ие болды, жастар арасында жұмыс жүргізудің сан алуан жаңа да қызық формаларын тапты. Әйтсе де, бұл салада да іске немқұрайды, ат үсті қараушылық бар. Кейбір комсомол комитеттері халқымыздың тарихын, жақсы дәстүрін, қазір бізбен қатар жүрген аға ұрпақтың өмірі мен қызметін насихаттауға мән бермейді.

Комсомол ұйымдары жүргізер барлық жұмыстың арқауы — жастар тәрбиесі болуы шарт. Комсомол атқарар істің бар түйіні жас ұрпақты коммунизм идеалы негізінде, отаншыл патриот етіп тәрбиелеуге барып саяды. Кәсіпорын мен құрылыста істейтін жастарды тәрбиелеу жайын әңгіме еткенде олардың көңіл-күйі, тұрмыс жағдайы, ой-пікірі, білімі мен талғамы, еңбекке деген көзқарасы ең алдымен ескерілуге тиіс.

Жастардың жоғары идеялық, саналылық дәрежесі, ақыл-парасаты олардың тек өндірістік жоспарларды орындауымен, сабақтағы үлгірімімен ғана өлшенбейді. Жаңа қоғамдағы жас адамның бейне-тұлғасы, сыр-сыйпаты, қасиеті партия Программасында — коммунизм орнатушысының моральдық кодексінде баяндалған биік адамгершілік принциптерді өзінің өмір бойына ардақ тұтып, коллективте, семьяда соны мүлтіксіз қатаң сақтап, жүзеге асыруымен бейнеленеді. Комсомол ұйымдары жастар тәрбиесінде мәселенің осы жағына да терең үңіліп, ерекше назар аударғаны абзал.

Комсомол әрбір өмір құбылысына терең талдау жасауға принциптілікпен, байсалдылықпен қарауды коммунистік партиядан үйреніп келді және үйрене береді. Комсомолдың күші — партия басшылығында. Партия комитеттері шын мәнінде комсомол ұйымдарына көңіл бөліп, қамқорлық жасап, олардың жұмысына жөн-жоба сілтеп отырған жерлерде жастарды тәрбиелеу ісінде елеулі жетістіктер бар.

Жастар арасында идеялық-тәрбие жұмыстарын жүргізуде әлі де болса кемшіліктер, ағаттықтар аз емес. Тәрбие мәселесіне қалай болса солай қараушылық, даңғойлыққа әуестенушілік сияқты кемшіліктер, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Президиумының қаулысында өте орынды атап көрсетілгеніндей, республика комсомол ұйымдарында баршылық. «Партия және комсомол ұйымдарының басты міндеті, — делінген сол қаулыда, — жас жігіттер мен қыздарды партияның, комсомол мен совет халқының даңқты революциялық және еңбек дәстүрлері негізінде тәрбиелеп, коммунизмнің табанды, жоғары білімді, еңбек сүйгіш жас құрылысшыларын даярлау болып табылады». Қазір комсомол ұйымдарының барлық күш-жігері міне осы міндетті орындауға бағытталуға тиіс.

Коммунизм ісіне шынайы берілген, идеялық сенімділігі күшті, қоғам дамуының объективтік заңдарын ғылыми тұрғыдан, маркстік-лениндік ілім тұрғысынан түсінетін біздің аға ұрпақтың шәкірттерін тәрбиелеу — комсомол ұйымының бүгінгі тандағы абыройлы борышы. Парасатты азамат, коммунизмнің жас күрескерін тәрбиелеу — комсомолдың төл ісі.

# ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕ — ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ САЛАСЫ

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға байланысты коммунистік қоғамдық қатынастар мен мәдениеттің онан әрі дамытылуы социалистік ұлттардың туысқандық достығының барған сайын нығая беруіне кең жол ашып отыр. Мұның өзі ұлттардың одан әрі жақындасуына қолайлы жағдай туғызады. Сөйтіп мұнда прогрестік екі бағыт өрістеп, өзара ұштасып отыр. Біріншіден, ұлт республикаларының праволары кеңейе түссе, екіншіден, пролетарлық интернационализм негізінде социалистік ұлттар өзара біріге түсуде. Өйткені біздің қоғамда ұлттар капитализм қоғамындағыдай араздық, өзімшілдік тежеу жолдарымен дамымайды, жақындасу, туысқандық өзара көмек және достық қарым-қатынас арқылы дамиды.

Бұл екі бағыт ұлттық қарым-қатынастар дамуының объективтік заңдылығы және бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Ұлттардың экономикасы мен мәдениеті тез дамыған сайын олар неғұрлым тығыз жақындаса түседі. Екіншіден, ұлттар бір-бірімен әбден қарым-қатынаста болса, олардың өзара байланыс процесі күшейіп, ұлттық экономикасы мен мәдениеті тез дамыту болады. Демек, қазіргі кезеңде еңбекшілерді достық және интернационализм рухында тәрбиелеу — партияның идеология жұмысындағы басты буынының бірі.

Бұл арада еңбекшілерді социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу арқылы коммунистік құрылыстың барысында ұлттардың өзара жақындасуын тездетуге көмектесу, адам санасындағы ескілік қалдықтарын толық жою бүгін таңдағы аса маңызды мәселе екенін атап айту керек. «Коммунистер, — делінген КПСС Программасында, — ұлтшылдық пен шовинизмнің көріністерінің қандайына болсын қарсы шыға отырып, еңбекшілерді социалистік патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеуді өзінің ең басты міндеті деп санайды».

Осыған орай Қазақстан партия ұйымы көп ұлтты еңбекшілер арасында жүргізілетін идеологиялық жұмысқа, оның ішінде интернационалдық тәрбие мәселесіне ерекше назар аударуда. Бұған халықтар достығының лабораториясы аталған Тын өлкесі партия ұйымының жүргізіп отырған жұмысы толық дәлел бола алады.

Соңғы екі жылдың ішінде Көкшетау облыстық партия комитетінің бюросында ғана ұлттық және интернационалдық тәрбие жөнінде жиырма шакты мәселе қаралды. Олардың ішінде кейбір аудан, совхоз, колхоз партия ұйымдарының саяси-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыруы, кітап саудасы, облыстық газет пен радионың, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары кеңінен сөз болды. Әсіресе бұл тақырыптарға арналған семинарлар мен кенестердің ауыл-село еңбекшілерін интернационализм рухында тәрбиелеуде үлкен маңызы болды.

Партия ұйымдары идеологиялық жұмыстардың қай саласын болса да оны жергілікті жерлердегі тұрғын халықтың ұлттық құрамын ескере отырып, олардың достығын нығайта беру ісімен ұштастыра жүргізуде. Көп ұлтты коллективті достық, интернационализм рухында тәрбие-

леу жұмысының түрлері мен тәсілдері одан әрі байытылып, едәуір тәжірибе жинақталды.

Ауыл-село еңбеккерлерін достық және социалистік интернационализм рухында тәрбиелеуде марксизм-ленинизм теориясын, партияның XXII съезінің материалдарын терең оқып үйрену маңызды роль атқарды. Насихатшылар өздерінің әңгімелері мен баяндамаларында, Қазақстан мен басқа да туысқан республикалардың өмірінен нақты да жарқын мысалдар келтіре отырып, біздің елімізде лениндік ұлт саясатының толық салтанат құрып отырғанын, үлкенді-кішілі ұлттар мен халықтардың экономикасын өркендетіп, мәдениетін гүлдендіру, олардың коммунизм орнату жолында бір-бірімен жақындаса түсуі үшін мүмкіншіліктердің зор екенін талдап түсіндіріп отырады.

Насихатшылар мен үгітшілер, баяндамашылар Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің өсіп өркендеп келе жатқанын көрсетумен бірге, көп ұлтты коллективтердің ынтымақты еңбек етіп отырғанын, Совет Одағындағы бауырлас халықтардың Қазақстанның материалдық және табиғи байлықтарын игеру ісінде көрсеткен достық көмегін дәлелдейтін нақты мысалдарды кеңінен пайдаланады.

Әсіресе тың жерлерді игеру кезінде Қазақстанға орасан зор көмек көрсетілді. Жаңа жерлерді игеру ісіне еліміздің барлық республикаларының өкілдері белсене ат салысты. Осындай мысалдар үгіт-насихат жұмыстарында орынды пайдаланылған жағдайда еңбекшілердің социалистік интернационалдық сезімі сөзсіз арта түседі, олар ескілік шырмауынан тез арылады. Мысалы, Павлодар облысындағы «Коминтерн» совхозының насихатшысы Қ. Кушаков саяси үйірмеде жүргізген сабақтарында совет халықтары достығының ұлы күшін ғылыми негізге сүйене отырып, жергілікті фактілермен дәлелдеп көрсетеді. Қостанай облысындағы Ленин совхозының директоры Н. Г. Хван жолдас та өз жұмысын осы тұрғыда жүргізіп, еңбекшілердің достық ынтымағын нығайтуға үлес қосып келеді. Бұл жерде адамдардың ұлттық құрамы да қатты ескеріледі. Жеке ұлт өкілдерінің арасында әңгіме сол халықтың өз ана тілінде жүргізіледі.

Жұмысты бұлай ұйымдастырудың ықпалы да зор. Бұл үшін партия ұйымдары насихатшы кадрлар мен үгітшілер құрамын дұрыс іріктеп ала білуі керек. Бұл жөнінде Көкшетау, Қызылорда, Целиноград облыстарының партия ұйымдары айтарлықтай жұмыс істеп отыр. Мысалы, Қызылорда облысындағы 8 500 насихатшы мен үгітшінің қатарында қазақ, орыс, украин, кореец, татар, неміс және басқа да ұлт өкілдері бар. Идеология майданының осы қызметкерлерінің арасында екі-үш тілде әңгіме өткізіп, баяндама жасайтындары, лекция оқитындары да аз емес.

Көкшетау облысының үгіт коллективтерін алатын болсақ, бұлардағы үгітшілердің ішінде 4 350 орыс, 1 050 украин, 1 174 қазақ және 750-ге жуық басқа ұлт өкілдері бар. Олар үгіт жұмысын сол жердегі түрлі ұлттардың талғам-тілегіне сай жүргізеді.

Республика партия ұйымдары интернационалдық тәрбие мәселелерінде лекциялық насихатты да кеңінен қолдануда. Көптеген облыстық партия комитеттерінде қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, корей тіліне жетік лекторлар жұмыс істейді. Олар халықтар достығы, еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру жөнінде жиі-жиі лекция оқып, баяндама жасайды. 1964 жылы Көкшетау облыстық партия комитеті мен «Білім» қоғамының лекторлары халықтар достығы, интернационалдық тәрбие жөнінде 2 мыңға жуық лекция оқыды. Осы облыстағы Чистополь ауданының бір өзінде ғана соңғы бір жарым жылға жуық уақыт ішінде халықтар достығы туралы 550-ге жуық лекция, оның 120-дан астамы қазақ тілінде, 50-ден астамы неміс тілінде оқылды.

Осыған орай мына бір жайды айта кету орынды сияқты. Қазақ тілінде оқылған лекцияларға неміс, орыс, татар, башқұрт азаматтары қа-

тысса, неміс тіліндегі лекцияларды да бірнеше ұлт өкілдері тындады. Бұл совет елі халықтарының достық қарым-қатынаста екенін, олардың бірін-бірі қадірлеп-сыйлайтынын, әр халықтың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өркен жайып отырғанын тағы да дәлелдейді.

Көптеген бастауыш партия ұйымдары интернационалдық тәрбие беру мақсатында ашық партия жиналыстарын да ұтымды пайдалануда. Мысалға Целиноград облысының Атбасар ауданындағы Қарл Маркс атындағы совхозда өткізілген ашық партия жиналысын алайық. Оның күн тәртібіне совхоз партия ұйымының еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі міндеттері туралы мәселенің қойылуы да кездейсоқ емес. Бұл совхозда 16 ұлт өкілі: қазақтар, орыстар, украиндар, белорустар, немістер, молдавандар, татарлар, тағы басқалары бір семьядай тағу-тәтті өмір сүріп, еңбек етуде.

Сондықтан совхоз партия ұйымының жиналысы еңбеккерлердің арасында интернационалдық тәрбиені онан әрі жақсарту ұранымен өтті. Мұнда еңбектегі коллектившілдік, өзара көмек, семьядағы достық, ескілік қалдықтарына қарсы күрес мәселелері келелі сөз болды. Жиналыс совхоздың әрбір коммунистіне бұл салада үлкен міндет жүктеді.

Соңғы кезде село партия ұйымдары СССР халықтарының достығы мен интернационалдық тәрбие тақырыбына арналған кештерді, теориялық конференцияларды жиі өткізетін болды. Мұндай жиындарға күні бұрын жан-жақты әзірлік жүргізіледі, қаралатын мәселенің тақырыбы, шығып сөйлейтін адамдар белгіленеді. Арнаулы көрмелер ұйымдастырылады, стендтер жасалады. Сонымен қатар осындай кештерге совхоз, колхоздардың көркемөнерпаздары ойын-сауықтың арнаулы программасын әзірлейді.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин атындағы совхозда «В. И. Лениннің социалистік интернационализм жөніндегі идеясы жүзеге асырылуда» деген тақырыпта теориялық конференция өткізілді. Бұл конференцияның бір ерекшелігі сол — талқыланған теориялық мәселелер бойынша бірнеше ұлт өкілі шығып сөйледі. Орыс жігіті Апретов, қазақ Қожахметов, украин Кондратьев, татар Гарифуллин, бурят Романов тағы басқалар осыдан 10 жыл бұрын партияның шақыруы бойынша Қазақстанға келіп, құлазыған жапан түзді бірлесе игергендерін, болашақ совхоз орталығының ірге тасын қалағандарын баяндады. Қазір осы совхозда 21 ұлттың өкілі тұрады. Достығы жарасқан, ынтымағы игілігін молайту, халқымыздың әл-ауқатын онан әрі жақсарту. Сондықтан да тында тұнғыш отау тіккен совхоз шаруашылығы барған сайын өрлей түсуде. Мұнда соңғы 10 жыл ішінде егіс көлемі 3 есе ұлғайды. Одан алынатын өнім де молая түсті. Мал шаруашылығы да өрге басып келеді. Осы мерзім ішінде ірі қараның саны 10 есе, қой 20 есе, шошқа 55 есе көбейді.

Совхоз поселкесінің бейнесі де мүлде өзгерді. Соңғы жылдары бірнеше көп қатарлы үй, Мәдениет сарайы, аурухана салынып пайдалануға берілді. Сондай-ақ екі орта мектеп, 5 сегіз жылдық және бастауыш мектеп салынды. Совхоз бөлімшелерінің бәрінде клуб, кітапхана, балалар бақшасы бар. Кеш болса-ақ электр шамдары жарқырап жанады. Совхоз жұмысшыларының үйлеріне газ орнатылған. Көптеген семьялардың телевизорлары, радиоқабылдағыштары бар.

Тың өлкесіндегі көптеген шаруашылықтарда халықтар достығына арналған кеш өткізу дәстүрлі салтқа айналған. Бұл кештерде СССР халықтарының достығы, олардың мызғымас бірлігі жайлы лекциялар оқылады, баяндамалар жасалады, еңбекшілердің сұрақтарына жауап беріледі. Кейбір жерлерде осындай арнайы кештер бірнеше тілде жүргізіледі. Кештің қорытындысында еліміздің халықтарының достық қарым-қатынастарын бейнелейтін кинофильмдер көрсетіледі немесе өнер-

паздар ойын-сауық ұйымдастырады. Көкшетау облысындағы Веденов, Жамбыл атындағы және басқа совхоздарда осылайша өткізілген кештерге еңбекшілер өте риза болды.

Партия ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерін село еңбекшілеріне интернационалдық тәрбие беру ісіне ұтымды пайдаланады. Сондықтан да облыстардың көпшілігінде селолық кітапханалар, көркемөнерпаздар үйірмелері, мәдениет үйлері, селолық клубтар өз жұмыстарын қалың бұқарамен тығыз байланыстыра жүргізуде.

Көкшетау, Қостанай, Павлодар облыстарының кітапханалары СССР халықтары достығы мен социалистік интернационализмді насихаттауға баса назар аударады. Бұл облыстарда «В. И. Ленин және ұлт мәселесі», «Совет адамы — интернационалист», «СССР — халықтар достығының ордасы», «Тындағы достық күші» сияқты тақырыптарда кітап көрмелері, фотомонтаждар, стендтер ұйымдастырылған. Сонымен қатар осы тақырыптарда еңбек адамдарымен жеке-жеке әңгімелер өткізу тәсілі де қолданылады. Ал туыстас республикалардың әдебиеті мен өнеріне арналған он күндіктер кезінде сол республиканың көрнекті жазушыларының, композиторларының, суретшілерінің еңбектеріне арналған дербес көрмелер ашылып, кештер өткізіледі. Осылардың бәрі бауырлас республикалардың мәдениетімен толық танысуға мүмкіндік туғызады, олардың мәдениетіндегі кейбір озық та жаңа түрлерді, ортақ, интернационалдық дәстүрлерді кеңінен пайдалануға жол ашады, совет халықтарының өзара достық сезімін күшейтеді.

Республикамыздың ауыл-селоларындағы клубтарда, мәдениет үйлерінде көркемөнерпаздар — казак, орыс, неміс, ұйғыр коллективтері жұмыс істеп, жұртшылықты өздерінің бай репертуарымен таныстырып отырады. Оларда тақырыптық музыка кештері өткізіледі.

Музыка кештері мен репертуарларының интернационалдық сыйпа-тының өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Біріншіден, ұлт мәдениеттерінің біріне бірі ықпал жасап, бірін бірі байытып, дамытып отыратынын байқатса, екіншіден, сол мәдени ықпалдың өзі еңбекшілерді достыққа, интернационализмге тәрбиелеуде, халықтарды жақындастыруда үлкен роль атқарып отырғанын көрсетеді.

Сонымен, партия ұйымдары мәдени-ағарту ұйымдарының жұмысына басшылықты бұдан былай да жақсарту, оларды халық бұқарасымен тығыз байланыстыру арқылы еңбекшілерді коммунистік интернационалдық рухта тәрбиелеуді онан сайын күшейтуге тиіс.

Еңбекшілерді достыққа, туыскандыққа тәрбиелеуде совет халықтарының екінші ана тілі — орыс тілінің маңызы өте зор. Орыс тілін білу Совет Одағындағы көп ұлтты халықтардың экономикасы мен саяси өмірінің, олардың коммунизм орнату жолындағы мақсатының бірлігінен туып отыр.

Сондықтан да көптеген облыстың, ауданның партия ұйымдары еңбекшілердің орыс тілін жетік үйренулеріне саяси мән беріп, оған басшылықты жақсартты. Мысалы, Көкшетау облысында орыс тілін үйренетін қоғамдық негізде кабинеттер, консультация пункттері, үйірмелер құрылды. Қазір тек Щучье ауданында ғана осындай 10 үйірме жұмыс істейді. Оларда оқитындар: малшылар, механизаторлар, құрылысшылар, басқа еңбеккерлер, яғни барлығы 200-ге жуық адам оқиды. Бұл үйірмелерді тәжірибелі мұғалімдер Ш. Ыбраева, Н. Есімова, М. Әбішев, С. Жанқуатов тағы басқалары басқарады. Олар сабақ өткізіп қана қоймайды, сонымен бірге казак және орыс халықтары достығының тарихи калыптасуы, орыс жазушыларының шығармалары, орыс тілінің социалистік қоғамдағы ролі туралы әңгімелер өткізіп тұрады. Осы жұмыстардың барлығы жергілікті халықтың орыс тілін үйренуге деген күшталығын білдіреді. Партия ұйымдары мұндай бастамаларды үнемі қолдап, оның кең өріс алуына бас-көз болып отырулары керек.

Түрлі ұлт адамдарының өзара сүйіспеншілігі, тату-тәтті семья құруы СССР халықтарының өзара қарым-қатынасының нығайып, кең өріс алуының тағы бір көрінісі болып саналады. Республика қалалары мен ауыл-селоларында қазақ, орыс, неміс, украин жігіттері өз қалыңдықтарын басқа бір ұлттан тандап алғанын, немесе осы ұлттар қыздарының басқа ұлттың жігіттеріне тұрмысқа шыққанын жиі кездестіруге болады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин, Целиноград облысындағы Сергеев селолық Советтері бойынша өткен жылы 90-ға жуық жастар үйлену тойын өткізді. Солардың 25-і қалыңдықтарын басқа ұлттан алған. Ал Тын өлкесін түгел алатын болсақ, мұндағы семья құрған жастардың әрбір төртіншісінің басқа ұлт адамдарына үйленгенін көреміз.

Осындай ынтымақты семьялардың бірі Целиноград облысының Алексеев ауданындағы Жамбыл совхозында тұрады. Семья басы — Сағидолла Қайназаров — қазақ, оның зайыбы Елена — орыс қызы. Ал олардың үлкен ұлы Елена Водопьянова деген белорус қызына, ортаншы ұлы Сәлім украин қызы Зоя Ковальға үйленіп отыр. Қайназаровтардың қызы Марья неміс жігітіне тұрмысқа шықты. Сөйтіп осы бір семьяның өзі-ақ бес ұлт өкілінің басын құрап отыр. Қазақстанда бұл сияқты көп ұлтты семьялар аз емес. Мұның өзі совет халықтарының ұлтшылдық, діни көзқарас сияқты ескілік шырмауынан арылып, олардың арасында мызғымас достық орнағанын паш етеді.

Село еңбеккерлерін достық, интернационализм рухында тәрбиелеу — партияның аса маңызды жұмысының бірі. Бұл жайында жаңа Програмада да ерекше атап көрсетілгені мәлім. Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде достық, интернационализм принципі алтын әріппен жазылған. Осы принципті орнықтыруға айрықша мән беру — партия ұйымдарының қасиетті борышы.

**Б. СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
Москваның М. В. Ломоносов атындағы  
мемлекеттік университетінің аспиранты.

# ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ

Коммунистік партияның XX, XXI, XXII съездерінің шешімдерін, олар белгілеген ұлы жоспарларды орындап шығуда социалистік мәдениеттің орны ерекше. Біздің мәдениетіміз совет адамдарын коммунизм рухында, Отанға берілгендік рухында тәрбиелейді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі социалистік мәдениеттің гүлденуіне үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді.

Бүкіл елімізде, оның ішінде Қазақстанда мәдениеттің күшті қарқынмен дамуы жеке адамға табынудың зиянды зардаптарын жоюға, партиялық және мемлекеттік қызметте лениндік принциптерді қалпына келтіруге көп байланысты. Осының арқасында еңбекшілердің творчестволық қабілеті мен инициативасын шарықтатуға кең жол ашылды.

Социализмге өту үшін бүкіл халықтың мәдениетін көтеруіміз керек деген болатын В. И. Ленин. Данышпан көсеміміздің бұл өсиетін Коммунистік партия бұлжытпай орындап келеді. Мәселен, КПСС XXII съезі қабылдаған Программада былай делінген:

«Социализм орнату халықтың қалың бұқарасының мәдениетін көтеруді талап етті. Бұл міндет те ойдағыдай орындалды. Елімізде мәдениет революциясы жасалды. Бұл еңбекші бұқараны рухани құлдықтан және қараңғылықтан құтқарып, оларды адамзат жинаған мәдени байлыққа араластырды. Халқының көпшілігі сауатсыз болып келген ел ғылым мен мәдениеттің асқар шыңына шарықтап көтерілді».

Енді жаңа кезеңде мәдени құрылыстың түбегейлі мәселелері алға қойылды. Партияның XXII съезі қазір Совет елі мәдени революцияны аяқтау кезеңіне көшті деп жариялады. Бұл кезеңде совет халқы коммунизмнің жеңісі үшін барлық қажетті идеологиялық және мәдени жағдайларды жасауды ұйымдастыруда, адамзаттың мәдени дамуындағы ең жоғарғы саты болатын коммунизм мәдениетін жасау үшін күресуде.

«Бұл мәдениет, — делінген жаңа Программада, — қоғамның рухани өмірінің барлық алуан түрі мен байлығын, жаңа дүниенің жоғары идеялылығы мен адамгершілігін өз бойына жинайтын болады. Бұл тапсыз қоғамның мәдениеті жалпы халықтық, жалпы адамзаттық мәдениет болады».

Социалистік мәдениеттің коммунистік мәдениетке ұласуы — тарихи процесс, совет қоғамы дамуының объективтік заңдылығы.

Коммунистік құрылысты кеңінен өрістету дәуірінде Қазақстан мәдениеті биік сатыға көтерілді. Мұны халық ағартудың елеулі жетістіктерінен де айқын көреміз. Республикамызда 1959—1965 жылдары жаппай міндетті сегіз жылдық оқуға көшу аяқталды, оқушылар мен оқытушылардың саны 1,6 есе көбейді, 1964—1965 оқу жылының басында 10 мыңнан аса күндізгі, кешкі және сырттан оқитын мектептерде үш миллионға жуық бала болды. 170 мектеп-интернат жаңадан ашылды. Бұларда және оқу күні ұзартылған жаңа мектептер мен топтарда оқушы балалар саны 152 мыңнан асты.

Соңғы жеті жылдың ішінде Қазақстанда 15 жоғары оқу орны жаңадан ашылды. Олардың оқу корпустары мен құрал-жабдықтары молайды, ғылыми қызметкерлері, оқытушылары көбейді. Республикамызда



қазір 39 жоғары және 150-ден аса арнаулы орта дәрежелі оқу орны бар. Бұлардағы студенттердің саны (сырттан және кешкі оқытындарын қоса есептегенде) 282 мыңға жетті. Бұл 1958—1959 оқу жылымен салыстырғанда екі есе көп. Кешкі және сырттан оқу жүйесі де ұлғайды; кешкі және сырттан оқытын факультеттердің, бөлімдердің, консультациялық пункттердің саны жылдан-жылға көбеюде. Мұндай жағдай жоғары және арнаулы білім жүйесін кеңейтуге, ынталы жастарды оқуға түгел тартуға мүмкіншілік туғызды. Қазір студенттердің жартысынан көбі өндірістен қол үзбей оқытындар.

Бірақ кешкі және сырттан оқытындар санының көбеюі оқудың сапасына нұқсан келтірмеуге тиіс. Оқудың бұл жүйесі жоғары және орта мектептердің материалдық базасына, оқытушылардың мүмкіндік-қабілетіне сай оқушыларды дұрыс іріктеп алумен ұштастырылған күнде ғана ойдағыдай нәтиже береді.

Елуінші жылдардың өзінде Қазақстан жоғары және арнаулы орта дәрежелі білім жүйесін дамыту жөнінде көптеген одактас республикалардан артта еді. 1958 жылдың аяғында Қазақстанның әрбір 10 мың адамына 153-тен студент келетін. Бұл мерзімде әрбір 10 мың адамға Эстонияда — 206, Өзбекстанда — 176, Түркменстанда — 173, бүкіл Совет Одағында — 194 студенттен келетін. Ал 1965 жылдың басында республикамыздың әрбір 10 мың адамына 235 студенттен келетін болды. Енді Қазақстанның жоғары және арнаулы оқу орындары жас мамандарды техникалық, жаратылыс тану және гуманитарлық ғылымдардың негізгі салаларының бәрінен де даярлай алатын дәрежеде.

Оқу және халық ағарту саласындағы табыстар мен ғылымымыздың дамуы бір-біріне тығыз байланысты. Қоғамның алға басуы үшін ғылымның маңызы зор екені жұртқа мәлім. Біздің заманда қоғамның өскелең талабына және өндірістің мұқтажына сай ғылымның ролі бұрынғыдан арта түсті. Жетіжылдық жоспарды орындау тұсында республикамыздың ғылыми-зерттеу саласында елеулі жетістіктерге қол жетті. Ең алдымен, ғылыми-зерттеу институттары, мекемелері, лабораториялар көбейді. Сонымен бірге бұлар өндіріс орталықтарына жақын орналастырылды. Мұның өзі, біріншіден, ғалымдардың тәжірибе-эксперимент жасауына мүмкіншілік туғызып, ғылыми жұмысты халық шаруашылығының талаптарына сай ұйымдастыруды қамтамасыз етсе, екіншіден, республикамыздың әртүрлі аудандарының мәдени дәрежесін бірте-бірте теңдестіруге жәрдем етті. Егер соңғы уақытқа дейін республиканың ғылыми орталығы жалғыз Алматы саналса, қазір Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Гурьев тағы басқа қалалар да ғылыми-зерттеудің көрнекті базасына айналуда. Мұнымен бірге көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері тікелей өнеркәсіп орындары мен совхоздарда орналасып отыр.

Кейінгі жылдары ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау дұрыс жолға қойыла бастады. Мұны Қазақ ССР Ғылым академиясы, мемлекеттік комитеттер мен министрліктер ұйымдастыратын және бақылайтын болды. Осының нәтижесінде ғылыми жұмыстар күрделі мемлекеттік маңызы бар және халық шаруашылығын дамытуға тікелей байланысты проблемаларды шешуге бағытталуда. Ғылыми зерттеуге жоғары оқу орындарының ғалымдары да белсене ат салысып келеді.

Елімізде өнеркәсіптің күшті қарқынмен шапшаң дамуы ғылыми-зерттеу мекемелерінің техникалық жабдықтарын жаңалап отыруға және толықтыруға мүмкіндік берді. Қазақстан ғалымдарының зерттеу еңбектерінде қазір кибернетика, электроника пайдаланылып жүр. Осы жетіжылдық тұсында Қазақстанда ғылымның ядролық физика сияқты жаңа салалары пайда болды, ал химия, астрофизика, сейсмология, геология және басқа ғылым салалары бұрын болып көрмеген дәрежеге көтерілді. Республиканың өзінде ғылыми қызметкерлер даярлау өрісі кеңейтілді, қазақ ғалымдары көбейді.

Біздің ғалымдарымыз коммунистік құрылыстың міндеттерін орындауға тікелей көмек көрсетуде, кәсіпорындарды камкорлыққа алып, олардағы рационализаторларға, өнер тапқыштарға жан-жақты көмек беруде, бұқара арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетіп, ғылым-білімді кеңінен таратуда. Тек «Білім» қоғамының мүшелері республикамыздың еңбекшілеріне жылына 500 мың лекция оқиды. Қазір әр күнгі оқылатын лекциялардың саны «Білім» қоғамы құрылған 1948 жылы оқылған лекциялар санына тең.

Халықтың мәдениетін көтеруде мәдени-ағарту мекемелері елеулі қызмет атқарады. Өткен жылдарда бұлардың жұмысына да келелі өзгерістер, көптеген жаңалықтар енді. Қалаларда да, ауылдарда да мәдениет үйлері, әуесқой өнерпаздардың саны жылма-жыл көбейіп келеді. Атап айтқанда халық театрлары, ән-би ансамбльдері, хор мен оркестрлер, филармония мен студиялар, халық университеттері мен мәдениет мектептері республикамызда көптеп саналады. 1959—1965 жылдары Қазақстанда 52 халық театры, 971 халық университеті мен 254 мәдениет мектебі ашылды.

Қазіргі кезеңде жиі-жиі өткізіліп жататын әуесқой өнерпаздардың фестивальдары мен онкүндіктері, мәдени-ағарту мекемелерінің халық алдындағы есебі сияқты мәдени жұмыстар дәстүрге айналды. Жаңа бастаманың тағы бір түрі — халықтың инициативасымен, кәсіпорындардың, колхоздардың, қоғамдық ұйымдардың күшімен, әсіресе ауыл-селода көптеген мәдениет-ағарту мекемелерінің салынуы. Сондай-ақ соңғы он жылдың ішінде тек Қазақстан Мәдениет министрлігі қарамағындағы автоклубтардың саны 530-дан асты.

Мәдени-бұқаралық жұмыстың жаңа түрлерінің, мәдени-ағарту мекемелерінің тез өсуінің сыры неде? Біріншіден, бұлар халықтың қалыптасуының рухани тілегіне жауап береді; екіншіден, бұлар қала мен ауыл еңбекшілерінің игілігі, олар әдебиет пен өнердің, ғылым мен техниканың түрлі саласынан жинақталған едәуір мағлұмат ала алады; үшіншіден, бұлардың жұмысы ерікті түрде, бүкіл жұртшылықтың күнделікті көмегімен жүргізіледі.

Мәдениеттің бұл саласында екі жақты процесс байқалады. Бір жағынан, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтерсе, екінші жағынан, халықтың мәдениеті артқан сайын мәдени-бұқаралық жұмысты жақсы ұйымдастырушылар көбейеді, мәдениет мекемелерінің қызметі жан-жақты әрі қызықты бола береді.

Қазақстанның өнер қазынасы бұқаралық өнерпаздық пен профессионалдык өнерді ұштастыру негізінде молығуда. Соңғы жеті жылда көркемөнерпаздардың саны екі есе өсті. Бұлар, бір жағынан, профессионалдык өнерді дамытудың қайнар бұлағы болса, екінші жағынан, өздері де еңбекшілерге эстетикалық тәрбие берудің әсерлі түрі. Профессионалдык және бұқаралық өнердің өзара біте қайнасуы — халықтың көркем мәдениетінің өсу жолы.

Қазақ әдебиеті мен өнері өздерінің жетістіктерін басқа республикалардың еңбекшілеріне, тіпті шетел жұртшылығына таныстыруда. Жетіжылдық тұсында республиканың бірнеше коллективі Отанымыздың астанасы Москвада болды. Рухани байлықтарды алмасуда 1964 жылы октябрь айында Қазақстанда өткізілген орыс әдебиеті мен өнерінің онкүндігінің маңызы ерекше зор. Қазақ халқының әдебиеті мен өнері, жалпы мәдениеті ұлы орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетінен үлгі-өнеге алып, әр уақыт ұлы орыс халқы қайраткерлерінің көмегіне сүйене дамып, шарықтап келеді.

Социалистік мәдениеттің күрделі саласы, халықты коммунистік рухта тәрбиелеуде маңызды құралдың бірі — кино. В. И. Ленин барлық өнердің ішінде бізге ең маңыздысы — кино деп көрсеткен болатын. Еңбекшілердің рухани өмірін байытуда және мәдени дәрежесін көтеруде

киноның мүмкіншілігі мол. Соңғы жылдары қазақ кинематографиясының материалдық және творчестволық өрісі ұлғайды, жас кадрлар өсіп жетілді.

1959 жылдың январынан 1965 жылдың январына дейін республиканың кино тораптары екі есе көбейді, қалаларда 500—800 орындық жаңа кинотеатрлар салынды, көп жерлерге кең экранды кино орнады. 80 үйден кем емес елді мекеннің бәрінде қазір тұрақты кино қондырғы бар. Осы мерзім ішінде кино көрушілер саны 1,5 есе өсті. Кино тораптары жұмысының кең тараған түрлері — ғылым мен техника жетістіктерін насихаттайтын фильмдер фестивалдары, социалистік елдер фильмдерінің фестивалдары. Соңғы жылдардағы тағы бір болашағы зор жаңалық — бұқаралық кино өнерпаздықтың өріс алуы.

Халықтың мәдениеті радионың мол тарауына да байланысты. В. И. Ленин радионы қағазсыз және алыстықты білмейтін газет деген еді. Жетіжылдық тұсында республикамыздың барлық елді мекенін радиоландыру негізінен аяқталды. Радио тораптардың, радио қабылдағыштардың және радио нүктелердің саны бірнеше есе артты. 1965 жылдың бірінші январына дейін республикада 700 мыңнан аса радио тораптары, бір миллион бір жүз мыңдай радио нүктелері болды. Радио еңбекшілерді ғылым мен техниканың, әдебиет пен өнердің жаңалықтарымен таныстырады, олардың білімін, ой-өрісін, эстетикалық талғамын байытады, жұмысшылар мен шаруалардың дүниеге маркстік-лениндік көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Радио әр үйді, әр семьяны қамтып, партияның сөзін, коммунизм идеясын, ән-биді, музыканы, спектакльді, операны, көркем шығарманы тыңдаушыларға тез жеткізеді. Сондықтан да радионың тәрбиелік маңызы, халық мәдениетін көтеруге көмегі зор. Республикамыздың қала, ауыл-село жұртшылығының күнделікті өміріне, салт-санасына, материалдық-рухани тұрмысына қазіргі заманда радио әбден етене болып отыр.

Сондай-ақ республикамызда телевизия да кең канат жайып келеді. Қазақстан халқы алғаш рет тек 1958 жылдан бастап телевизиямен танысқан болса, қазір оның мыңдаған көрушілері, тыңдаушылары бар. Қазір көптеген облыс орталығы, бірсыпыра қалалар мен селолық аудандар телевизия игілігімен пайдаланады. Көп ұзамай республикамыздың еңбекшілері телевизия программасы мен материалдарын Москвадан, Ленинградтан, одақтас республикалардың және социалистік елдердің астаналарынан қабылдап, көретін болады.

Қазақстан мәдениетінің қарыштап алға кеткенін баспасөздің жетістіктерінен де айқын көреміз. Баспасөз органдары — партияның халықпен байланыс жасауын қамтамасыз ететін, халықты партия төңірегіне топтастырып отыратын күшті құралдардың бірі. В. И. Ленин баспасөздің, кітаптың оқушыға жетуі үшін барлық жағдайды жасау керек деді. «Сонда халық сауаттылыққа, жарыққа, білімге жүз есе күштірек, тезірек, табыстырақ ұмтылатын болады» (Шығармалар, 32-том, 123-бет).

Партия елімізде кітаптардың көптеп шығарылуына әрдайым қамқорлық жасап отырады. Дүние жүзілік кітап санағының деректеріне қарағанда жер жүзінде шығатын әрбір төртінші кітап — біздің советтік кітап. Совет Одағында кітап — еңбекшілердің рухани азығы, адамзаттың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған ой-пікірінің сарқылмас қазынасы.

Қазақстанда алдыңғы қатарлы техникамен жабдықталған баспа ісінің материалдық-техникалық базасы жасалды, полиграфия өнеркәсібі жетілдіріліп, іскер маман кадрлармен молықты. Жетіжылдық тұсында республикада жыл сайын орта есеппен бір жарым мың кітап 15—16 миллион дана тиражбен шығып тұрды. Газеттердің бір жолғы тиражы — 3 миллионға, ал журналдардың тиражы 900 мыңға жетті.

Қазақстанда кітапханалардың көбеюі, әр елді мекенде орналасуы — мәдени революцияның жемісі, қоғамдық және рухани өмірдегі тамаша

өзгерістердің көрінісі. В. И. Ленин кітапханалардың молаюы, олардың жақсы жұмыс істеуі — бүкіл мемлекеттің және халықтың мәдени дәрежесі өскендігінің айқын белгісі деген болатын.

Қазақстан экономикасының тез өрге басуы нәтижесінде кітапханаларға жұмсалатын қаржы да артып, олардың материалдық-техникалық базасы нығайды. Тек Мәдениет министрлігінің қарамағындағы кітапханаларды әдебиеттермен толықтырып отыруға жыл сайын мемлекеттік бюджеттен 2,5 миллион сомдай қаржы бөлінеді. Мұнымен бірге кітапханаларды жабдықтауға кәсіподақтар мен колхоздар да көп қаржы жұмсайды.

Колхоздардың кітапханаларға материалдық жәрдем көрсетуі, біріншіден, олардың экономикасының нығайғанын білдірсе, екіншіден, колхозшылардың мәдени тілектерінің қатты өскеніне дәлел. Қазақстандағы көпшілік кітапханаларының 84 проценті қазір колхоздар мен совхоздарда. Ауыл-село еңбеккерлерінің кітапқа құштарлығы — заңды құбылыс. Ауыл шаруашылық өндірісіне көптеген күрделі машиналардың енгізілуі, оны химияландыру село еңбеккерлерінен үнемі білімін көтеруді талап етеді. Ал мұның өзі кітапқа құштарлықты, былайша айтқанда, кітапханалар жұмысын қазіргі талапқа сай жүргізу мақсатын көздейді.

Халықтың кітапқа деген ынтасы тек ғылымды, техниканы меңгеруге және халық шаруашылығының мұқтажына ғана байланысты емес. Бұл — совет қоғамы дамуының заңдылығы. Дүние жүзінде не болып жатқанын білуге, саясат, экономика жаңалықтарымен, әдебиет, өнер жетістіктерімен танысып отыруға үнемі ұмтылатын совет адамдарына бұл бірден-бір тән құбылыс. Тағы бір жағдайды ескермей болмайды. Қазір біздің республикамызда халықтың төрттен бірі әр түрлі оқуға тартылған.

Мәдениетке мұқтаждықты мәдениеттің өзі тудырады. Халықтың мәдениеті жоғарылаған сайын оның рухани тілектері де өсе түседі. Сондықтан орта және жоғары білімді адамдар көбеюімен бірге, олардың кітапқа зәрулігі арта түседі. Қазірдің өзінде өнеркәсіп пен совхоз жұмысшыларының жартысынан көбінің орта және одан жоғары білімі бар.

Мәдениеттің барлық саласының аршындаған адымынан, мұны дәлелдейтін нақты мағлұматтардан жалпы қорытындылар шығаруымызға болады. Коммунистік қоғам орнатуды кеңінен өрістетуді дәуірінде ой еңбегі мен дене еңбегінің, қала мен деревняның мәдени айырмашылықтары бұрынғысынан шапшаңырақ қарқынмен жойыла бастады.

Қазақстан мәдениеті — көп ұлтты совет мәдениетінің бір бұтағы, ол барлық туысқан республикалардың мәдениет қазынасын бойына сіңіріп отырады. Қазіргі кезеңнің өте маңызды ерекшелігінің бірі — ұлт мәдениеттері гүлденіп дамумен бірге неғұрлым жақындаса түсті, олар бірін бірі байытып келеді.

Партияның жаңа Программасында былай делінген: «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасының құрылысы совет халықтарының бұрынғыдан да тығыз бірлесуіне жеткізеді. Ұлттар арасында материалдық, рухани байлықтарды алмасу барған сайын күшейіп, коммунистік құрылыстың ортақ ісіне әрбір республиканың қосатын үлесі артады. Таптар арасындағы шектердің жойылып, коммунистік қоғам қатынастарының дамуы ұлттардың әлеуметтік біртектілігін күшейтеді, мәдениеттің, моральдың, тұрмыстың коммунистік ортақ сыйпаттарын дамытуға, ұлттардың өзара сенімін, достығын онан сайын күшейтуге жәрдемші болады».

Ә. ҚАНАПИН,

тарих ғылымының кандидаты.

# КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

(Бейімбет Майлиннің туғанына 70 жыл толуына)

ТАХАУИ АХТАНОВ,

жазушы

Мүшелді мерекесінде көп жазушылар-ақ мактауға қарық боп қалады. Жетпіс жылдық мерекесі тұсында Бейімбет Майлин де жақсы сөзден тапшылық көрмейтіні хақ. Осы мақаланы сол ұлы дүбірге үн қосып қалу үшін ғана жазып отырғанымыз жоқ. Бейімбет Майлинді көре алмай, қалғандардың мен де бірімін. Оны көрген, жақын білетін адамдар Майлин аса кішіпейіл, қарапайым, сөзге сараң кісі еді дейді. Ондай кісілер көбіне томаға тұйық, барын ішіне бүккен бітеу болады. Ал Бейімбет деген араның жұртқа жаны ашық, мейірімі мол болса керек. Өзін көрмесем де, шығармасын оқығанда осы айтылған сөздерге кәміл сенем. Өйткені жазушының бар болмысы шығармасынан көрінеді.

Бейімбет өмірде де, шығармаларында да лепірме қызыл сөзден тіпті аулақ болған адам. Ол туралы сөз айтқанда да көпіртіп сөйлеу келіспейтін сияқты. Әйтсе де осы жазушының туындыларын оқығанда, ол туралы ойлағанда көбіне-ақ сүйсініп қайран қаламын да, тіліме асқақ теңеулер орала береді. Бейімбеттен қалған қазына — ұлан-байтақ тұтас бір өмір десек, артық болар ма екен. Жазушы қалдырған дүниенің аумағы (кітабының санын айтпаймын) қандай ірі суреткерге де жеңіл жүк емес. Онда қазақ өмірінің тұтас бір ең қызықты дәуірі жатыр. Ол дәуір Октябрь революциясынан бастап отызыншы жылдарды орталағанға шейінгі ел өмірі, сол тарихи жаңару дәуіріндегі қазақ шаруасының саяси, рухани өсуі, оның таптық, ұлттық психологиясындағы терең өзгерістер.

Жазушы Бейімбетті зерттеуші ғалымға теңеуге болар еді. Оның лабораториясы — бүкіл халық, зерттегені ел өмірі, адам характері, психологиясы. Майлин жасаған тамаша характерлерді санап шығудың өзі оңай емес. Оның шығармаларында сан алуан естен кетпес бейнелер жүр. Сол кезде заман туғызған біраз характерлер қазір біздің арамызда жоқ, заман өзгере келе адам да өзгереді. Сондықтан да соларды кәдімгі арамызда жүргендей жанды қалпында сақтап қалған жазушыға көптен көп рахмет айтқын келеді. Бейімбет болмаса, сонау жылдардағы қазақ шындығы туғызған талай қайталанбас қызық-қызық бейнелер біздің әдебиетімізге келмес еді.

Жалбыр, Таңсық, Мұқыш, Айша, Раушан, Берен, Бәкен, көк сиырлы Дайрабай, Арыстанбайдың Мұқышы, Азамат Азаматыч... Бұл тізімді соза беруге болады. Осылардың әрқайсысы типтік дәрежеге көтерілген жанды бейнелер. Бейімбет шығармаларын оқығанда бұлардың бәрін көргендей, бәрімен бірге жүргендей боламыз. Сөйтіп Бейімбет жасаған ондаған образсыз қазақ әдебиетінің портреттер галлерейасы ойсырап тұрар еді. Бейімбеттің шыншылдығы мен шеберлігі, ұшқыр жинақылығы, осы заманғы ең алдыңғы қатарлы әдебиеттің дәрежесінде тұрған сан алуан әңгімелері мен повестері болмаса, жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы қазақ өмірін көрсетуде біздің әдебиет дәл бүгінгідей мақтана алмас еді. Майлин өмір сүрген өз заманын жазған адам.

Сол кезде әдебиетіміздің жастығынан көп жазушылар схематизм мен карадүрсіндікке бой ұрып, өмірдегі сыртқы құбылыс, өзгерістерді жазса, өзгеріс құбылыстарын көрсетудің орнына өзгерістің нәтижесін

ғана берсе, Майлин өмір диалектикасына терең үңіле білген. Көшпелі халықтың санасы мен психологиясындағы өзгерісті жіті көзбен, көңіл көзімен көріп, шынайы көркемдікпен аша білген. Сөйтіп шын мәнінде жаңалықтың жаршысы болған суреткер.

Бейімбет шығармаларының тағы бір абзал қасиеті — азаматтық сарынның күштілігі. Шебер суретші өмірді көрсетіп қана қоймайды, бүкіл талантымен сол өмір үшін, халықтың қамы үшін күреседі, өмірдегі кедергі болар жайларды, әділетсіздікті ашкерелейді. Жазушы өз халқы үшін, социалистік әділет үшін екі майданда күрес жүргізеді. Бірі — тап жаулары — байлар, солардың құйыршықтары болса, екіншісі — совет жолын бұрмалаушы жалған белсенділер, топас әкімдер, жеке басының қамы үшін ел мақсатын сататын мансапқорлар. Бұларға келгенде жазушы ащы мысқылмен ғана шектелмей, отты публицистикаға да ауысып кетеді.

Б. Майлиннің көркемдік әдісі өз тұрғыластарының көбінен ілгері болды. Сондықтан да ол әр құбылыстың тереңіне үңілді. Социалистік өзгерістерді суреттегенде оны қалың бұқара халықтың тұрмысымен берік тамырластыра көрсетті. Ондай шығармалар жазушыда көп. «Қара шелек», «Ұлбосын», «Берен»... Бұл атауларды да жалғастыра беруге болады. Және олардың бірінің дәрежесі жоғары, бірінің дәрежесі төмендеу деп айтуға да кісі қиналады.

«Раушан-коммунист» те осылардың сапындағы шығарма, өзгелері сияқты осы шығарма да өмір процесін шыншыл да терең көрсетуде үлгі болар еді. Жазушы қараңғы қазақ әйелінің совет заманында санасы оянып, коммунист дәрежесіне дейін көтерілгенін тамаша суреттеген. Раушанның санасына кірген өзгерістер кездейсоқ нәрсе емес, әр-беріден соң жеке адамның үгіт-насихатының нәтижесі де емес, Октябрьден кейінгі өмірден туған, бүкіл халықтың санасына кіре бастаған өзгерістер. Екінші жағынан, бұл коммунистік идеяның халықтың сана-сезімімен, ой-арманымен қабысуы. Бұл айтар ауызға ғана жеңіл. Дәл осылай етіп идеяны көркем шығармада беру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл — Бейімбет шеберлігі.

Осы біз жылтырақты сұлу деп, жылтырата білгенді шебер деп ойлайтын болармыз: сырты жұпыны, қарапайым ғана жазатын Бейімбетті шебер деуге аузымыз бармайтын сияқты. Шынында да Майлиннің әңгімелері, повестері әп-әдемі, шебер жасалған туындылар ғана емес, тура өмірдің өзі сияқты. Раушан да өмірдің тура өзі. Оймақтай әшекейі, титімдей де бөгде қоспасы жоқ. Бірақ қараңызшы, қаншалықты сүйкімді жанды бейне. Көп мінезіне күліп, кейде оған жаныңыз ашып, бүкіл болмысына іштей сүйсініп отырмайсыз ба. Ал Раушанның күйеуі Бәкен ше? Оның мінезі мен ісіне шек-сілен қатып күлесін де қиналасың. Надандығына күйінесін. «Әттен, өзіне түсіндіріп, жөн сілтеп жіберер ме еді» деп кіжініп отырасың. Тура қанын сорғалатып, халықтың қалың ортасынан алынған бейне емес пе?! Оқушыны суығына тондырып, ыстығына күйдіріп, толқыта білген шығарма, белгілі бір дәуірдегі өмірді мөлдіретіп, сол қалпында көз алдына әкелген шығарма, шеберліктің шыңы емес деп кім айта алады? Бұл — Бейімбет шеберлігі. Әшекей айшықсыз, шынайы шеберлік.

Қазақ совет әдебиетінің қырық-елу жылдық тарихы реализмді, социалистік реализмді іздеу тарихы десек, қателеспеспіз. Социалистік реализм аспаннан түскен жоқ. Ол дүние жүзі әдебиеті ғасырлар асып, шыңға көтерген сыншыл реализмнің топырағында туған; соған жаңа социалистік мағына, бағыт беретін, заңды жалғасы. Сондықтан да жалпы реализмді меңгермей жатып, социалистік реализмнің құнды туындыларын жасау мүмкін емес. Ал жас әдебиетке реализм бір күнде, оп-онай келмейді. Осы орайда Б. Майлин — біздің әдебиеттегі ерекше құбылыс.

Абзалы, жаңа туып келе жатқан жас әдебиет өкілдерінің реализмі романтикалық сарындағы Гюго, Лондон, лирико-романтикалық әуені басымы Тургенев сияқты жазушыларға үйір болады. Майлин «Шұғадан» кейін өзгеше, соны жолға ауысты. Ол сыншыл реализмнің соңғы биігі — Чехов арнасына түсті. Әрине, Бейімбет Чеховқа тікелей еліктеген жоқ. Чехов сияқты әдебиетке ұлы өзгеріс енгізген, жаңашыл адамға тікелей еліктеу мүмкін де емес. Майлин де, Чехов сияқты, әдебиеттің канондарын бұзды. Дәстүрлі тақырыптар мен дәстүрлі кейіпкерлерге, сюжет, композиция заңдарына жанаша қарады. Әдебиеттегі үлкен мен кіші туралы ұғымға өзгеріс енгізді. Ойымыз түсінікті болу үшін мысалдап сөйлеп көрелік. Біздің әдебиетте тіпті соңғы кезге дейін кейіпкерлерді ерекше, күнделікті тіршілікпен әлек боп жүрген пенделерден оқшау етіп алуға бейімдік күшті. Сонау революция, ауылды советтендіру тұсындағы әйелден алған кейіпкерлеріміз де өз ортасынан оғаш, дара тұрады.

Жасыратыны жоқ, осыдан барып жасандылық, схематизм дегендер қоздайды. Ал Бейімбет өмірді шығарманың сюжеттік заңына иіп әкелуге қарсы болды, оқиғаның дамуын өмірдің өз логикасына бағындырды. Сол сияқты кейіпкерлерін де жылтырап сырт көзге түсе қоймайтын ауылдағы екінің бірінен іздеді. Жұрт күнде көріп, аңғармай жүрген оқиғаның ерекше сырын ашты, көзге қораш қарапайым адамның ірілігін көрсетті. «Қара шелектегі» Айшаны қараңызшы. Қәдімгі ескі ауылдағы от басындағы қазақтың әйелі. Өзі қатарлы әйелдерден артық-кемдігі де жоқ. Қазан-ошағының қамымен, Қожағұлдың тоқалы сындырып тастаған қара шелегінің уайымымен әуре боп жүр. Сол Айша жаңа құрылған колхозға бастық боп сайланады. Ал оқушы Айшаның жаңа тұрмысқа жанын сала араласатынына, көп нәрсеге көзінің ашылатынына сенеді. Осы шағын әңгімедегі Айша қайталанбас жеке-дара характер бола тұра, белгілі үлкен дәуірдегі қазақ әйелінің типтік тұлғасы.

Б. Майлиннің бізге үлкен өнеге болатын көркемдік қасиеті — қарапайымдығы. Онда өзі бастаған жас әдебиетке тән әшекейге, бірден бетке ұратын арзан әсерге құмарлық жоқ. Оқиға таңдауда да, сөз өрнегінде де ол әсіре қызыл атаулымен қас. Кісіні тайғанақ мұзға тағасыз түскен аттай сырғытып әкететін сөздегі дыбыс қуалау, үстеме тенеу, эпитеттер, арзанқол нақыл сөздер Бейімбет тілінде кездеспейді. Ол өз ойын ұғындыру үшін, яки кейіпкерінің бейнесін, қимыл-әрекетін беру үшін орағытып тенеу іздеп, тап баса алмай жанай сыйпап жүрмейді, қарапайым ұтқыр сөзбен қолға ұстатқандай образдар жасайды. Майлин шығармасының қарапайымдығы кейбір жазушыларда болатын қарадүрсін, оймен суретке шорқақтық емес, сөз паркын білген, көркемдіктің табиғатын түсінген кексе шеберлік.

Жазушының шеберлігі оқып, үйренуде ғана емес, бүкіл талантының табиғатында жатыр ма деген ойға келесін. Абзалы, солай болса керек. Бейімбет — ғажап юморист. Оның шығармаларынан кісінің рахаттанып күлмей оқитындары аз болады. Шіркін, қолдан келсе юмор деген шығарманың бетіне шығып тұрған нұры емес па? Әр жазушы-ақ ара-кідік оқушыны күлдіріп, кітабына әр беруге талпынады. Ал Бейімбет оқушысын рахат күлкіге батырып отырады, бірақ былай қарасаң ол еш уақытта күлдіргі оқиға, мінездерді іздемейді. Осы арада жұртты бір күлдіріп аламын-ау деген ойында да жоқ. Тек заңды түрде дамып, суреттеліп келе жатқан оқиғаның, адам мінездерінің өзінде жарқылдап күлкі ойнап тұрады. Әрине, бұл — таланттың табиғаты, қайталанбас асыл қасиеті.

Бейімбеттің қазақ поэзиясына енгізген үлкен жаналығы да терең зерттеуді керек етеді. Тек айта кететін нәрсе, Майлин акын есебінде қазақ поэзиясына жаңа ырғақ, интонация, реалистік дәстүр әкелді. Ол Сәкен Сейфуллинмен бірге қазақ өлеңінің жаңашылдары Махамбет, Абай дәстүрін жалғаушы. Әрине, Бейімбеттің акындық стилі поэзияға бірден-бір үлгі десек, қазақ поэзиясының өресін тарылтқан болар едік. Бірақ

сонымен бірге Бейімбеттің ақындық шығармалары—қазақ поэзиясының даму жолындағы бір арнасы. Біраз уақыт көтеріңкі романтизмге, құрғақ пафосқа бой ұрған поэзиямыз қазір өмірге тереңірек бойлауға бет бұрды. Ақындарымыз осы іздену сапарында Бейімбет тәжірибесіне көбірек үнілетін сияқты. Бү да Бейімбеттің поэзиядағы тенденциясының өмірі ұзақтығын көрсетеді. Расында поэзиядағы Бейімбет пен прозадағы Бейімбет бір-бірінен бөлек емес. Оның өлеңі мен қара сөзінің табиғаты бір. Жазушы қай жанрда болсын қазақ әдебиетіне реализм мектебін дендеп енгізді.

Бейімбет сияқты жазушы туралы сөз айтқанда оны бүкіл қазақ совет әдебиетінің даму жолынан бөліп алуға болмайды. Өйткені оның өзі—сол жолдың үлкен бір арнасы. Осы арада екі жағдайды ескере кеткім келеді. Біріншісі—әдебиетті дәуірге бөлу мәселесі. Біздің әдебиетші ғалымдар әдебиеттің даму жолын әрбір он жылға немесе ел басынан кешкен әрбір кезеңге текшелеп бөледі. Бір орайдан бү да дұрыс шығар. Оған дауым жоқ. Бірақ менінше, әдебиеттің өзгелер ертеден білсе де біз аңғармай жүрген өзгеше тарихи дәуірлері бар тәрізді. Әдебиетке келген ұлы шығармалар, яки шынайы соны шеберлер сол әдебиет үшін жеке дәуір болып қалмақ. Әдебиетіміздің асқар белі боп М. Әуезовтың «Абай жолы» тұрса, сонымен қатарласа, жанаса Бейімбеттің биік асуы жатыр. Бұл екеуі де әдебиетіміздің кешегі күніне қойылған өшпес белгілер ғана емес, дамып ілгері баратын, алға сүйрейтін жолдар.

Екінші бір ескеріп ойға алғым келгені—бізде қалыптасқан үстірт ұғымдар бар. Кейде төмен қол өлеңдер мен прозаны оқығанда «бұл баяғы отызыншы жылдардың дәрежесінде екен» дейміз. Сонымен жиырма-сыныншы, отызыншы жылдардағы яки одан арғы әдебиет дәрежесінің төмендігіне қол қоятын сияқтымыз. Ал енді мына қайшылықты қараңыз. Сонау Абайды айтпай-ақ қояйын. Ал отызыншы жылдары жазылған Ілиястың «Күйші» поэмасын алып қараңызшы. Формасының сом тұтастығы жағынан, от екпінді жырға қиыннан келіп қиысқан психологиялық нәзіктігі, тереңдігі жағынан осыған тең түсетін қазақ өлеңімен жазылған шығармалардың қаншасын атай аласыз? Әрине, әдебиет әрқашан дами бермек. Бірақ әдебиеттің даму жолы тақтайдай жазық, ылғи өрге тартылған тіке сызық емес. Өмір сияқты, оның да ылдны мен өрі бар, бұлтарыс-бұраланы бар. Мұнда бүгінгінің бәрі кешегіден міндетті түрде артық бола бермейді. Тереңірек ойлап қарасақ, бұл әдебиеттің ілгерілеу тенденциясына қайшы келмейді, қайта тамаша туындылардың өлмес, өміршіл қабілетін айқындай түседі.

Б. Майлиннің жасы жетпіске енді келсе де, творчестволық, өмірлік жолы отызыншы жылдары тұйықталды. Оның шығармаларын әдебиетіміздің алғашқы дәуіріне жатқызамыз. Ал оның жазғандарын оқығанда бүгінгі әдебиеттен іздегеніңізді табасыз. Майлиннің прозасы мен поэзиясынан қазақ жазушыларының дәл қазіргі ізденіп жүрген жолын, әдебиетте дамып келе жатқан көркемдік-эстетикалық тенденцияны көресіз. Әрине, қазіргі көктеп келе жатқан әдеби құбылыстар Майлинді тікелей қайталамайды, оған жалаң еліктемейді, оны жалғастырады.

Осы арада ойланатын тағы бір қызық жағдай бар. Біздің әдебиетте ұзақ уақыт Майлин салған жол жіңішкеріп кетті. Біз Майлинді енді ғана ашып келеміз. Оның себебі неде? Бұл, әрине, жазушының қайғылы тағдырына ғана байланысты емес. Ендеше шамамыз келгенше осының себебіне үніліп көрелік.

Көбіміз-ақ осы күнге дейін Бейімбет аты аталса ең алдымен «Шұғаның белгісін» еске аламыз. Жасыратыны жоқ, соны Бейімбеттің биігі деп санаймыз. Рас, «Шұғаның белгісі» поэзия мен лирикаға толы шебер жазылған шығарма. Ол әдебиеттің балауса жас кезіне тән туынды. Және өз тұстастарынан жеке-дара оқшау тұрған жоқ. Сол дәрежеде Сұлтан-Махмұттың прозадағы алғашқы тәжірибесі «Қамар сұлу» және де



басқа замандастарының повестері тұр. Шынын айтсақ, Әуезовтың драмалық «Еңлік-Кебегі» кең тынысы, өмір шындығының тереңдігі жағынан солардың қай-қайсынан да ілгері.

Ал Бейімбет талантының күштілігі сонда: «Шұғаның белгісі» оның биігі емес, тек алғашқы адымы ғана. Және бір ғажабы, Шұғаның бейнесі мен «Қара шелектегі» Айша, өзге шығармалардағы Күлпәш, Шәрипа, Раушан образдарының арасында тұтас бір дәуір жатыр. Әуезовтілімен айтқанда: Шұға Шиллер геройларына тән бір-бір ғана импульстың (ынтызарлықтың) құлы болса, соңғы аталған жұпыны әйелдер образдарында Чехов реализмінің кеңдігі, тереңдігі жатыр. Алғашқы қадамында Шұғасымен романтизмге, казак әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыпқа сәлем берген Бейімбет, содан кейін оған қайтып оралмай, реализмнің кең арнасына түседі. Сөйтіп Бейімбет әдебиет ұзақ жылдар өтіп жетілетін жолға жедел түсті, ерте ер жетті.

Шынында да жас әдебиет сентиментализм мен романтизмнен бірден аттап өте алмайды. Сонымен бірге белгілі дәстүрлі тақырыптар, сюжеттік қаңқалар, үйреншікті көркемдік атрибуттар ұзақ уақытқа дейін қалмайды. Керек десеніз, әлі де қалмай келеді. Екінші жағынан, жазушының ғана емес, оқушының да өсу жолы бар. Оның да шығарманы қабылдаудағы эстетикалық талғамы бір күнде, не бір жылда өзгермейді. Эстетикалық талғамы фольклорда тәрбиеленген оқушы қарапайым өмір құбылысы, өзінің күнде көріп, басынан кешіп жүрген істері туралы оқыса, оны көркем шығарма санатына жатқызғысы келмейді. Оған аса бір ерекше, екінші бірінші басында болмайтын, оқшау, керемет оқиғалар, айрықша дара геройлар керек. Б. Майлин осындай тұста казак әдебиеті әлеміне келді. Бір есептен өз заманынан ертерек туды. Майлин ізінің ұзақ жылдар жіңішкеріп кетуіне, оны шын мәнісінде енді аша бастауымызға себеп болған да осы жағдай болса керек.

Бейімбет туындылары — риясыз таза шындық, бөгде қоспасы жоқ мөлдір шындық, өзі жасаған замандағы казак өмірінің айнасы. Ол айна халық болмысының сырт құбылысын, адамдардың сан алуан характерлерінің суретін түсіріп қана қоймаған, сонымен бірге өмірдің терең ағымдарын, адамдардың рухани бейнесін де тамаша түсірген. Ұлы өзгеріс, қоғамдағы түбірлі өзгеріс жылдарындағы казак қоғамының диалектикасын аша білген. Майлин шығармаларының басым көпшілігі — казак шаруасының санасына Октябрьмен кірген өзгерістер, жаңалықтар шежіресі.

Үлкен жазушы бізге социалистік реализмнің шынайы шындығын, терең шындығын өнеге етіп кетті. Сұлулықты әшекей жылтырақтан аршып, қарапайым ұлы қалпында көрсетті.

Қорыта айтқанда бүгінгі күнгі өрісі кең, өресі биік казак совет әдебиетінің ірге тасын қаласушылардың бірі Бейімбет Майлиннің шалқар мәдениетіміз тарихындағы орны үлкен. Оның толып жатқан өлеңдері мен поэмалары, әңгімелері мен очерктері, новеллалары мен фельетондары, повестері мен пьесалары халқымыздың рухани азығына айналды. Әсіресе Бейімбет шығармаларының, ол жасаған ұнамды образдардың тәрбиелік, өнегелік маңызы ғажап. Сондықтан Б. Майлиннің абзал есімін, әдеби мұрасын әрдайым қастерлеп, оның творчестволық жолын байсалдылықпен, ойлана зерттеу — бәріміздің парызымыз.

## АРТТА ҚАЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ КАПИТАЛИСТІК ЕМЕС ЖОЛМЕН ДАМУЫ

Артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуы туралы теория В. И. Лениннің ұлт-отарлық революция жөніндегі ілімінің негізгі бір тарауы болып саналады. Ол империализм дәуіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар мен Ұлы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесін мұқият зерттей отырып, ұлт-отарлық революция және артта қалған елдердің капиталистік емес жолмен дамуы туралы теория жасады; езілген халықтардың бостандық, демократия, социализм жолындағы күресінің жеңісті болу жолдары мен құралдарын белгілеп берді.

В. И. Ленин ұлт-отарлық революция туралы мәселені пролетарлық революцияның теориясына бағындырып, ұлт-отар мәселесін шешуді пролетариаттың жеңісі жөніндегі басты мәселемен тығыз байланыстырды.

Капитализм өзінің империалистік даму сатысында ұлттарды шексіз қанаушыға айналғаны мәлім. Капитализммен бірге туған ұлттық буржуазиялық мемлекеттер капитализмнің даму барысында көптеген елдерді күшпен бағындырып, олардың сан миллион халқын құлдық пен тәуелділікке ұшыратты. Осы кезеңнің қарсаңында буржуазиялық ірі мемлекеттер дүние жүзінің көптеген елін жаулап алып, оларды отарға айналдырды. Ең ақырында келіп империализм дәуірінде дүние жүзін қайта бөліске салу, отар елдердің халқын аяусыз қанап, тонау үшін қанқұйлы империалистік соғыстар басталды. Осыған байланысты В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген еңбегінде: «феодализмге қарсы күресте капитализм ұлт азатшысы болған болса, империалистік капитализм ұлттардың сұмдық езушісіне айналды...» деп жазды (Шығармалар, 21-том, 306-бет).

Ұлттық езі мен капиталистік қанаудың күшеюі халық бұқарасының наразылығын қатты шиеленістірді. Отар және тәуелді елдер халықтарының империализмге қарсы ұлт-отарлық қозғалысы өрістеп, ол метрополия пролетариатының революциялық күресімен ұштасты. Мұның өзі империализмге қарсы бірыңғай майдан құруға негіз болды. Отаршылдық системаға қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс империализмнің іргесін шайқалтып, неғұрлым дамыған елдер жұмысшыларының империализмге қарсы жасалатын революциялық шабуылын едәуір жеңілдетті. Түптеп келгенде, жұмысшылардың революциялық күресі езілген ұлттардың тәуелсіздік жолындағы қозғалысын жеңіске жеткізді.

II Интернационал партияларының лидерлері ұлт-азаттық қозғалысының мәнін кемсітіп, оны социалистік революцияның құрамды бөлігі деп танымады. Центристер, оның ішінде троцкистер де империализм заманындағы ұлт-азаттық соғыстарын мүлде теріске шығарды. Бухарин мен Пятаков империализм кезінде ұлт-азаттық соғыстарының болуы мүмкін емес деп топшылады. Олар ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі программалық талапқа өршелене қарсы шықты.

В. И. Ленин былай деп көрсеткен болатын: империализм дәуірінде ұлт-азаттық соғыстарын мойындамау—империализмді қорғау, пролетарлық революцияның мол резервін есептен шығарып тастау деген сөз.

Пролетариат отар және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық күресін барынша қолдап отыруға тиіс.

Коммунистер ұлт-азаттық соғыстардың прогрестік революциялық маңызын әрдайым мойындап келді. Олар — тәуелсіздік жолындағы ең белсенді күрескерлер. Коммунистердің көздеген мақсаты ұлттардың ең түпкі мүдделеріне толық сай келеді. Совет Одағы Коммунистік партиясының Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезіндегі тәжірибесі бұған айқын дәлел. Коммунистік партия Россиядағы барлық революциялық қозғалыстарды біртұтас күшке айналдырды. Тарихи тәжірибе отар және тәуелді елдерде социалистік революция ұлт-азаттық, аграрлық қозғалыстың дамуы және оның жұмысшы қозғалысымен қосылуы нәтижесінде ғана жеңіске жете алатынын дәлелдеп берді.

Rоссиядағы бұрынғы отар халықтардың ұлттық, әлеуметтік бостанпыққа жету жолындағы ұлт-азаттық және аграрлық революциялық қозғалыстары Октябрь революциясымен біртұтас революциялық процесс ретінде дамыды. Атап айтқанда, Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістер Октябрь революциясының жеңісін едәуір жеңілдетті.

В. И. Ленин Орта Азия республикалары мен Қазақстанда және басқа шет аймақтарда шаруалар советтерін, еңбекшілер советтерін ұйымдастыру қажеттігін ұсынды. «Бұрын патша өкіметіне қараған отарларда, Түркстан және басқалары сияқты артта қалған елдерде орыс коммунистерінің практикалық жұмысы біздің алдымызға коммунистік тактика мен саясатты капиталистікке дейінгі жағдайларда қалай қолданып отыру керек деген мәселені қойды, өйткені бұл елдердің ең басты сипатты белгісі бұл елдерде әлде де болса капиталистікке дейінгі қатынастардың үстем болып отырғандығы, сондықтан да бұларда таза пролетарлық қозғалыс туралы сөз болуы да мүмкін емес... жұмысымыздың практикалық нәтижелері... тіпті пролетариаты жоқ дерлік жерде де бұқараны дербес саяси ойлауға және дербес саяси іске ұмтылдыруға болатынын да көрсетті» (Шығармалар, 31-том, 242-бет).

Ұлт-азаттық қозғалысының күшеюіне Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы аса қуатты қозғау салды. Ұлы Октябрь революциясы Шығысты оятып, отар халықтарды бүкіл дүние жүзілік революциялық қозғалыстың жалпы ағысына қосты.

Ұлы Октябрь революциясы дүние жүзілік империализмге күшті соққы болып тиді. Бұл революция оның отаршылдық системасын әлсіретті. Бұдан соңғы жерде отарлар мен тәуелді елдерде ұлт-азаттық қозғалысы өріс алды. «Социализмнің дүниеге келуі, — деп көрсетілген КПСС Программасында, — езілген халықтарды азат ету дәуірінің басталғаны болып табылады».

Екінші дүние жүзілік соғыста Совет Одағының жеңіске жетуі, Еуропа мен Азияның бірқатар елінде халықтық-демократиялық құрылыстың орнатылуы, социализмнің дүние жүзілік системасының құрылуы империализмнің отаршылдық системасының ыдырауын оған әрі тездетті. Социализм күштері отар және тәуелді елдер халықтарының империализмге қарсы азаттық күресіне аса зор ықпал етіп, шешуші көмек көрсетті.

Қазіргі кезде халықаралық жұмысшы қозғалысы ұлт-азаттық қозғалысқа үлкен сүйеніш болып отыр. Ұлт-азаттық қозғалыстың тегеурінді күші империализмнің отаршылдық системасына күйрете соққы берді. Мұның өзі тарихи маңызы жағынан социализмнің дүние жүзілік системасы құрылғаннан кейінгі жердегі қазіргі заманғы екінші күбылыс болып саналады.

Дүние жүзінің орасан зор аймағында ұлт-азаттық қозғалысы салтанат құрды. Азия, Африка халықтарының басым көпшілігі отаршылдықтың бұғауын жұлып тастап, ұлттық тәуелсіздікке жетті. Азаттық қозғалысының шарпуы әлемнің екінші бөлегіне де таралып, Латын Америка-

сының халықтары да американизмнің тепкісінен құтылу жолына түсті. Куба халқының ұлт-азаттық күресте және социалистік құрылыста табысқа жетуі бұған толық дәлел. Бұрынғы отарлар мен тәуелді елдердің 1,5 миллиардтай адамы ұлттық тәуелсіздікке жетіп, оның біркатары социализм лагеріне қосылды. «Олардың халықтары... — деп көрсетілген КПСС Программасында, — жана өмір құрушылар және халықаралық саясатқа белсенді қатысушылар ретінде, империализмді күйретуші революциялық күш ретінде күреске аттанды».

Қазір алпыстан астам жана суверенді жас мемлекет құрылды. Егер 1919 жылы жер шарының 69,2 процент халқы отарлық бұғауда болса, қазір олардың 1,4 проценті ғана қалды. Қазіргі кезеңде адамзат тарихындағы ең маскара құбылысты — отаршылдық системасын біржолата және толық жою күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі болып отыр.

Ұлт-азаттық қозғалысы бұл күндері бейбіт қатар өмір сүру жағдайында дүние жүзілік революциялық процестің басқа да құрамдас буындарымен тығыз байланысты дамуда. Бейбіт қатар өмір сүру жағдайы социалистік лагерь елдерінің ұлт-азаттық қозғалысын моральдық, саяси және материалдық жағынан қолдауына мол мүмкіндік туғызуда.

Қазіргі заманның үш революциялық күші: социализмнің дүние жүзілік системасы және халықаралық жұмысшы қозғалысы, ұлт-азаттық қозғалысы тұтас революциялық процеске айналды. Мұның өзі — дүние жүзілік революциялық процестің дамуындағы аса маңызды ерекшелік. Бұл күштердің бірлігі отаршылдық системаны біржолата күйрету жолындағы күресті онан әрі дамытуға тиянақты негіз болып саналады.

Социализмнің дүние жүзілік системасының өрлеуі және империализм тұғырының әлсіреуі езілген халықтарға тәуелсіздікті жеңіп алудың жана мүмкіндіктерін ашып берді.

Мәселен, капиталистік дамудың азапты жолына ұрынбай, патриархтық-феодалдық қарым-қатынастардан социализмге бірден өтіп, бақытқа ие болған халықтардың бірі — казак халқы. Совет өкіметі жылдарында оның өмірінде орасан зор өзгерістер болды.

Сонау бір заманда тағылық жайлаған өлке бүгін советтік ұлттық мемлекеті, қуатты индустриясы, алдыңғы қатарлы социалистік ауыл шаруашылығы, жоғары дәрежелі мәдениеті мен ғылымы, еңбекте шыныққан кадрлары бар, кемеліне келген, прогресс жолымен алға дами беретін етекте ел болып отыр.

Қазақстан Совет өкіметі тұсында экономика мен мәдениеттің дамуы жөнінен әлденеше ғасырға баларлық кезеңнен өтті. Ол ескі қоғамдық-саяси құрылыстан, орта ғасырлықтан социализмге бірден аттап өтті. Қазақстан еліміздің шығысындағы аса бай өлкенің біріне айналды. Республика өнеркәсіп өнімі 1913 жылға қарағанда 80 есе өсіп, шығарылатын өнімнің көлемі жөнінен Совет Одағында үшінші орын алады. Ал Октябрь революциясына дейін оның Россия өнеркәсібіндегі үлесі жарты процентке де жетпейтін еді. Қазақ ССР-інде аса ірі өнеркәсіп орындары көп. Социализм құрылысында казак халқының қолы жеткен ұлы табыстарының бірі — оның жұмысшы табының қалыптасуы болды.

Қазақстан — еліміздегі астықты өлкенің бірі. Мұнда ғасырлар бойы құлазып жатқан кең алқапта 33 миллион гектар тын жер игерілді, ол бес түлік малға толды.

Социалистік құрылыс өлкеміздің жалпы бейнесімен бірге казак халқының рухани-әлеуметтік бейнесін де өзгертті. Оның Октябрьге дейінгі сұрықсыз өмірі келмеске кетті. Қазақстан жаппай сауатты елге айналды. Оның түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті көркейді. Республикада 10 мыңнан астам мектеп бар. 39 жоғары оқу орны халық шаруашылығы мен мәдениет құрылысы үшін жыл сайын мыңдаған маман кадр даярлап береді.

Республиканың ғылым ордасы — Қазақ ССР Ғылым академиясында жүзден астам ғылыми-зерттеу институты бар. Академияда мындаған ғалымдар жұмыс істейді.

Республиканың 10 мың адамына 16—17 дәрігер қызмет етеді. Ал Пакистан, Иран және Үндістан сияқты елдердің әр 10 мың адамына небары бір-екі ғана дәрігер келеді. Қазақ республикасындағы социалистік құрылыс ісіне, оның индустриялық және мәдени өркендеуіне еліміздің барлық халықтары, оның ішінде ең алдымен ұлы орыс халқы риясыз көмек көрсетті.

Республикамыздың болашағы да зор. Ол коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға елеулі үлес қосып отыр. Республиканың биылғы табысы да ұшан-теңіз. Тек 1965 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылғымен салыстырғанда 85—90 есе артады.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасын қазір жер жүзінде білмейтіндер кемде-кем. Қазақ халқының орасан табыстарын еліміздің туысқан халықтарының бәрі де мақтан етеді.

Сонымен қазақ халқы Коммунистік партияның басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының, совет елінің басқа да халықтарының көмегімен социализмнің жеңісіне жетіп, қазір коммунистік қоғам орнату жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Артта қалған елдердің капиталистік емес жолмен дамуының басты идеяларын алғаш рет ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс ұсынған болатын. В. И. Ленин бұл идеяларды онан әрі дамытып, артта қалған халықтардың капиталистік даму сатысына соқпай, бірден социализмге өтуінің мүмкін екендігі туралы сындарлы теория жасады. Ол 1920 жылы Коминтерннің II конгресінде ұлт және отар мәселелері жайлы жасаған баяндамасында «...артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалар, 31-том, 243—244-беттер) деген қорытындыға келді.

Марксизм-ленинизм барлық елдердің капиталистік сатыдан өтуі шарт емес деп санайды. Бұрын артта қалған халықтардың капитализмге дейінгі қарым-қатынастардан социализмге бірден өтуінің мүмкіндігі әр уақытта бола берген жоқ, ондай мүмкіндік капитализм өзінің өрлеу дәуірін басынан өткізіп, ол бір немесе бірнеше елде революциялық жолмен күйреген кезде ғана туды.

Артта қалған елдердің капиталистік емес жолмен дамуының қажетті де маңызды шарты — ұлт мәселесін шешу. Ұлт мәселесін шешу ісінің бір жағы — бұрын артта қалған халықтардың іс жүзіндегі теңсіздігін жойып, олардың экономикалық және мәдени дамуының дәрежесін алдыңғы қатарлы халықтармен бір мезгілде теңестіру қажеттігін туғызады. КПСС пен Совет үкіметінің бұл салада жүргізген алуан түрлі жемісті жұмысы мұның айқын мысалы.

Партия мен үкімет ұлт мәселесін шешуде советтік республикалар халықтарының бәріне бірдей ортақ, ал олардың капиталистік емес жолмен социализмге дамуды жүзеге асыратын аймақтары үшін арнаулы шаралар белгілеп, жүзеге асырды. Ұлттардың өзін-өзі билеу правосының принципін жариялау, ұлттық-мемлекеттік ұйымдар құру, мемлекет басқару ісіне жергілікті халықтың тілін енгізу, ол халықтарды мемлекет басқаруға кеңінен қатыстыру елдің барлық аудандарында, оның ішінде экономикалық жағынан анағұрлым дамыған аудандарында да жүргізілген ортақ шаралар еді.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында неғұрлым артта қалған аймақтардың халқын ұлттық құрамына қарай әкімшілік жағынан ажыратуды жүзеге асыру мүмкін болмады. Мемлекет органдарының жергілікті халық тілінде бірден жұмыс істеуі қиынға соқты. Бұл шараны жүзе-

ге асыру үшін жергілікті интеллигенция өкілдері керек болды. Ал қайсыбір халықтардың бұрын ұлттық жазу-сызуы болмағандықтан мұны жаңадан жасауға тура келді.

Бұрынғы артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуына елімізде пролетариат диктатурасының орнауы даңғыл жол ашты. Оның ұлттық және әлеуметтік езгіні жоюы біртұтас процесс ретінде жүргізілді. Артта қалған халықтардың экономикалық және мәдени дәрежесін алдыңғы қатарлы халықтардың дәрежесімен теңестіру ісіне Орталық Россияның экономикалық қуаты және басқа мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды.

Артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуының қиыншылықтарымен қатар оны жеңілдеткен факторлар да болды. Бұл ұлттық аудандар көптен бері-ақ алдыңғы қатарлы аудандармен бір мемлекеттің құрамында болып, халықтар арасында экономикалық және мәдени байланыстар қалыптасқан болатын. Халықтарды күштеп біріктірудің формаларын жою олардың еріктілікпен бірігуіне, СССР халықтарының экономикалық және мәдени байланыстарының жаңа негізде тереңдеп, ұлғаюына себепкер болды.

Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет өкіметінің ұлт мәселесін ойдағыдай шешуі және бұрын артта қалған елдерді бірден социализмге алып өтуі жөніндегі тәжірибесі басқа елдерге де үлгі көрсетті.

Бұл тәжірибе ең алдымен Монғолияның тағдырына игілікті әсер етті. Монғол Халық Республикасы да феодалдық қарым-қатынастардан капитализмге соқпастан бірден социализмге өтуді жүзеге асырды. Революцияға дейінгі Монғолия мал шаруашылығымен ғана шұғылданған, жаппай сауатсыздық пен ауру мендеп, ламалар жайлаған, феодалдық озбырлық пен өктемдік үстемдік еткен мешеу ел еді. Қазір адам танымастай болып өзгерді. В. И. Ленин Монғол революциясының алғашқы жылдарында-ақ Монғолияның капиталистік емес жолмен дамуы туралы, оның экономикасы мен мәдениетін көтерудің жолдары туралы пікір айтып, кеңес берді. Монғол Халықтық-революциялық партиясының қызметі үшін бұл кеңестің маңызы орасан зор болды. Дамудың капиталистік емес жолын тандап алған монғол халқы феодализмнен тікелей социализм орнатуға көшті. Қазір ол өзінің жаңа жастық шағын, шын мәніндегі ұлттық көркеюін бастан кешіріп отыр.

Қытай Халық Республикасы да капиталистік даму циклін толық өткен жоқ. Ондағы аз ұлттар феодалдық және жартылай феодалдық қатынастардан социалистік қатынастарға тікелей өтетін болады. Вьетнам Демократиялық Республикасы да бірден социализмге өтуді жүзеге асыруда.

Азия, Африка және Латын Америкасы елдеріндегі саяси тәуелсіздікке ие болған халықтардың алдында да дамудың капиталистік емес жолын тандаудың жарқын болашағы ашылып отыр. Отаршылдық зардаптарын, феодализм қалдықтарын, экономиканың отаршылдық сипатын жою, қазіргі заманғы техника мен ғылымының негізінде өндіргіш күштерді дамыту міндеті тек социализмде ғана дәйекті шешіледі.

Халықтардың саяси тәуелсіздікті нығайтумен бірге толық экономикалық тәуелсіздікке жету жолындағы күресі — ұлт-азаттық қозғалысының қазіргі кезеңінің аса маңызды өзгешелігі. Саяси тәуелсіздікті жеңіп алған көптеген мемлекеттер экономика жөнінен әлі де тәуелділікте отыр. Халықтардың ұлт-азаттық алу жолындағы күресінде экономикалық тәуелсіздікке жетудің маңызы зор. Буржуазия идеологиясы бұл мәселені көмескі қалдырып, әдетте ұлттық бостандық туралы ғана сөз етеді. В. И. Ленин кезінде ұлттың экономикалық дербестігі қамтамасыз етілген, дамыған экономикасы болған жағдайда ғана ол елдің саяси тәуелсіздігі берік болады деп көрсеткен болатын. Демек, миллиондаған

адамдар мен тұтас континенттерді отаршылдық өктемдік туғызған ашаршылық пен қайыршылықтан, мешеуліктен құтқару, экономикалық тәуелсіздікке жету — жас тәуелсіз мемлекеттер халықтарының алдында тұрған басты проблемалардың бірі.

Жас мемлекеттердің экономикалық тәуелсіздікке жету жолындағы күресіне социалистік мемлекеттер елеулі көмек көрсетіп келеді. Социалистік елдердің көмегімен Азия мен Африкадағы жас мемлекеттерде 900-ден аса өнеркәсіп орны салынып жатыр. Оның ішінде 20-дан астам елдегі 500-дей өнеркәсіп орны тек Совет Одағының жәрдемімен ғана салынуда.

Саяси тәуелсіздікті жеңіп алған халықтардың алдына өмір ұлттық тәуелсіздікті нығайту мәселесін қояды. Отаршылдық тепкіден азат етілген елдер, — деп көрсетілген КПСС Программасында, — қандай жолмен дамиды — капиталистік жолмен бе, әлде капиталистік емес жолмен бе — міне, олардың халықтары алдында тұрған түбірлі мәселелердің бірі осы.

Қазіргі халықаралық аренадағы күштердің ара қатынасына және дүние жүзілік социалистік системаның тарапынан болып отырған қолдауға қарағанда, бұрынғы отарлардың халқы бұл мәселені өз мүддесіне сәйкес шешіп, бар үмітін социализм идеясымен байланыстырып отыр.

Капиталистік емес жолмен даму идеясы бірқатар революциялық-демократиялық партиялардың программалық қағидаларына айналды. Олар елдің шаруашылығында мемлекеттік сектор құруды, шаруашылыққа жоспарлылық енгізуді, деревняда кооперацияны дамытуды жақтауда.

Дүние жүзілік аренадағы күштердің ара салмағы социализмнің пайдасына қарай өзгеріп отырған қазіргі жағдайда социализмнің дүние жүзілік системасының қуатты қолдауына сүйеніп, бұрынғы отар халықтар дамудың қай жолына түсу керектігін өз мүдделеріне сәйкес шеше алады. Олардың капиталистік немесе капиталистік емес даму жолын тандауы таптық күштердің ара салмағына байланысты. Дамудың капиталистік емес жолын жұмысшы табының, халық бұқарасының жалпы демократиялық күресі қамтамасыз етеді және дамудың бұл жолы ұлттың басым көпшілігінің мүдделеріне толық сай келеді.

Бұрынғы артта қалған халықтар үшін олардың экономикалық және мәдени дамуын теңестірудің және өркендетудің қысқа да ең тиімді жолы — социализм екенін халықтар терең түсіне бастады. Социализм қоғамдық өмірдің негізгі салаларының бәрінде де: индустриялық даму, ауыл шаруашылығын техника жағынан жарақтандыру, жұмысшылар мен шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесін, еңбекшілердің материалдық тұрмысын көтеру, ғылымның, әдебиеттің, өнердің даму дәрежесін арттыру арқылы жүргізіледі.

В. И. Лениннің ұлт-отарлық революция туралы ілімі мен артта қалған елдердің капиталистік емес жолмен дамуы жөніндегі қағидалары социалистік революцияның теориясын онан әрі байытып, марксизм-ленинизмге қосылған аса зор үлес болды. Қазіргі жағдай артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуы жөніндегі лениндік идеялардың тамаша салтанаты болып отыр. Қаусаған империализмнің отаршылдық системасы біржолата жойылатын күн алыс емес. Бұрынғы езілген халықтардың адамзат прогресінің даңғыл жолы — социализм жолына түсетіні даусыз.

Д. ДІНАСЫЛОВ.

# КИНЕМАТОГРАФИСТЕРДІҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕЛЕРГЕ ТАРТУЫ

А. ФЕДУЛИН.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің председатели*

Совет кино өнері әруақыт халыққа қызмет етіп келеді, ол халықтың қалың бұқарасына түсінікті, етене жақын. Ұлы Ленин: «барлық өнердің ішінде біз үшін ең маңыздысы — кино» деген болатын. Расында да нағыз шыншыл, ең идеялы совет киносының тәрбиелік, насихаттық маңызы зор. Ол революцияшыл гуманизмді, халықтар арасындағы достықты орнықтырады, әділетсіздікке, қаратүнек күштерге, соғысқа қарсы шығады. Социалистік реализм принциптеріне негізделген совет кино өнері халық өмірін шыншылдықпен, асқан көркемдікпен бейнелеп, қоғамның алға басуына бөгет атаулыны батыл әшкерелейді.

Біздің партия әдебиетті, өнерді, мәдениетті көркейтуге, еңбекшілерге эстетикалық тәрбие беруге, олардың жоғары көркемдік талғамдары мен мәдени дардылары болуына үнемі қамқорлық жасап, күнделікті көңіл бөліп отырады. КПСС-тің жана Программасында былай делінген: «Коммунизмге өту жағдайында мәдениеттің барлық саласындағы творчестволық жұмыс ерекше жемісті және қоғамның барлық мүшелерінің қолынан келетін жұмысқа айналады. Совет әдебиеті, музыка, бейнелеу өнері, кинематография, театр, телевизия, өнердің барлық саласы идеялық мазмұнды және көркемдік шеберлікті дамытуда жаңа сатыға көтеріледі».

Қазақстанның кино қызметкерлері де өздерінің халық алдындағы зор жауапкершілігін кәміл түсініп, картиналардың идеялық-көркемдік сапасын жақсартуға, республика еңбекшілері арасында кино өнерін насихаттауға байланысты бірқыдыру игілікті жұмыс жүргізіп келеді.

Жақында қазақтың жас кино өнерінде елеулі оқиға болды. Алматыда СССР кинематография қызметкерлері одағының ұйымдастыру комитеті президиумының көшпелі мәжілісі өткізілді, онда республика кино өнерін дамыту мәселелері жан-жақты сөз етілді. Талқылауға біздің кинематографистермен бірге одақ председатели, көрнекті режиссер Л. А. Кулиджанов басқарған еліміздің аса ірі кино шеберлері қатысты. Ашық та мазмұнды өткен осы талқылаудың тағы бір маңызды болған себебі, мұнда алдағы екі ұлы мерекеге — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына және Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік мәселесі кенінен сарапқа салынды.

Қазақ кино өнерінің қазіргі жайы не күйде, оның жақсы-жаман жақтары қандай, данқты мерекелерді лайықты қарсы алу үшін түбегейлі мәселелерді қалай шешу керек?

Жасыратыны жоқ, соңғы уақытқа дейін кейбір сәтті туындылармен бірге көптеген сүренсіз, орта қол картиналардың шығарылып келгені мәлім. Ал кейінгі кезде жағдайымыз біршама жақсарған сияқты. Режиссер А. Карповтың «Ана туралы аңыз» фильмі Бүкіл одақтық және халықаралық фестивальдарда, режиссер А. Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» фильмі Орта Азия кинематографистерінің байқау-жарысында мақтау алды. 1964 жылы тұңғыш кең экранды фильм — «Алдар көсе» (режиссеры Ш. Айманов), «Тұлпардың ізі» фильмі (режиссеры М. Бегалин) жасалып шықты. Бұл фильмдер кино көрушілердің де, баспасөздің де тәуір бағасын алды. «Алдар көсе» фильмінің авторлары



жұртқа белгілі Алдардың күлдіргі қылықтарынан жеңіл комедия жасауға әдейі бармай, қайта қазақ халқының өткендегі қайғылы өмірі, оның ерлік күрес жолы туралы кесек полотно жасап шығарды. М. Бегалин жасаған картина совет адамдарының моральдық жағынан есеюін әңгімелей отырып, шопандардың қиын да қажырлы еңбегін көрсетеді.

О. Зеккидің «Түпсіз тұңғыш», О. Әбішевтің «Терең із», «Қыздар». Г. Овчаренконың «Жазымыз туралы хикая» деген қысқа метражды документті фильмдері, М. Дулэпоның тың игеру туралы «Даланы оятқандар», А. Карповтың орыс әдебиеті мен өнерінің Қазақстандағы онкүндігіне арналған «Тағы да кездескенше» деген толық метражды документті фильмдері Бүкіл одақтық экранға қабылданды. Алайда біздің ең жақсы деген картиналарымызда да кемшіліктер бар. Ал бұл кемшіліктердің төркіні драматургия мен режиссураның осалдығында жатыр.

Қазіргі уақытта республика кинематографистері замандастарымыз туралы үш көркем фильм жасау үстінде. Режиссер С. Қожықов М. Әуезовтың бітпей қалған «Өскен өркен» романы бойынша «Айсұлу» фильмін түсіріп жатыр. Режиссерлар Е. Арон мен Ш. Бейсембаев шекарашылар туралы фильм жасауға кірісті. «Мұхитты көргім келеді» деген фильм өндіріске берілуге әзірленуде. Мұның тақырыбы ұрпақтар өмірінің сабақтастығы және жас жұмысшылар характерінің қалыптасуы. Оны түсіретін режиссер Қ. Әбусейітов. Бұл фильмдерді түсіруші топтар мен бүкіл студия коллективіне күрделі де қыруар жұмыс істеуге тура келіп отыр. Өз творчествосына деген жоғары әрі қатан талап қана ұлы мерекелер қарсаңында жұртшылықты жаңа қызықты фильмдермен қуантуға мүмкіншілік туғызатынын есте ұмытуға болмайды.

Біздіңше, бір қуанарлық жәйт, кино өнеріне жас күштердің жылмажыл қосылуы. Соңғы жылдардың өзінде біздің кинематографияға бірнеше жас талант келді. Мысалы, жас режиссер Абдолла Қарсақбаевтың тырнақ алды еңбегі «Менің атым Қожа» фильмі сәтті шықты. Ю. Пискунов, А. Нұғыманов, Г. Овчаренко, И. Верещагин, Цой-Гук-Ин, Ж. Бәйтенев, А. Каневский сияқты жас кинорежиссерлар тұңғыш рет дербес шығармалар жасауға кірісті. Ал кинооператорлар қатары Бүкіл одақтық кинематография институтын бітірген Якупов, Қастеев, Дауылбаев, Айманов сияқты жастармен толықтырылды.

Кинода режиссер — басты тұлға. Кино өнерінің көптеген айтулы туындылары режиссерлардың есімімен тығыз байланысты. Міне сол себепті Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына әзірлік туралы әңгімені осы режиссерлар жайынан бастасак дейміз. Турасын айтсақ, бізде тәжірибелі режиссерлар әлі аз, сондықтан оларды дұрыс пайдалану — табыс кілті. Творчестволық жұмысқа кең өріс ашу мақсатында «Қазахфильм» кино студиясы барлық коммунист режиссерларға өздерінің жеке творчестволық жоспарларын ұсынуды тапсырды. Кино майталмандарының қай-қайсысы болсын Октябрь мерекесін тәуір еңбектермен қарсы алуды өзінің партиялық борышы санайды. Мысалы, СССР Халық артисі Шәкен Айманов «Жер» деген шартты атпен ақын Олжас Сүлейменовтың сценарийі бойынша фильм қоюға тілек білдірді.

Біздің екінші фильміміз — Қазақстанда Совет өкіметінің орнауы туралы «Қызыл керуен» деген картина. Оның оқиға желісіне Әліби Жанкелдин қызыл отрядының Торғай даласына жорығы алынған. Кинематографистер осы фильм арқылы Совет өкіметін орнату жолындағы күрескерлерге зор құрмет көрсетпек. Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына тарту еткелі отырған үшінші шығарма — «Жұлдыздар сөнбейді» деген фильм. Мұның тақырыбы Жетісуда революцияның жеңісі туралы. Сценарий авторлары Зейін Шашкин мен Игорь Саввин. Фильмді қоюшы А. Қарсақбаев. Егер біздің ойымызша, «Қызыл керуен» эпопеяға лайықталса, ал «Жұлдыздар сөнбейді» революцияшыл-романтикалық шығарма болмақ.

Белгілі кинодраматург В. И. Соловьевпен (Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын экранға шығарған) қосылып, режиссер М. Бегалин жазушы Александр Бектің панфиловшы-батырлар туралы жазған «Арпалыс» повесін экранға шығармақ. Расын айту керек, бізде Ұлы Отан соғысы жайында фильмдер мүлдем аз. Сондықтан біздің кинематографистер осы олқылықтың орнын толтыру қамында. Ғабит Мүсірепов пен Жұмабай Тәшенов Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұлова туралы сценарийді аяқтауға жақын. Студияның портфелінде Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметова туралы да сценарий бар.

Республика кино өнері тақырыптан кенде емес. Бірақ қайсыбір маңызды тақырыптан кинокартина әлі туған жоқ. Мәселен, біздің кинематографистеріміз тың игеру тақырыбынан ауыз тұшырлық жарқын шығарма бере алмай келеді. Былтыр Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына арналған, тандаулы сценарийлерге жарияланған жабық конкурс тың игеру тақырыбынан қызықты сценарий ұсынар деген үміттеміз.

Қазақ халқының өткендегі өмірі жайлы да картиналар әлі аз. «Жамбыл», «Оның заманы келеді» (Шоқан Уәлиханов туралы) фильмдерінен басқа бұл саладан кесек туындылар жоқ. Әйгілі әдеби шығармаларды киноға түсіру — кезекте тұрған міндет. Бұлар — М. Әуезовтың «Абай», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды», Х. Есенжановтың «Ақжайық» романдары. Рас, кейбіреулер романдарды экранға шығаруды жақтай қоймайды. Алайда шеберлік болса әдебиеттің кесек шығармалары киноның да кесек шығармаларына айналатыны сөзсіз. Қазір «Ән қанаты» повесі бойынша фильм түсіруге даярлық жүріп жатыр. Оның сценарийін Н. Анов пен А. Витензон жазды. Фильмді қоюшы — Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссеры Әзербайжан Мәмбетов. Бұл оның кинодағы тырнақ алды еңбегі болмақ. Қоянды жәрменкесі, Иса Байзақовтың қатысуымен ақындар айтысы, Қажымұқан палуанның күресі, Майраның шырқата салған сазды әндері, — міне осының барлығы түрлі түсті фильмде әдемі көрініс тапқалы отыр.

Қазақстанда экономика күшті қарқынмен дамып келеді. Ұлы істерден үлкен характерлер тууда. Міне осыларды үңіле зерттеп, жарқын бейнелеу — жазушылар мен кино қайраткерлерінің абзал борышы. Әңгіме өмірдің күрделі құбылыстарын тап басу, заманның ұлылығын жырлауда. Қазіргі заман тақырыбына арналған фильмнің арқауы — характерлер қактығысы, өмір тартысы. Бүгінгі қаһарманның озық сыпаты мен қасиетін дұрыс суреттеу — негізгі мақсат.

Қазақстан кинематографистері замандастарымыздың бейнесін жасауға талпынып жүр. Мәселен, біздің киностудиядан «Бір ауданда», «Менің ұлым», «Қоспа», «Өз жүрегіннен сұра» деген фильмдер шықты. Бұлардың бәрі де қазіргі заман тақырыбына негізделген. Пәтерлер де, лабораториялар да, кабинеттер де бүгінгі өмірден алынған. Кейіпкерлері қазіргі заман мәселелерін әңгімелейді, адамдардың бүгінгі қарым-қатынасы тілге тиек болады. Бірақ, не керек, аталған фильмдер көрушілерді қызықтырмайды, кейіпкерлерінің тағдыры әсер етпейді. Неге бұлай? Оның себебі, бұларда тартымды адам характерлері жоқ, кесек идеялар, ойлар жоқ. Ой жұтандығы, сезім солғындығы, кейіпкер бейшаралығы — көптеген фильмдеріміздің елеулі міні.

Біздің елімізде де, шетелдерде де Қазақстанға жұрттың ынтасы күшті. Тың туралы, алып құрылыстар туралы естіп жатқан миллиондаған адамдар Қазақстан жайынан көп білгісі, көргісі келеді. Міне бұл жөнінде документті киноның атқарар қызметі үлкен.

Бізде документті және ғылыми фильмдер жасаудың таяудағы екі жылға арналған жоспары бар. Мұнда Совет өкіметі жылдарында республикамыздың тіршілігінде болған аса маңызды оқиғалар қамтылып отыр. «Қазақстан — замандастың көзімен» — біздің республика туралы

толық метражды, кең экранды түрлі түсті фильм міне осылай аталатын болады. Қазақстанның Оралдан Алтайға дейінгі ұлан байтақ жері, ғажап қазба байлығы, ірі өнеркәсіп алыптары, ең алдымен оның адамдары — міне осының бәрі — жаңағы фильмнің өзегі. Оның сценарийін ақын Жұбан Молдағалиев жазып жатыр. Сол сияқты біздің республиканың адамдары туралы толық метражды документті фильм шығару ойымызда бар. Мұның өзі бір жағынан қазақ халқының тағдыры мен бақыты туралы толғау болмақ.

Көптен бері Ертіс — Қарағанды каналының құрылысы байқау тұрғысында киноға түсіріліп келеді. Канал құрылысы біткеннен кейін «Ертіс — Қарағанды» деген толық метражды фильм шығару жоспарланып отыр. Сондай-ақ республика өмірінің елеулі құбылыстары туралы, қазақ халқының өткен жолы мен бүгінгі бақытты тұрмысы туралы қысқа метражды документті және ғылыми фильмдер шығарылады. Мәселен, Қарағанды шахтерлері туралы «Біздің қаланың адамдары» деген картина жасалады. «Біз — болат қорытушылармыз» деген документті фильм алыстағы ауылдардан Қазақстан Магниткасына келіп, Урал металлургтерінің көмегімен болат қорытушы, домнашы болып алған жастар өміріне арналады. Ал «Дүние жүзілік рекордтардың отаны» деген фильм — Шығанақ Берсиев пен Ыбырай Жақаев туралы.

Ұлы мерекелерге дейін бірсыпыра тарихи-революциялық фильмдер шығару белгіленіп отыр. Бұлар В. И. Лениннің бастамасымен Қазақстанда Питер жұмысшылары ұйымдастырған алғашқы ауыл шаруашылық коммуналарын, Черкасскіні қаһармандықпен қорғауды, совет дәуірінде біздің республикадан өздерінің екінші отанын тапқан ұйғырлар өмірін әңгімелемек. «Панфиловшылар» атты документті фильмнің сценарийін панфиловшылар дивизиясында соғысқан жазушы Дмитрий Снегін жазып жатыр. Бірнеше ғалым шыққан Жұматовтар семьясы мен әртүрлі ұлттың өкілдері бас қосқан Ермановтар семьясының тағдырлары — қызықты фильмдердің желісі. Бұл тағдырлардан қазақ халқының бақытты тағдырын көру қиын емес.

Бізде көп уақытқа дейін өмірбаяндық жанр болмай келген еді. Енді ұлы Абай, академик Қаныш Сәтбаев, жазушы Мұхтар Әуезов, әнші Күләш Байсейітова, көркем сөздің шеберлері Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлин туралы документті фильм-портреттер сериясы жасалғалыстыр. «Сәкен Сейфуллин» деген мұндай бірінші фильмді жас режиссер А. Нұғыманов экранға шығарды да.

Екі шекті домбырадан халық аспаптары оркестріне, күйден симфонияға дейін өсу жолынан өткен қазақтың профессионалдық музыкасы туралы, қазақтың бейнелеу өнері, тұңғыш суретшілері туралы документті фильмдердің зор танымдық-білімдік маңызы болатыны сөзсіз. Қазақстанның қалалары мен сұлу табиғат көрінісі туралы да фильмдер шығару қолға алынды. Алматы, Кентау, Баянауыл, Балқаш қалалары, Іле мен Шу өзендері туралы фильмдерді жұртшылықтың қызыға көргені мәлім. Бірақ мұндай картиналар бізде әлі аз. Қазір «Көгілдір Алтай» деген, Алтайдың тауы мен орманы, өзені жайлы кең экранды фильм түсіріле бастады. «Алмалы тау» деген фильм Іле Алатауын, біздің сұлу Алматыны суреттейді. Ал «Шөлге теңіз келді» деген картина Шардара құрылысына арналады. Бірақ біздің кино журналдар мен кино хроникаһның мазмұны жүдеу, актуальдығы кем. Қайсы бір документті фильмдерде сүреңсіздік пен қарадүрсіндік басым. Документті кинематография жаңа ізденіс-талпынысты, творчестволық шабытты керек етеді.

Кинофильмдердің сценарийден басталатыны белгілі. Ал бұл үшін бізде не істеліп жатыр? Енді соған келейік. Жазушылармен байланыс жолға қойылуда. Студияның сценарий-редакциялық коллегиясы нығайтылды, авторлар көбеюде. Кино драматургияның ардагері, біздің аға жазушымыз Ғабит Мүсірепов киноға қайта ат салыса бастады. Оның

Ж. Тәшеновпен бірігіп жазған сценарийін жоғарыда айттық. Сол сияқты Ш. Хұсайынов, Н. Анов, З. Шашкин, С. Мартьянов, Т. Ахтанов сценарийлер жазып жүр. Кинематографияға Әкім Әшімов, Қалтай Мұхамеджанов, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Валерий Буренков, Тұрғанбай Мәткәрімов, Мұқағали Мақатаев, Сайын Мұратбеков сияқты жас жазушылар келіп қосылды. Москвадағы жоғары сценарий курсында жас жазушы Қ. Ысқақов оқып жатыр. Бірақ бізде сценарий проблемасы әлі түбегейлі шешілген жоқ. Таяу жылдары фильмдер шығарудың шұғыл артатынын еске алсақ, бұл проблеманың қаншалықты зәру болатыны өз-өзінен түсінікті. Сондықтан кино драматургия мәселесі бүгінгі күннің ең бір өзекті мәселесі болып қала бермек.

Кино өнерінде режиссермен, актермен, оператормен қоса жазушы, композитор, суретші жұмыс істейді. Біздің композиторлар одағымен байланысымыз жаман емес. Жаңа фильмдерге Ғ. Жұбанова, С. Мұхамеджанов, Н. Тілендиев музыка жазып жатыр. Бұл байланыс келешекте де үзілмеуге тиіс. Біз музыкалық фильмдер де: опералар да, комедиялар да жасауымыз керек. Міне бұл істе композиторлардың көмегіне ділгерміз. Сол сияқты «Жұлдыздар сөнбейді», «Ән қанаты» тәрізді картиналарды Қазақстан суретшілер одағының жәрдеміңсіз ойдағыдай түсіру қиын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметі қазақ кино өнерін өркендетуге әрдайым көңіл бөліп, қамқорлық жасап келеді. Мұның айқын мысалы — жақында Қазақстан КП Орталық Комитетінің Президиумы қабылдаған, документті және ғылыми фильмдер шығаруды онан әрі жақсарту шаралары туралы қаулы. Үкіметтің шешімі бойынша киностудияны қайта құру шарасы іске асырылуда. Кинофильмдер түсіретін жаңа павильондар, алаңдар салынуда. Таяудағы жылдарда астананың оңтүстік-батыс ауданында кино қалашығы орнайды. Сөйтіп жылына сегіз-тоғыз көркем фильм шығаруға мүмкіндік туады. Бізде жақсы әрі сапалы фильмдер жасауға жағдай да, күш те жеткілікті. Қазақстан кинематографистері партия мен халық алдындағы зор міндетін түсініп, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу күнін лайықты қарсы алуға өздерінің творчестволық таланты мен дарын-қабілетін аямай жұмсайды.

---

## КОЛХОЗ, СОВХОЗ ЭКОНОМИКАСЫН НЫҒАЙТА БЕРЕМІЗ

Ш. ҚОСПАНОВ,

*Орал облыстық партия комитетінің бірінші секретары*

Ауыл шаруашылығын жоспарлау, қаржыландыру ісінде, баға саясатында жіберілген елеулі кемшіліктер мен қателіктер, социалистік экономиканың даму заңдарын елемеушілік, еңбеккерлерді материалдық жағынан ынталандыру принципін бұрмалануы, басшылықтағы субъективизм, жиі-жиі орынсыз қайта құрулар жұрттың зықысына тиіп, жұмыста күйгелектік туғызып, адамдардың өз ісіне сенімін азайтқан еді. Мұның өзі сайып келгенде ауыл шаруашылығының бір орында тоқырап қалуына соқтырды.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы осы кемшіліктер мен қателіктерді ашық сынап, ол кемшіліктерді іс үстінде жоюдың, сөйтіп ауыл шаруашылығын тез өрге бастырудың экономикалық жағынан әбден негізделген, жан-жақты ойластырылған нақты шараларын белгіледі. Бүкіл партия, бүкіл еліміз шын жүрекпен қостап қабыл алған Пленум шешімдерінің тарихи маңызы да міне осында.

Рәс, біздің облысымызда егіншілікті дамыту жөнінде соңғы жылдары азын-аулақ табысқа қол жетті. Соңғы бес жылда дәнді дақылдардың шығымдылығы одан бұрынғы бес жылғымен салыстырғанда гектар басы 3,3 центнер артты. Мұның өзі колхоз, совхоз экономикасының біршама нығайуына қолайлы әсер етті. Егер 1961 жылы орта есеппен бір колхоздың табысы 510,4 мың сомнан айналса, 1964 жылы 884,1 мың сом болды. Үстіміздегі жылдың 1 январында облыстағы барлық 35 колхоздың бөлінбейтін қоры 34 020 мың сомға жетті, яғни орта есеппен әр колхозға 971 мың сомнан келді. Әрбір колхозшының орташа айлық еңбек ақысы 1964 жылы 81 сом болды.

Соңғы бес жылда облыс совхоздары 77 миллион сомнан астам таза пайда келтірді. Облыстың жекелеген шаруашылықтары өндірілген өнімнің өзіндік құнын едәуір кемітті және соның нәтижесінде көп табыс тапты. Мәселен, өткен жылы «Пермь» совхозы 2 617 мың сом, «Правда» газеті атындағы совхоз 1 438 мың сом таза пайда келтірді.

Бірақ оның есесіне бізде мал шаруашылығы мүлдем кейін қалып отыр. Соңғы төрт жыл ішінде облыс колхоздары мен совхоздарындағы ірі кара мен қойдың саны едәуір кеміп кетті. Мал шаруашылығының өнімділігі, төл алу көрсеткіштері де өте төмен.

Орталық Комитеттің март Пленумының шешімдерін жүзеге асыру мақсатымен белгіленген шаралар егіншілікте де, мал шаруашылығында да түбірлі бетбұрыс жасап, бұл саладағы артта қалушылықты тез жоюға жағдай туғызатыны күмәнсіз.

Пленумда ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау жүйесін жетілдіруге ерекше маңыз берілгені мәлім. Биылдан бастап ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың әрбір республика, өлке, облыс үшін бірнеше жылға арналған тұрақты жоспары белгіленді.

Жаңа жоспарға сәйкес біздің облыс 1965—1970 жылдар ішінде жыл сайын мемлекетке 33 миллион пұт астық тапсырып отыратын болады. Осыған байланысты аудандарға да нақты тапсырмалар белгіленді. 1965 жылдың егінінен бастап жыл сайын мемлекетке Бөрлі ауданы

7 миллион пұт, Жымпиты ауданы — 3,3, Зеленов ауданы — 7,6, Приурал ауданы — 8,8, Чапаев ауданы — 1,7, Шыңғырлау ауданы — 3,5 миллион пұт астық тапсырып тұрады.

Астық дайындау жоспарының ықшамдалуы астық өндіруді төмендетіп жіберу деген сөз емес екенін біздің әрқайсымыз мықтап есте ұстауымыз керек. Қайта мүмкіндіктер мен резервтерді іске қосу, еңбекшілердің материалдық ынтасын көтеру негізінде астық өндіруді үздіксіз арттырып, әрбір шаруашылықтың мемлекетке жоспардан тыс астықты көп сатуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Биылғы жылдың егінінен бастап бидайдың, кара бидайдың, тарының және басқа бағалы дәнді дақылдардың сатып алу бағасының арттырылуы, жоспардан тыс тапсырылған бидай мен кара бидайдың негізгі бағасына үстеме қосып төленуі бұл міндеттің ойдағыдай орындалуына қолайлы жағдай туғызатыны сөзсіз. Есеп мынаны көрсетіп отыр. Облыстың колхоздары мен совхоздары өткен жылдың мөлшерінде астық өндірген жағдайда мемлекетке астық сатудың жаңа бағасы бойынша және жоспардан тыс тапсырылған 30 миллион пұттан астам астық үшін төленетін үстемені есептегенде 16 миллион сом мөлшерінде қосымша табыс келтіреді екен. Бұған қоса ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан да көптеген қаржы бөлінетінін ескерсек, таяудағы жылдар ішінде облыс колхоздары мен совхоздарының экономикасын әбден нығайтып, ауыл-селоларды көркейтуге, жаңадан көптеген клубтар мен мектептер, ауруханалар мен магазиндер, балалар мекемелерін және басқа да мәдени-тұрмыстық орындар салуға болатынын айқын көреміз. Осындай экономикалық қозғаушы күштердің нәтижесінде колхоздар мен совхоздар астық өндіруді және дайындауды таяудағы жылдардың өзінде-ақ едәуір арттырып, оған қоса шаруашылықтардың ішкі мұқтаждарына керекті астықты да көп жинап алуларына толық мүмкіндік туады.

Ауыспалы егіс жүйесінің қайтадан енгізілуі — егін шығымдылығын арттырудың аса маңызды резервтерінің бірі. Пленум шешімдеріне сәйкес облысымызда егістік құрылымы қайта қаралды, топырақ және ауа райы жағдайлары әртүрлі аймақтарда 1965 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын баптаудың, сондай-ақ ауыспалы егіс танаптарының үлгі жүйесі ұсынылды. Егіс көлемінің құрылымын өзгерткенде біз облысымыздың жағдайында тұрақты өнім беретін кара бидайдың егіс көлемін ұлғайтуға баса назар аударып отырмыз. Кара бидайды сатып алу бағасының едәуір артқанын ескерсек, бұл дақылды өсіру шаруашылықтар үшін өте тиімді. Кара бидай егісі тек қана ерте жыртылған кара парға салынады. Сондықтан егіс құрылымында пардың көлемі көбейтіледі.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы жармалық дақылдар өндіруді арттыруға да көп назар аударды. Біздің облыста тары осындай дақылға жатады. Бұл бағалы дақылдың бұдан 10—15 жыл бұрын едәуір дәрежеде болғанына және көптеген шаруашылықтарда мол өнім жиналғанына қарамастан, соңғы жылдары оның егіс көлемі күрт азайып кетті. Бұған тарыны сатып алу бағасының тым төмендігі басты себеп болды. Март Пленумы бұл қатені түзеді. Жаңа бағаға сәйкес тарының ең жақсы сорттарының әр тоннасы 110 сомға дейін артып отыр.

Осы жылдың май айында облыстық партия комитеті өткізген кенес тарының егіс көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыру, сөйтіп Орал тары өсірушілерінің бұрынғы данқын қайта шығару мәселесіне арналды. Үстіміздегі жылдың өзінде тары егісі 70 мың гектардан астам жерге егілді. Тары егу, оны баптап күту жұмысымен арнайы құрылған 180-нен астам бригада, отряд, звено айналысуда. Ал келесі жылдары тары егісінің көлемі онан әрі мықтап ұлғайтылады. Астық өндіруді арттырудағы тағы бір үлкен резервіміз міне осы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтуда жемшөп қорының алар орны зор. Облыста жайылымдар мен шабындықтар он миллион гектар-

дан асады. Бірақ олардың өнімділігі нашар. Соңғы жылдары екпе шөптердің егіс көлемі едәуір азайып кетті. Кейбір шаруашылықтарда тіпті тұқымдық учаскелер де қалған жоқ. Қазір облыстың әрбір колхозы мен совхозында жайылымдар мен шабындықтарды түбегейлі жақсартудың нақтылы шаралары белгіленуде. Бұдан былай екпе шөптердің, әсіресе еркек шөп пен беденің егіс көлемі ұлғайтылады.

Жүргізілген зор ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстардың нәтижесінде биыл 1 миллион 397 мың гектар жерге ерте дақылдар, соның ішінде 930 мың гектар бидай егілді.

Март Пленумының шешімдеріне сәйкес облыс колхоздары мен совхоздары үшін мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың да бірнеше жылға (1965—1970) арналған тұрақты жоспары белгіленді. Бұл жоспарда шаруашылықтардың даму перспективалары, олардың арнаулы кәсіпке бейімделуі, экономикалық және табиғи жағдайлары толық ескерілген.

Мал басын сақтап, көбейту мақсатымен үстіміздегі жылы облыс шаруашылықтарына бірсыпыра жеңілдік берілді. Мысалы, ет дайындау жоспары әуелдегі 64 мың тоннадан 60 мың тоннаға дейін азайтылды. Мемлекетке жүн тапсыру 2,3 мың центнер, қаракөл елтірісін өткізу жоспары 30 мың дана кемітілді. Колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының, қызметшілердің жеке меншігінде мал ұстауына шек қоюдың жойылуы да мал басын көбейтіп, өнімділігін арттыруға ынталандыратын күш болмақ.

Облыс партия ұйымы, совет, шаруашылық органдары мемлекет тарапынан көрсетіліп отырылған осындай жеңілдіктер мен зор көмекті таяудағы жылдар ішінде мал шаруашылығын өркендетуде шұғыл бетбұрыс жасау мақсатына пайдаланады. Облыс бойынша алдағы бес жылдықтың аяғына қарай ет өндіруді 93 мың тоннаға, сүтті 54 мың тоннаға, жүнді 93,7 мың центнерге, жұмыртқаны 15 миллионға жеткізу жобаланып отыр.

Өткен жылы барлық шаруашылықтарда да мал азығының мол дайындалуы үстіміздегі жылы мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге мүмкіндік берді. Дегенмен одан бұрынғы жылдағы қыста малдың көп шығынға ұшырауы шаруашылықтарымыздың экономикасына әсерін тигізбей қойған жоқ. Соның салдарынан биылғы жылдың бірінші тоқсанында облыс бойынша ет дайындау жоспары орындалмады. Фурманов, Қазталовка, Жымпиты, Тайпак, Шыңғырлау аудандарының көптеген совхоздары мемлекет алдында борышты болып қалды.

Ет өндіруді арттыруда малды интенсивті бордақылау әдісі және жайып семіртуді дұрыс ұйымдастыру маңызды резерв болып табылады. Облыстың алдыңғы қатарлы бірсыпыра шаруашылықтары, мысалы, «Пермь», «Ульянов», «Аңқаты», Чапаев совхоздары мен «Путь к коммунизму» (Зеленов ауданы), Киров атындағы (Приурал ауданы) колхоздар қыс бойына малды интенсивті бордақылауды жақсы ұйымдастырды, сөйтіп ет тапсырудың тоқсандық жоспарының қонды мал есебінен орындалуын қамтамасыз етті.

Қазір облыс шаруашылықтарында жайып семіртілетін табындар мен отарлар құнарлы жайылымдарға орналастырылып, тәжірибелі малшылардың бағып-күтуіне берілді. Малшыларды материалдық жағынан ынталандыру шараларына күшті назар аударылып отыр. Еңбек ақы малдың қосқан салмағына қарай төленеді. Жайылымдағы малдарға қосымша құрама жем беріледі. Бұл малдың тез қондануын қамтамасыз етеді. Малды интенсивті бордақылауды дұрыс ұйымдастыру арқылы 14—15 айлық тайышаны етке тапсырғанда тірілей салмағын 320 килограмға жеткізуге болады. Ал бұған мүмкіншілігі жоқ шаруашылықтардың бордақыланатын малын астық өндіретін немесе мал бордақы-

лайтын совхоздарға беру көзделіп отыр. Сонда ондай шаруашылықтарда сиырлардың үлесін 50—60 процентке дейін жеткізуге болады.

Биыл мал шаруашылығындағы ең жауапты, ең қиын міндет жемшөп дайындау жұмысы болғалы отыр. Себебі, қыс қарсыз болды да, жайылымдар мен шабындықтарға су тимей, шөп шықпай қалды. Соған байланысты қыстан қалған жемшөптің бәрін бір орынға жинап, түгел есепке алу керек. Қысқасы, әрбір шаруашылық өзінің барлық мүмкіндігі мен резервін пайдалана отырып, қоғамдық малға қажетті жемшөпті өз күшімен дайындап алу үшін не қажеттің бәрін істеуге міндетті.

Мал фермаларын механикаландыру да қазіргі көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Көп жерлерде малды күту, азықтандыру, жемшөпті ұқсатып беру жұмыстары әлі де қол күшімен атқарылады. Соның салдарынан мал өнімінің өзіндік құны қымбаттап, одан алынған табыс жұмсалған шығынның орнын да жаппайды. Сөйтіп шаруашылықтар мал өсіруден пайда орнына зиян шегеді. Енді бұл кемшіліктен арылатын мезгіл жетті.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығының техникалық базасын нығайтуға мықтап көңіл бөлді. Енді біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыз ауыл шаруашылық техникасын, әсіресе оған керекті запас бөлшектерді көбірек алатын болады. Бірақ бұл ешқайсымызды да тоқмейілсітпеуге тиіс. Ауыл шаруашылық өнімдерін әрі мол, әрі арзан өндіру үшін қолда бар техниканы мейлінше ұқыпты, өнімді пайдалануымыз керек. Техниканы пайдаланудағы иесіздік, ысырапкерлік, запас бөлшектердің талан-таражға түсуі, күтімсіздіктен бүлініп, мезгілсіз істен шығуы тәрізді жарамсыз фактілерге үзілді-кесілді тыйым салу қажет. Қазір облыстық партия комитеті тиісті шаруашылық органдарымен бірлесе отырып, колхоз, совхоз басшыларының, мамандардың ауыл шаруашылық техникасын пайдалануға жауапкершілігін күшейту шараларын белгілеуде.

Қазіргі ауыл шаруашылығының, өте-мөте егіншіліктің тағдырын шешетін негізгі күш — техника, оны меңгеретін механизатор. Демек, астық өндіруді мықтап қолға алғымыз келсе, механизатор кадрларын жеткілікті даярлауды түпкілікті шешуіміз керек. Ауыл-селодағы әрбір дикан механизатор болсын деген ұран таяу жылдарда іске асуға тиіс. Бұл үшін толық мүмкіндік бар. Біздің облыстың өзінде бір механизация техникумы, 12 механизация училищесі істейді. Оның үстіне әрбір шаруашылықтың өзінде курстар ұйымдастыруға болады. Ендігі мәселе осындай оқу орындарының оқытушылармен, оқу-материалдық базамен нығайтуда болып отыр. Бұл мәселе партия ұйымдарының күн тәртібінен түспеуі шарт.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы күрес партия ұйымдарының саяси-ұйымдастыру жұмыстарын жаңа, жоғары сатыға көтеруді талап етеді. Істің нәтижесі партия ұйымдарының басшылық дәрежесіне, олардың бұқараны ұйымдастыра білуіне тікелей байланысты.

Облыс партия ұйымы совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының көмегіне сүйене отырып, барлық еңбеккерлердің күш-жігерін ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде Орталық Комитеттің март Пленумы алға қойған міндеттерді орындау күресіне жұмылдырады.



# ҰСТАЗДАР МЕН ШӘКІРТТЕР

Қой шаруашылығы — бүкіл республикамыз секілді, Созақ ауданы үшін де бергенінен әлі берері көп, келешегі үлкен, табысты сала. Ауданда жайылымдық жердің өзі үш миллион гектардан асады. Дұрыстап қолға ала білсе, бұл өңірде қой шаруашылығын мықтап өркендетуге мүмкіндік бар.

Аудан партия ұйымы соңғы жылдары қой шаруашылығын қарқынды өркендетудің камын ерекше ойластырып келеді. Малшылардың бар күш-жігері, олардың арасында жүргізілетін бұқаралық-ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмыстары осыған бағытталуда. Шопандар арасындағы социалистік жарыстың кең өрістетілуіне, қабылданған міндет-теменің орындалуына адамдардың жауапкершілігін күшейтуге айырықша көңіл бөлінуде.

Жұмыла кіріскен істің табысты болатыны аян. Ауданда соңғы кезде қой 80—90 мыңға көбейіп, оның жалпы саны 700 мыңнан асты. Қой саны 1960 жылмен салыстырғанда екі есе, қаракөл елтірісін алу үш есеге жуық көбейді. Былтыр аудан тек қой шаруашылығынан ғана 3,6 миллион сом таза пайда тапты.

Мұндай табыс ауданның партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының бірлесе жүргізген жұмысы нәтижесінде мүмкін болып отыр. Сонымен бірге бұл аянбай еңбек етіп жүрген тұрақты кадрларымыздың жұмыс нәтижесі.

Мал бабын тауып баға, күйін тауып күте білгенге бітеді. Бұл орайда ауданда атак, абыройға ие болып жүрген санлақ, озат шам-шырақтарымыз да аз емес. Озат шопандарды атасақ, аузымызға алдымен түсетіні «Сызған» совхозынан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Т. Қойбаев, «Жартытөбе» совхозынан Қ. Арқабаев, Энгельс атындағы совхоздан Ленин орденді Қ. Шоланбаев, «Құмкент» совхозынан Т. Күшікбаев, Калинин атындағы совхоздан Қызыл Ту орденді Қ. Бейімбетов тағы басқа толып жатқан шам-шырақтар. Біз бұларды мактан етеміз. Олардың әрқайсысының қой шаруашылығын өркендетуге сіңірген еңбегі зор, жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мол.

Аудан партия ұйымы жастарды, әсіресе он жылдықты бітірген жастарды осындай озаттардың өнегесі, тәжірибесі негізінде шопандық өнерге баулуды көптен қолға алып келеді. Білімге молыққан жастар үлкендердің мал бағудағы бай тәжірибесі мен ғылымның жетістігін кенінен қолдануда, жақсы бастамалардың бастаушысы болуда. Ауданда 1961 жылмен салыстырғанда жас шопандардың саны қазір 4 еседей өсті.

Аудандық партия комитеті комсомол комитетімен кенесе, келісе отырып, мал шаруашылығын жастармен нығайтуды 1962 жылдан бастап қызу қолға алды. Жауапты буындарға коммунистермен қатар комсомолецтер жіберілді. Партия, комсомол ұйымдары жастар, әсіресе орта мектептерді бітірушілер арасында үгіт-көпшілік, түсінік жұмыстарын кең өрістетті. Мектептерде озат шопандармен жиі-жиі кездесулер өткізілді.

Аудан жастарын алғаш рет мал шаруашылығына баруға шақырып, «Құмкент» совхозының орта мектебін бітірушілер үндеу қабылдады. Осы мектепті бітірген 30 жігіт қой бағуға барды. Бұл жастардың өнегесін

«Жуантөбе» совхозының оқушылары да құптап, өздерінің қарт ата-аналарының қолынан шопан таяғын алды. Сол сол-ақ екен, басқа совхоздарда да жастар мал шаруашылығына лек-легімен келе бастады. Олардан 208 комсомол-жастар отары ұйымдастырылды. Мал шаруашылығына жастардың көп келуі жұмысты жанаша ұйымдастыруға, резервтерді жақсырақ пайдалануға мүмкіндік берді. Енді бұрынғыдай емес, өндіріске ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені енгізуге кең өріс ашылды. Жана әдістер тиімді пайдаланылды. Соның нәтижесінде еңбек өнімділігі артты.

208 комсомол-жастар отарының 151-і саулық қой болатын. Өткен жылы солардың әр жүзінен 143-тен қозы алынды. Бұл елеулі табыс болды.

Жастардың мал шаруашылығына көптеп баруы ауданның партия, комсомол ұйымдарына да жана міндеттер жүктеді. Соның бірі — білімді, зерделі де талапты жастарға санлақ шопандардың тәжірибесін үйрету, яғни білім мен өмір тәжірибесін ұштастырып, жастарды тиянақты, орнықты еңбек дәстүріне баулу. Бұл қажетті де қиын міндет болатын. Бірақ аудан партия ұйымы бұл міндетті де біршама тәуір шешті. Қазіргі кезде біздің жастарды озаттар тәжірибесі арқылы тәрбиелеу саласында азды-көпті жинақтаған тәжірибеміз де бар.

Біз жастарды шынайы еңбекке баулу үшін ең алдымен мандай алды шам-шырақтарымыздың озат тәжірибе мектептерін ұйымдастырдық. Мысалы, ауданның «Жартытөбе» совхозында К. Арқабаевтың, «Созақ» совхозында Ә. Таңатовтың, «Күмкент» совхозында Т. Күшікбаевтың озат тәжірибе мектебі бар. Сондай-ақ Калинин атындағы, «Жуантөбе» совхоздарында да коммунистік еңбек мектептері құрылған. Бұл мектептерде жоғарыда аталған тәжірибелі, коммунист шопандар үнемі әңгіме өткізіп, өз өнерлерін ортаға салады. Олар тек сабак үстінде ғана үйретіп қоймай, отар-отарға барып малды жаю, суару, күту жайынан жастарға қолма-қол көмектер көрсетеді. Жас шопандардың озаттармен кездескен кезінде айтылған жақсы пікірлер, ойлар, тәжірибелер магнитофонға жазылып, кейін басқа малшыларға тындауға жіберіледі. Озат тәжірибені таратуға аудандық газет те ерекше көңіл бөледі. Газет бетінде әрдайым жаналықтың, озаттықтың жаршысы болған шам-шырақтар тәжірибесі үзбей жарияланып отырады. Ауданның мандай алды шопандары Т. Қойбаев, К. Бейімбетовтердің өнегелі ісі жайлы мақалаларды жастар жағы өте жылы шыраймен қабылдады.

Біз озат тәжірибе мектептерін, кездесулерді ұйымдастырғанда мал бағуға ынталы, білімді жастардың өздерінің өмірлік тәжірибесі, машығы аздығын үнемі ескеріп отырамыз да, сол жағын толықтыруға баса назар аударамыз. Мұндайда аңғалдықпен ағат кеткен жастар ісін ысылған қариялардың мүлт жібермей түзеп отыратынын жақсы білеміз. Жас қанатты қамқорлығына алып қайраттандыруда қарт шопандар қосқан үлес-сыбаға өз алдына бір төбе.

Осыдан бірер жыл бұрын өз ниет, тілектерімен малға барып, ата-аналарының қолынан шопан таяғын алған калининдік Т. Әлтаев, Р. Кеңалов, Б. Құлмаханбетова, жартытөбелік С. Ахметов, Б. Боранбаев, күмкенттік А. Болтаева, Т. Әлжанов, А. Алпамысов, жуантөбелік А. Табынова сияқты өрендер өздерінің өнімді еңбек, өрелі ісімен көпшілік құрметіне бөленуде.

Ғылым жетістіктеріне, еңбектің озат әдістеріне сүйенбейінше мал бағуды жанаша жүргізуге болмайды. Осы орайда біз жаналыққа құмар жастарға озат тәжірибе мен ғылым жетістігін, оның әрқилы сыры мен қырын таныстыратын семинар ұйымдастырдық. Бұл 15 күндік тұрақты семинар жыл сайын өткізіледі. Онда озат шопандар, арнаулы білімді мамандар, қойды қолдан ұрықтандырудың тәсілдерін, СЖК препаратын пайдалану әдістерін түсіндіреді, тәжірибе алмасады, лекция оқиды.

Бұл семинарда оқыған жас шопандарға ұрықтандырушы-техник мамандығы беріледі. Семинарда оқығандардың барлығы дерлік қазір осы мамандықты жете игеріп жүр:

Бір жағынан осындай тиянақты білім алып, екінші жағынан озаттар тәжірибесіне молыққан жастар қазір қажырлы еңбегімен көзге түсіп отыр. Олар жаңалыққа жол бастап, соған мұрындық болуда. Тәжірибе мен білімді шебер ұштастырып, елеулі табысқа жетуде. Мысалы, «Сызған» совхозының жас шопаны Қызтумас Нарбекова озат әдісті кең қолдана отырып, қойды қолдан ұрықтандырып, әр жүз саулықтан 165—170-тен козы алып, аман өсіруде. Ол енді өз өнегесін еңбектес құрбыларына да үйретуде. Жігерлі жас шопан — коммунистік еңбектің екпіндісі, облыстық Советтің депутаты. Сондай-ақ «Құмкент» совхозының жас шопаны Аманкүл Болтаева өткен жылдары әр жүз саулықтан 140 козыдан алса, биыл 155-тен козы алды. Жастар арасында мұндай озаттар көптеп саналады.

Жаңадан малға келген жастардың өз іштерінен осындай оза шауып, жүлде алғандардың шығуы социалистік жарыстың кең қарыштауына себеп болды. Өткен шаруашылық жылын жастар нәтижелі аяқтады. Ауданның жас шопандары республика шопандарының жарысында белгіленген шартты түгел орындап, бірінші орынға ие болды. Республика жас шопандары жарысының қорытындысында Калинин атындағы совхоз комсомол ұйымына бірінші, Созақ, Энгельс атындағы совхоздардың комсомол ұйымдарына екінші орын берілді. Ауданның 30-дан аса жас шопаны «Қой шаруашылығын өркендетудегі республикалық социалистік жарыстың озаты» значогымен наградталды.

1964 жылы аудандағы жас шопандардың үшеуі Совет Одағының орден, медалімен, төртеуі СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, қола медальдарымен, сегізі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамоталарымен наградталып, бес адамға «Қазақстан қой шаруашылығының шебері» атағы берілді.

Ауданның партия, комсомол ұйымдары әр кезде еңбек адамдарын естен шығармай, оларға ұдайы қамқорлық жасап, көмек көрсетіп келеді. Жыл сайын жас малшылардың аудандық кеңесі өткізіліп, онда социалистік жарыстың қорытындысы шығарылады. Өзара пікір алысып, тәжірибе ортаға түседі. Озаттардың есімі Даңқ кітаптарына, облыстық, аудандық құрмет тақталарына жазылады. Сөйтіп жақсы жұмыс істеген жастарды болсын, қарттарды болсын қадірлеу, дәріптеу, рухани көтермелеу бізде игі дәстүрге айналған.

Жастар еңбегінің жоғары бағалануы басқаларға да өнеге болып, мал шаруашылығына баруға түрткі болуда. Олардың еңбекке деген ынтасын арттыруда. Жастар өздігінен малға баруға көптеп тілек білдіруде.

Малшыларды материалдық жағынан ынталандыру принципі шаруашылықтарда дұрыс қолданыла бастады. Совхоздарда малшыларға малды шығынсыз өсіргені, төлді жоспардан артық алғаны үшін заттай және ақшалай қосымша ақы беріліп тұрады. Қосымша ақы жыл аяғында шопандардың жалпы жиналысында кімнің міндеттемені қалай орындағаны сөз болған, келер жылдың межесі белгіленген жиын үстінде жария түрде табыс етіледі. Мысалы, өткен жылы «Жартытөбе» совхозының ара шопаны К. Аркабаев жолдасқа әр жүз саулықтан 198-ден козы өсіргені, мемлекетке сапалы елтірі өткізгені үшін жыл аяғында қосымша ақы ретінде 72 тоқты, 12 ірі қой берілді, 900 сом ақша төленді. Ауданнан, совхоздан бағалы сыйлық берілді. Мұндай әдіс шындықта келгенде басқалардың малшы мамандығына қызығуына түрткі болуда. Мысалы, «Құмкент» совхозында шофер болып жүрген А. Бәкіров жолдас осындай жиналыста шопан болуға тілек білдірді. Ол қазір жақсы шопандардың бірі. Сол сияқты «Жартытөбе», «Жуантөбе» совхоздарында да көптеген жастар өзінің бұрынғы кәсіптерін алмастырып, шопан болып кетті.

Бізде жастардың қажырлы еңбек ете жүріп білімдерін көтерулеріне, мамандық алуларына да қолқорлық жасалады. Қазір ауданның жүзден астам жас шопаны техникумдар мен институттарда сырттан оқиды. Олардың сабаққа дер кезінде даярлануына, консультация алуына жағдай жасап, уақытылы демалыс беріледі. Соның нәтижесінде олардың басым көпшілігі оқу программасын ойдағыдай үлгіруде. Мысалы, жас шопан А. Болтаева ауыл шаруашылығы институтының 3 курсына ойдағыдай аяқтаса, Ә. Алпамысов биыл Қапланбек малдәрігерлік техникумын бітіреді.

Ауданның партия ұйымдары малшы жастардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуді, олардың көңілді демалып, мәдениетті тұруына жағдай жасауды өзінің басты міндеті деп санайды. Қазір ауданда 10 автоклуб, әр совхозда бір-бірден үгіт машинасы малшыларға мәдени қызмет көрсетуде. Мәдени-үгіт бригадалары, көркемөнерпаздар үйірмелері жайлауда жиі болып тұрады. Малды ауылға қызық думанды, өнер-білімді жастардың өздері ала барып, жайлау басын шаттыққа бөлеуде. Мұның өзі сүйсінерлік іс болып отыр.

Жастардың талап-тілегі, рухани қажеті күн сайын өсіп келеді. Олардың таламы да күшті. Бірақ біз жастардың сол өскелең қажетін толық қанағаттандыра алмай отырмыз. Бұл істе әлі де кем-кетік көп. Мысалы, мал қыстайтын отарларда шын мәніндегі мәдени орталықтар жоқ. Жас шопандар қыс кезінде кино, концерт көре алмайды, монша, медициналық пункттер мен клубтар жетіспейді. Бұлардың барлығын жасауға болады. Солай ету керек те. Бірақ бұл мақсатқа жылма-жыл қаржы бөлінбейді. Тиісті республикалық орындар бұған ерекше мән беріп, тиісті көмек көрсеткені жөн ғой деп ойлаймыз. Қазір жылжымалы моншамен, көшпелі емханалармен мал жайылымдарын қамтамасыз етуге мүмкіндік мол. Біздің ауданға да жылжымалы монша, емханалар бөлінетін болса, онда жастарға жасалатын жағдай жақсарған үстіне жақсарар еді.

Созақ ауданының еңбеккерлері КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін іске асыра отырып, биыл мемлекетке 55 мың центнер ет, 16 мың центнер жүн өткізуді мақсат етуде. Бұл межені орындауға жастар қосар үлес те мол.

Қашан да жастар қадамы қарышты. Олар қолға алған істі еңсеріп, қандай қиындықты болса да жеңе біледі. Тек жалынды жастардың бар қайратымен еңбектенуіне қолайлы жағдай жасау керек. Аудандық партия комитеті бұдан былай да жас шопандарды озаттар тәжірибесі мен ғылым жетістігі негізінде тәрбиелеп, олардың еңбектегі белсенділігін арттыра түсуге қамқор болмақ.

Ә. САСБҰҚАЕВ,

Созақ аудандық партия комитетінің  
бірінші секретары.

Шымкент облысы.

# КОММУНИСТ ӨНЕГЕСІ

Мен өзіміздің модель цехын жақсы көремін. Себебі мұнда үнемі іздену, талпыну үстінде жүресің, еңбегінің нақты нәтижесін күнбе-күн көресің. Бүкіл завод өнімінің саны мен сапасы да біздің цехтың жұмыс қарқынына тікелей байланысты.

Цехта 47 коммунист бар. Коллективтегі бар жананың, бар игі жақсының ұйымдастырушысы, ұйтқысы осылар. Өндірістің ең қиын жерінде коммунистер жүреді, тапсырманың ең жауаптысын коммунистер атқарады. Мұның өзі әбден заңды да. Себебі коммунистке қойылар талап мейлінше жоғары, жүктелер жауапкершілік мейлінше зор. Әрбір коммунист өз партия ұйымындағы, өз коллективіндегі, бүкіл елдегі, партиядағы істің жайына жауаптылықты терең сезіне отырып, өндірісте, қоғамдық өмірде, тұрмыста өнегелі ісімен, жақсы мінез-құлқымен үлгі көрсетуге борышты. Сонда ғана ол бұқараны сонынан ертіп, өзінің де, партияның да беделі мен абыройын жоғары көтере алады.

Өнеге туралы әңгіме қозғаған кезде цехымыздағы тамаша коммунистер, мәселен, модельші Мансуров Михаил Константинович ауызға бірінші алынады. Ол ілуде болмаса, айлық нормасын 200 проценттен төмендетіп көрген емес. Жұмыс үстінде көрген кісі оның шеберлігіне, шапшаңдығына, ептілігіне, әр қимылының айнымас дәлдігіне танданбай, сүйсінбей қоймайды.

Мансуров жолдас еңбек озаты ғана емес, өндіріске шын жаны ашитын қамқоршы да. Егер ол цехта бір кемшіліктің шетін көрсе, оны түзеткенше өзі де тынбайды, өзгеге де тыныштық бермейді. «Мұны біреу ұнатпас-ау, басшылардың қырына ілігермін-ау» деп жалтақтамайды. Әділдік үшін қандай қиындықтан болса да тайынбайды. Өзінің бар өнерін, тәжірибесін басқаға үйретуден, өте-мөте жас шәкірттерді баулып, тәрбиелеуден әсте жалықпайды. Сондықтан да Мансуров жолдасты тек біздің цех емес, бүкіл завод жұмысшылары қадірлейді, онымен кенесуге, ақылдасуға күштар боп тұрады.

Моделист Наиль Сүлейменов те жолдастарының арасында үлкен беделге ие болған өнегелі коммунист. Ол өндіріс озаты бола жүріп, политехника институтының кешкі бөлімінің 3-курсында оқиды. Аудандық Советтің депутаты. Соған қарамастан, цехтың қоғамдық өміріне белсене араласуға да, жас жұмысшыларды тәрбиелеуге де уақыт табады. Партиялық тапсырманың қандайын болса да ынта-ықыласпен тиянақты атқарады. Жуырда цех коммунистері оны партия бюросының мүшесі етіп сайлады.

Жұмысшы Александр Щербатов, әскерлік қызметін өтеп қайтқаннан кейін біздің заводқа келген жас коммунистер Борис Пергель, Янис Пигожный және басқа жолдастар туралы да көп-көп жақсы пікір айтуға болар еді. Цех партия ұйымы коллектив мүшелерін, өте-мөте өмір есігін жаңа ашқан жас жұмысшыларды осындай коммунистердің өнегесімен, солардың белсенді көмегімен тәрбиелейді.

Коммунистің ең басты борышы — адал еңбек ету, сол еңбегі арқылы партия ісіне шын берілгендігін дәлелдеу. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Коммунист қоғам алдындағы борышын терең сезіну, азаматтық боры-

шын мүлтіксіз орындау, адамдарға жолдастық қамқорлық жасау, қарапайым, кішіпейіл, адал болу жағынан да үнемі жақсы өнеге көрсетуге тиіс. Коммунистің бойына мұндай жоғары қасиеттерді дарытатын негізгі буын — бастауыш партия ұйымы. Бастауыш ұйым өзінің әрбір мүшесіне қатаң талап қоюмен бірге, оның идеялық өсуіне, өндірісте, қоғамдық өмірде жетекші роль атқаруына ұдайы көңіл бөліп, қамқорлық жасап отыруға міндетті. Егер коммунист жаңалыққа ұмтылып, игілікті іс бастаса, оны дереу қолдап, көтермелеп, ынталандыра түсу керек. Ал егер өзінің уставтық борышын ұмытып, тура жолдан ауытқи бастаса, оның әбден малтырып адасуын күтпей, дер кезінде қол ұшын беру қажет. Бұл үшін партия ұйымында шын мәнісіндегі жолдастық қарым-қатынас, өзара іскерлік талап пен жанашыр қамқорлық, кемшілікке төзбестік жағдай қалыптасуға тиіс.

Біздің цехта Владимир Сергеевич Монахов деген коммунист бар. Ол ұзақ жыл сапалы еңбек еткен тәжірибелі жұмысшылардың бірі. Партия ұйымы оны смена мастері етіп жоғарылатты. Монахов сменада тәртіп орнатып, жұмысты жолға қойды. Бірақ көп ұзамай оның өз мінезінде мен-мендік, дөрекілік байқала бастады. Кейде тіпті жұмысшыларға тіл тигізетінді шығарды. Коммунистердің талап етуімен Монаховтың бұл жарамсыз мінезі цех партия бюросының мәжілісінде талқыланды. Еңбектес жолдастары оның кемшіліктерін жіліктеп тұрып бетіне басты, қатты қызартты.

Асқындырмай, дер кезінде жасалған ескерту смена мастеріне жақсы әсер етті. Ол жанашыр сынды дұрыс түсінді. Өзін қатерлі жолдан уақтылы сақтап қалған коммунист жолдастарына шын жүректен ризалық білдірді. Соңғы бірнеше айдан бері Монаховтың тарапынан ешқандай теріс мінез байқалған жоқ. Ол қоғам жұмысына да белсенді қатыса бастады. Монахов редактор болғалы бері цех қабырға газеті уақтылы шығып тұратын болды, әрі мазмұны жақсарды.

Коммунисті іс үстінде шындап, жетекшілік ролін көтеру үшін партиялық тапсырманың айрықша маңызы бар. Мұны тәжірибе көрсетіп жүр. Коммунист тапсырма орындау арқылы ұйым жұмысына қатысады, өзінің таланты мен қабілетін ашады, партиялық іскерлік мектебінен өтеді. Тек коммунистке берілген тапсырма оның ықыласына, білім дәрежесіне, бейіміне, мамандығына лайық болсын. Әйтпесе тапсырма тек мәлімет үшін ғана үлестірілген формальды шараға айналады. Осы жөнінде біздің бір жолы қалай қатерге ұрынғанымызды мысалға келтірейін.

Ғылми атеизм университетінде оқу үшін бір кісі бөлу керек болды. Біз коммунистерді іріктей келе, В. Зайцев жолдасқа тоқтадық. Ол техникум бітірген. Мастер боп істейді. Қосалқы тапсырмасы жоқ, демек уақыты жеткілікті. Осылай деп есептедік те, оның өзімен ақылдаспастан, сыртынан ұйғара салдық. Нәтижесі не болды дейсіз ғой. Зайцев жолдас таң ешқандай атеист шықпады. Біріншіден, оның атеизмді үйренуге әуел бастан ешбір ықыласы болмаған екен. Екіншіден, атеистік насихат жүргізуге мүлдем бейімі жоқ боп шықты.

Коммунист өндірістегі белсенділігімен қатар білімін көтеру, марксизм-ленинизм ілімімен қарулану, коммунизм құрылысының моральдық кодексі принциптерін бойына сіңіру жағынан да ұдайы өнеге көрсетіп отыруға тиіс. Бұл саладағы істің жаңы мынадай. Цех коммунистерінен екі кісі институтта, 8 кісі техникумдарда, 3 кісі мастерлер мектебінде оқиды. 4 кісі биыл институттар мен техникумдарға түсу үшін емтихан тапсырып жүр. Коммунистердің қалғаны партиялық саяси оқудың әр түрімен қамтылған. Мұнан тыс, цехымызда коммунистік еңбек мектебі бар. Оның сабағы айына екі рет өтеді.

Алайда, біздің ойымызша, осы мектептің жұмысында кемшілік бар сияқты. Мысалы, қазірге дейін мектептің сабақтары жоғары жақтан тұтас бір жылға жасалған оқу жоспары бойынша жүргізіліп келді. Бұл

тиімді емес. Біздіңше, оқу жоспарын тыңдаушылардың өздері жасағаны жөн сияқты. Ондай жоспарда нақ сол коллективтегі өндіріс ерекшеліктері көбірек ескерілер еді. Сондай-ақ, коммунистік еңбек мектебі болғаннан кейін оның сабақтарын да негізінен коммунистік еңбек екпінділері, өндіріс жаңашылдары жүргізіп, өз тәжірибелерін ортаға салып отырғаны пайдалы болмақ. Ал КПСС-тің халықаралық коммунистік қозғалыстағы ролі, партия коммунистік қоғам орнату дәуірінде, халықаралық жағдай туралы және басқа күрделі тақырыптар жөніндегі лекцияларды теориялық даярлығы бар лекторлар оқыса жақсы болар еді.

Тегі лекциялық насихатқа байланысты аудандық, қалалық партия комитеттеріне, лектор жолдастарға айтар өкпе-назымыз бар. Біздің жұмысшылар кейбір теориялық мәселелерден, еліміздің ішкі, сыртқы жағдайы туралы маман, білгір лекторлардың лекцияларын, әңгімелерін тыңдап тұруға құштар-ақ. Ондай жақсы әңгімені түскі үзіліс кезінде де әп-әдемі өткізуге болар еді. Бірақ, амал не, лектор жолдастар біздің цехқа, цех тұрмақ заводымызға жол таба алмай-ақ жүр.

Мен журнал бетін пайдаланып, тағы да бір-екі сын ескертпе айтпақшымын. Коммунистерден еңбекте өнеге көрсетуді талап еткен өте дұрыс. Бірақ сонымен бірге коммунистердің сол талапты ойдағыдай орындауына жағдай туғызып, қамқорлық жасау да керек емес пе? Әңгіме мынада. Біздің цех өндірістік жоспарды үнемі тәуір орындайды. Цехқа коммунистік еңбек коллективі атағы берілгеніне жылдан асты. Биылғы жыл басынан бері де завод бойынша алдыңғы қатарда. Ал шындығында цех коллективінің жұмысты қазіргіден әлдеқайда жақсы істеуіне мүмкіндік бар. Оған кедергі боп отырған—цех үйінің тарлығы, әбден тозғандығы. Цехта керек десе бас қосып жиналыс өткізетін қызыл мүйіз те жоқ. Бұл жөнінде әңгіме боп жүргелі қашан! Жана цехтың жобасы да жасалған деседі. Бірақ оның қашан салынып, оның игілігін жұмысшылардың қашан көретіні мәлімсіз.

Өндірістік программа бүкіл завод бойынша да жаман орындалмайды. Завод коллективі Алматы халық шаруашылығы советі бойынша әткен жылдың төртінші тоқсанында екінші, биылғы жылдың алғашқы тоқсанында бірінші орынға ие болды. Бірақ сол жоспарлардың қаншалық қиындықпен, қарбаласпен орындалатынын білсеңіз! Мұның себебі: халық шаруашылығы советі машина жасаушылардың назарын жанама заказдармен бөліп әкете береді. Кейде мынадай жағдай болады. Жұмысшылар бар жанын сала еңбектеніп, «қосы айда жоспарды мықтап орындайтын болдық, сыйлықты да тәуір алармыз» деп қуанып жүреді. Көңілденіп істеген сон өнім сапасы да жақсы боп жатады. Сөйтіп жүргенде халық шаруашылығы советінен «пәлендей кәсіпорын үшін пәлен бөлшекті жедел жасап беріндер!» деген жарлық жетеді. Негізгі жоспар жайына қалады. Жұмысшылардың көтеріңкі көңілі су сепкендей басылып қалады. Ал айдын аяғы таусылуға айналғанда қарбалас басталады келіп. Және де бұл ілуде бір кездесетін оқиға болса бір сәрі ғой.

Оның үстіне завод негізгі жоспардың өзін уақтылы алмайды. Ай басталып кетеді, ал жоспар әлі жоқ. Мұндай жағдайда алдын-ала ойланып, дайындалып, жоспарды орындау негізін ерте бастан ескеріп отыруға мүмкіндік қайдан болсын! Қазір жоспарлау мәселесі ауыл шаруашылығында тамаша шешілді. Бізге нақ сондай бірнеше жылға, тым болмаса, бірнеше айға тұрақты жоспар алдын-ала беріліп отырса, өте жақсы-ақ болар еді. Экономистердің айтуына қарағанда, бұған мүмкіндік те бар көрінеді. Тек ол үшін жоспарлаушы орындарда отырған жолдастар өз міндеттеріне мемлекеттік тұрғыдан қараулары керек.

Енді бірер сөз өзіміздің заводтың ішкі жағдайы туралы. Бізде жұмыс уақытында мәжілістерді, жиындарды азайту жөнінде аз сөз болып жүрген жоқ. Бірақ сол мәжілістер азаю орнына көбейіп бара жатқан секілді. Жұмысқа жана кірісе бастасаң; «партком шақырып жатыр» деп

хабар жетеді. Сен одан қайтпай жатып, цех бастығын шақырып әкетеді. Енді сәлден соң директор шақырады. Өстіп екі ортада жүгіресің де жүресің. Кейде тіпті бір цехтың бастығына ескерту жасау не тапсырма беру үшін барлық цехтың басшыларын жинайды. Осының бәрі жұрттың зыкысына тиеді, жұмысқа үлкен нұқсан қелтіреді. Бұл жөнінде сынапта, жалынып та айтып жүрміз, бірақ нәтиже шықпай келеді.

Мақаламыздың соңында ескерткіміз келген тағы бір жай мынау. Ленинградтың Киров атындағы заводының құрастырушы слесары Қ. Говорушин жолдас «Правда» газетіне жазған бір мақаласында аудандық партия комитеті қызметкерлерінің завод цехтарында өте сирек болатынын өткір сынға алған еді. Сол мақаланы оқығанда Говорушин жолдас нақ біздегі жағдайды айтып тұрғандай көрінді. Расында да, партия қызметкерлері кәсіпорындарда өте сирек болады. Мысалы, біздің Совет аудандық партия комитетінің бірінші секретары Б. М. Ержанов жолдасты бастауыш ұйым секретары ретінде мен ғана конференцияларда, кеңестерде көріп тұрамын. Ал цехтағы коммунистердің көбісі ол кісіні танымайды да. Аудандық, қалалық партия комитеттерінің басқа қызметкерлері туралы да нақ осындай пікір айтуға болады. Тіпті бастауыш партия ұйымдарымен тікелей байланыс жасауға борышты нұсқаушылардың өзін цехтарға жетектеп әкеле алмайсыз. Кей-кейде: «осы жолдастар кабинетте отырып, жүз рет телефон соққаннан гөрі бір рет цехқа келіп, жұмысшылармен, коммунистермен әңгімелесіп, айтатын ақыл-кеңесін сол жерде айтса, еңбек адамдарының ой-пікірін, ұсыныс-тілектерін көзбе-көз тындаса, мың есе пайдалы болатынын шынымен сезінбей ме екен?» — деп ойға қаласын.

Қайсы бір кездері мынадай да жағдай болады. Зәуімен қалалық не облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері заводқа келіп, цехты аралайды. Бір жағында директор, бір жағында партком секретары, цехтың ана басынан кіріп, мына басынан шығады. Жана көргендей, жалтыраған станоктарға, алып машиналарға таңырқай қарайды. Оқта-текте шалқайып, сонау биіктегі қызыл матаға жазылған плакаттарға, транспаранттарға көз салады, басын шұлғып сүйсінгендей кейіп білдіреді. Бейне цех ішінде жұмысшылар жоқ сияқты. Олармен шүйір-келесіп, хал-жағдайды білу, мұң-мұқтаждарын тындау, сын ескертпелерін есіту деген ой қаперіне де кіріп шықпайды. Өндіріс жайында, жұмысшылар жайында дирекция қандай мәлімет берсе, соған мәз болып кете барады.

Ашы да болса ашық айтайық, мұндай үстірт басшылық режіш тудырылғаннан өзге түк те пайда бермейді. Қазіргі жұмысшының ой-өрісі, талап-талғамы шырқап өскенін, ол өзіне лайықты назар аударуды, қадірлеуді талап ететінін ұғынатын мезгіл жеткен сияқты. Қатардағы коммунист өзінің жақсы ісімен өнеге көрсетуге қандай борышты болса, басшы қызметтегі коммунистер де әрқашан өздеріне жүктелер жауапты міндеттің дәрежесінде болуға тиіс деп ойлаймыз.

Әрине, бұл айтылған сын ескертпелердің бәрі де бастауыш ұйымдардың коммунистерді тәрбиелеу, іскерлікке баулу, олардың жетекшілік ролін көтеру жөніндегі жауапкершілігін әсте де төмендетпейді. Біздің цех коммунистері өз қатарын нығайтып, бір-біріне жолдастық талапты күшейте отырып, өндірістік жоспарлардың ұдайы мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін аямай жұмсайды.

**М. ҚАШЕУТОВ,**

Алматы ауыр машина жасау заводының жұмысшысы, модель цехы партия ұйымының секретары.



## КОММУНИСТІК ЕҢБЕКТИҢ АСҚАН ҮЛГІСІ

Біздің Кентаудағы ең ірі кәсіпорын — Ащысай полиметалл комбинаты. Жуырда комбинаттың жұмыс істей бастағанына 30 жыл толды. Комбинат коллективі өзінің мүшелді мерекесіне лайықты тартулармен келді. Әсіресе алдыңғы шептің жауынгерлері саналатын проходчиктердің табысы ұшан-теңіз. Олар инженерлермен ынтымақтаса отырып, көлбеу кен қабаттарын шапшаң қазудың (проходкалаудың) жаңа әдістерін тауып, өндіріске енгізді.

Кен кәсіпорындарының өндіріс қуаттарын арттырып, техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту үшін Ащысай жаңашылдары ашқан бұл тамаша әдістің орасан зор маңызы бар. Егер бұл әдіс бүкіл Одақ көлемінде қолданылса, елімізде проходчиктердің еңбек өнімділігі 3,7 есе артып, проходканың өзіндік құны 35—40 процент кемиді. Бұл шапшаң проходкалаудың бүкіл одақтық нормативінен 9—10 есе жоғары. Сондықтан да үкімет пен партия жаңа әдісті тауып, қолдануға белсене қатысқан инженерлер мен кеншілердің еңбегін жоғары бағалап, олардың бір тобына — комбинаттың бұрынғы директоры М. И. Харитонов, қазіргі директоры И. Г. Тараканов, «Мырғалымсай» руднигінің бастығы И. Ш. Коган, бас инженері Б. Ф. Еремін, учаске механигі В. П. Иванов, шапшаң проходка бригадирі Н. С. Кулеш, учаске бастықтары А. Құлманов, А. Ф. Нивин, звено жетекшілері С. Х. Малкин, Н. С. Швец, Н. И. Абрамов жолдастарға Лениндік сыйлық берді.

Комбинат кеншілері шапшаң проходкалаудың жаңа әдістерін оңай тапқан жоқ. Бұл — талантты инженерлер мен үздік кеншілердің талай жылғы ынтымағы мен табанды ізденуінің, кен қазатын машиналарды, механизмдерді, құрал-жабдықтарды үздіксіз жетілдірудің және жаңадан жасаудың, сондай-ақ еңбекті озат тәсілмен ұйымдастырудың нәтижесінде туған жаңалық.

Осы заманғы өнеркәсіптің негізгі арқауы металл мен отын өндірісі екені баршаға мәлім. Әсіресе жеңіл, түсті және сирек кездесетін металдар өндірісін мейлінше тез өркендету қазіргі басты міндеттердің бірі болып отыр. Ал металды көптеп шығару үшін жаңа кен орындарын тезірек игеріп, бұрынғы барларының өнімділігін еселеп арттыру қажет. Мұның өзі жаңа кендерді ашу, оларды пайдалануға әзірлеу жұмыстарының қарқынын мейлінше күшейтуді керек етеді.

Ащысай полиметалл комбинатының коллективі осы мәселелерге зор маңыз бере отырып, кен қазу жүйесін үздіксіз жетілдірумен қатар, көлбеу кен қабаттарын шапшаң кеулеп қазудың жаңа әдістерін тынбай іздестіріп, өндіріске енгізумен болды.

Комбинатта бес рудник: Ащысай, Мырғалымсай, Батыс, Қарасай, Байжансай рудниктері бар. Осы рудниктерде кен шығарудың жоспарлы өсімін қамтамасыз ету үшін жаңадан зор көлемді кен қабаттарын іске қосып отыру қажет. Мысалы, Мырғалымсай руднигі учаскесіндегі кен қабатын ашу үшін 600 м. квершлаг пен 2000 м. кен штрегін өтуге тура келді. Проходканың әдеттегі шапшаңдығымен (айына 50 м) мұнда жерді өтуге төрт жылдан астам уақыт керек болар еді.

Кен қабатын ашып, оны қазуға әзірлеу мерзімін қысқарту үшін комбинат рудниктерінде шапшаң проходкалау әдістерін кенінен қол-

дану қажеттігі туды. Осы мақсатпен Ащысай, Мырғалымсай рудниктерінің кеншілері Солтүстік Урал боксит бассейнінің рудниктеріндегі, Дегтярск мыс руднигіндегі, Кировоград мыс қорыту, «Балейзолото», «Хрустальнен» комбинаттарындағы шапшаң проходкалауды ұйымдастыру тәжірибесін зерттеп үйренді, Чехословакия, Герман Демократиялық Республикасы және басқа елдер кеншілерінің бұл саладағы жетістіктерімен танысты. Соның нәтижесінде Ащысай кеншілері осы заманғы кен техникасына және еңбек ұйымдастырудың неғұрлым жетілдірілген жүйесіне негізделген мүлдем жаңа технология ойлап тапты. Олар проходка карқынын мейлінше тездетуге мүмкіндік беретін машиналар мен механизмдердің тұтас бір комплексін жасап шығарды.

Ащысай руднигінде ең алғаш 1957 жылы И. П. Жоглов басқарған проходчиктер бригадасы осы әдіспен бір айда орта есеппен 330 погон метр штрек өтті. Мұның өзі проходка комплексін онан әрі жетілдіре түсуге негіз болды. Ащысай руднигіндегі жанашылдардың тәжірибесін пайдаланған Мырғалымсай руднигіндегі М. П. Руснак басқарған проходчиктер бригадасы бір забоймен 1961 жылғы апрельде 522,3, майда 595,7 погон метр штрек өтті. С. Х. Малкин басқаратын коммунистік еңбек бригадасы 1963 жылдың апрель айында бір забоймен 804 погон метр штрек өтіп, түсті металлургия кен кәсіпорындарында көлбеу кен қазбаларын шапшаң проходкалау жөнінде одақтық рекорд жасады.

Көлбеу кен қазбаларын проходкалаған кезде тазалау жұмыстарына арналған ПМЛ-5 тиеу машинасы пайдаланылды. Кен жыныстары өздігінен жүретін арнаулы арбашалар арқылы ВРС-2,5 вагонеткаларына тиелді. Кенді бұрғылауға ПР-24Л бұрғылары пайдаланылды.

Мырғалымсай руднигінің жанашылдары бұрынғы проходчиктердің тәжірибесіне сүйене отырып, кен қазатын құрал-жабдықтардың жаңа комплексін қолдануды ұйғарды. Олар үздіксіз жұмыс істейтін тиеу машинасын да, кен жыныстарын арбашадан вагонеткаға өздігінен аударып тиейтін секциялы конвейерлі жабдықты да өздері жасап шығарды. Кен тиеу кезінде бұл екі машинаның жұмысын үйлестіріп тұру үшін екі жақты жарық және дыбыс сигналдары қолданылды. Электровоздар дистанциялық әдіспен басқарылды. Машиналарды жөндеуге рудниктің өзінде істелген арнаулы аспап пайдаланылды. Сондай-ақ басқа да бірсыпыра конструкторлық өзгерістер жасалды.

Өстіп жан-жақты дайындалған Мырғалымсай проходчиктері 1964 жылдың июлінде 31 жұмыс күні ішінде ені 9,1 шаршы метрлік 1192,1 погон метр көлбеу кен қазбаларын өтіп, дүние жүзілік рекорд жасалы. Проходчиктердің еңбек өнімділігі 3,7 есе артты. 1 погон метр проходканың өзіндік құны 12 сом 60 тиын кеміді. Бригадада төрт звеноға бөлінген 94 адам болды. Бригаданы шебер ұйымдастырушы, тәжірибелі кенші Николай Семенович Кулеш басқарды. Звено жетекшілері Н. И. Абрамов, С. Х. Малкин, Н. С. Швец және Социалистік Еңбек Ері И. М. Жерносеков жолдастар да—үлкен еңбек мектебінен өткен, өз жұмыстарына қатысты шектес мамандықтарды түгел меңгерген байырғы кеншілер.

Бригада бір циклға 65,2 минут жұмсады. Бұл шапшаң проходкалаудан одақтық рекорд жасаған С. Х. Малкин бригадасының бір циклға жіберген уақытынан 41,5 минут кем. Сонымен бірге қопарылған кенді жинап алуға кететін уақыт екі есе азайды.

Қол жеткен табыс озат кеншілерді жаңа жеңістерге жігерлендірді. Мырғалымсай проходчиктері жұмыс әдісін жалықпай жетілдіріп, ізденген үстіне іздене берді. Соның нәтижесінде олар 1965 жылғы март, апрель айларында, яғни В. И. Лениннің туғанына 95 жыл толуы құрметіндегі еңбек вахтасы күндерінде көлбеу кен қазбаларын шапшандатылған әдіспен проходкалауда тағы да үздік табысқа жетті. 31 жұмыс күні ішінде көлбеу проходкамен 1 237,6 метр қатты тасты кен қабатын өтті. Сөйтіп өздерінің 1964 жылғы дүние жүзілік рекордынан 45,5 метр асып түсті. Әр проходчиктің сменадағы еңбек өнімділігі 9,98 текше метр болды. Бұл нақ осы секілді тау-тасты геологиялық жағдайда бұрынғы

жәй әдіспен проходкалаған кезде комбинат бойынша жетіп жүрген орташа көрсеткіштен төрт есе артық. Бір погон метр проходканың құны 13 сом 20 тиын арзандады.

Тағы да қайталап айтайық, мұнша үздік табыс проходчиктердің жанқиярлық еңбегі мен тамаша шеберлігінің, жұмысты өте жақсы ұйымдастыра білгендіктің, сондай-ақ Мырғалымсай руднигі мен Ащысай полиметалл комбинатының коллективі отандық құрал-жабдықтар негізінде тапқырлықпен жасаған проходкалық комплексті тиімді пайдаланудың нәтижесі болды.

Шапшаң проходканы ұйымдастыру жөніндегі барлық жұмысқа Мырғалымсай руднигінің партия ұйымы мен қалалық партия комитеті тікелей басшылық етті. Қалалық партия комитетінің ұсынысы бойынша Мырғалымсай руднигінің партия жиналысында № 4 Санғылсай учаскесінде шапшаң проходкалауға ұйтқы болатын цехтық партия ұйымы құрылды. Оның секретары болып учаске механигі, қазір Лениндік сыйлықтың лауреаты В. П. Иванов жолдас сайланды. Учаске партия ұйымының құрамында рудниктің шапшандатылған проходкасына әлденешерет қатысқан, бұл жөнінде бай тәжірибесі бар 18 коммунист болды.

Учаске коммунистері арқылы бүкіл коллектив мүшелері көлбеу кен қазбаларын шапшандатылған әдіспен проходкалау жөнінде алға қойылып отырған міндеттермен, проходкалық жаңа құрал-жабдықпен, проходкалық циклограммамен жан-жақты танысты. Жанашылдар жарысының барысын үзбей көрсету үшін күн сайын «Молния» шығарылып тұрды. Бұл мақсатқа қабырға газеттері мен радио кеңінен пайдаланылды. Сонымен бірге шапшаң проходкалаудың диаграммасы жасалып, онда әр звеноның және бүкіл учаскенің күнделікті қарқыны көрсетіліп отырды.

Проходка кезінде коммунистер қажырлы еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Өте-мөте А. Жәлішев, С. Саламов, П. Попов, Р. Кашауғалиев, А. Мағаматов, З. Нарметов, Я. Ромах және басқа көптеген коммунист кеншілердің табандылығы мен тапқырлығын атап өтуге болады. Барлық звенолардың жұмысы звено мүшелері бірін-бірі кез келген уақытта алмастыра алатындай етіп құрылды. Былайша айтқанда, әрбір кенші бригададағы қандай жұмысты болса да еркін атқарады.

Қалалық партия комитеті 1965 жылғы шапшаң проходканы әзірлеуге айрықша назар аударды. Февраль айының бас кезінде бұл мәселе қалалық партия комитетінің бюросында қаралып, елеулі кемшіліктер дер кезінде ашылды. ПНБ-3 тиеу машинасы баяу жөнделіп жатыр екен. Проходкалық комплекске қажетті запас бөлшектерді Кентау экскаватор заводы, комбинаттың механикалық және басқа цехтары даярлауға тиіс еді. Бірақ аталған кәсіпорындар бұл мәселемен жеткілікті шұғылданбапты. Сондай-ақ шапшаң проходкалауға байланысты белгіленген бірсыпыра ұйымдастыру-техникалық шаралардың іске асу қарқыны баяу болып шықты.

Қалалық партия комитеті Кентау экскаватор заводының, Ащысай полиметалл комбинатының басшыларынан барлық кемшілікті қысқа мерзім ішінде жойып, Мырғалымсай руднигінде шапшаң проходкалауды жүргізуге арналған ұйымдастыру-техникалық шараларды мүлтіксіз іске асыруды талап етті. Бұл тапсырманың орындалу барысы қатан бақылауға алынды. Осының бәрі 1965 жылдың шапшаң проходкасын сапалы әзірлеуге әжептәуір септігін тигізді деп ойлаймыз.

Біз Ащысай комбинатының кендерінде шапшаң проходкалау әдісі шегіне жетті, оның бар мүмкіндігі сарқа пайдаланылды деген қорытынды жасаудан аулақпыз. Кеншілердің еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жол ашқан бұл тамаша қозғалыстың әлі де болса пайдаланылмаған резервтері бар. Мысалы, 1 237,5 метр кен қазбаларын өтіп, екінші рет дүние жүзілік рекорд жасалған кезде, кейбір күндердің орташа көрсеткіші 44 погон метрден 45,5 погон метрге дейін жетті. Егер барлық про-

ходка күндері бригада осы шапшандықпен жұмыс істесе, 31 жұмыс күні ішінде 1300 погон метрден астам көлбеу кен қазбасын өткен болар еді. Бұған қоса проходканың барлық процесін онан әрі механикаландыру және автоматтандыру саласында пәрменді жұмыс жүргізіп, проходка қарқынын күшейте түсуге, өзіндік құнын кемітуге мүмкіндік бар.

Қалалық партия комитеті шапшаң проходкалаудың нәтижесін талқылай келіп, бұл тамаша әдісті тек Мырғалымсай руднигінде ғана емес, комбинаттың басқа да барлық кен орындарында қолданған мақұл деп қорытынды жасады. Көлбеу кен қазбаларын мейлінше шапшандатылған әдіспен проходкалау кен горизонттарын тек қана рудалы штректермен даярлау схемасын жасауға жағдай туғызады. Мұның өзі мемлекеттің біраз қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Проходканың шапшандығы үдеген сайын еңбек өнімділігі де еселеп артатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Сонымен бірге бұл әдіс жәй проходкаға қарағанда түрлі өндіріс шығындарын да әлдеқайда азайтады.

Кен қазбаларын шапшаң проходкалау әдісі рудниктер мен шахталар құрылысының мерзімін қайта қарауға, сөйтіп еліміздің түсті металлургиясындағы кен кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын тезірек арттыруға мүмкіндік береді.

Ащысай полиметалл комбинатында 1964 жылы шапшаң проходкалау жөніндегі бүкіл одақтық мектеп ұйымдастырылды. Қазірдің өзінде еліміздің кен кәсіпорындарының көптеген жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері бізге келіп, көлбеу кен қазбаларын шапшаң проходкалау әдісін үйреніп қайтты. Осынша үлкен құрмет комбинат коллективіне, партия, кәсіподақ ұйымдарына орасан зор жауапкершілік жүктейді. Олар қол жеткенді қанағат тұтып, орта жолда тоқтап қалмай, өздері тапқан тамаша әдісті онан сайын жетілдіре түсуге борышты. Қазір Ащысай коммунистерінің, барлық проходчик-кеншілерінің күш-жігері осы абыройлы міндеттің үдесінен шығуға бағыттталып отыр.

**Ә. ЖӘКІШЕВ.**

Кентау қалалық партия комитетінің секретары.

# РЕКОРД ОСЫЛАЙ ТУҒАН

Сараң көмір тресіне қарасты № 122 шахта—Қарағанды көмір қойнауындағы жас кәсіпорынның бірі. Шахта іске 1963 жылдың июль айында қосылды. Сол жылдың өзінде-ақ шахта коллективі көмір шығарудың жылдық жоспарын асыра орындап, Отанымызға жоспардан тыс 17 мың тоннадан астам көмір берді.

Шахта мұндай табысқа көмір шығару, проходкалау жұмыстарын комплексті механикаландырып, автоматтандыру, өндіріске жаңа техниканы енгізіп, технологиялық процестерді жетілдіру, еңбекті дұрыс ұйымдастырып, коммунистердің авангардтық ролін арттыру нәтижесінде жетті.

Шахта әкімшілігі мен партия, кәсіподақ ұйымдары бұл мәселелерге шахта іске кіріскен алғашқы күндерден бастап-ақ ерекше назар аударды. Партия ұйымы техниканы дұрыс та тиімді пайдалану ғана табысқа жеткізетінін әрбір кеншіге түсіндірді. Барлық негізгі учаскеге коммунистер жіберілді. Олар өздерінің сөзімен де, ісімен де басқаларға үлгі көрсетті. Шахтада жұмыс нормасын орындамайтын бірде-бір коммунист жоқ. Әсіресе коммунист Г. Шалопинин, Б. Церр басқарған № 2, № 1 учаскелердің, комсомолец В. Циборин басқарған дайындау жұмысы учаскесінің коллективтері елеулі табысқа ие болды. Бұл учаскелердің коммунистері кен техникасын дұрыс пайдаланып, жұмысты жақсы ұйымдастырудың ұйтқысы болды. Көмір «ЛГД», «Донбасс-2К» комбайндарымен, «СП-63» скрепкалы конвейермен шығарылады. Өткен жылы тазалау забойларында конвейер үшін механикалық жолмен көмір қопару дәрежесі жоспардағы 86,7 проценттің орнына 98,5 процент, механикаландырылған проходканың дәрежесі 95 процент болды.

Шахтада әрбір кеншінің жұмыстың барысына күнбе-күн ықпал жасап, кемшіліктер мен олқылықтарды жоюына, жаңа техниканы өндіріске енгізіп, технологиялық процестерді жетілдіруіне мүмкіндік туғызылған.

Өткен жылы кеншілер ұсынған 114 рационализаторлық ұсыныстың 100-і өндіріске енгізілді; одан 115 мың сом табыс алынды.

«Жоғарғы Марианна» К-12 қабатының лаваларында металл және гидравликалық тіреулер, «ОКУ-0,6», «ОКУ-0,4» тумбалары пайдаланылды. Бұл әдіс қарағанды көмір қойнауында ең алдымен біздің шахтада қолданылды. Тек осының өзінен ғана 78 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Бірақ осындай табыстарға қарамастан забойдың тазалау линиясын даярлау ісі кенже қалды. Алдағы жылдарға арналған жоспар бойынша шахта 1967 жылы тәулігіне 5 мың тонна көмір өндіретіндей дәрежеге жетуге тиіс. Ал шахтерлер болса небары төрт лава алды. Мұның өзі дайындық жұмыстарын жеделдетіп, проходкалау қарқынын күшейтуді талап етті. Ендігі жерде партия ұйымы осы маңызды мәселеге басты назар аударды. Партия жиналысында дайындау учаскелерінің жұмысы туралы мәселе қаралып, бұл жөнінде коммунистердің алдында тұрған міндеттер талқыланды, тиісті шаралар белгіленді.

Шахтаның жобада көрсетілген қуатын мезгімінде игеру үшін жылма жыл 12 километр жерасты магистралін жасау керек болды. Ол үшін 16 проходкалау бригадасы ұйымдастырылды. Әрбір бригадада орта сеппен 12 адам жұмыс істеді. Оларға кен жынысын тиейтін 12, көмір тиейтін 3 машина берілді. Жұмыс 16 забойда жүргізілді. Шахтерлер электр бұрғыларын пайдаланды.

Бұрнағы жылғы жұмыс тәжірибесі проходкалау жұмысын қайта құрып, жетілдіре түсу міндетін алға қойды. Бұл міндетті орындау мақсатымен былтыр дайындық жұмысын шоғырландырып, бригадаларды ірілендірдік. Бұрынғы 16 бригаданың орнына 10 бригада құрылды. Оларға жыныс тиейтін 14, көмір тиейтін 5 машина, «Қарағанды 7—15» проходка комбайны берілді. Ал бұрғылау техникасы 40 колонналы электр бұрғымен толықтырылды. Бұлар берік, қатты қабатта шпурларды бұрғылау үшін қолданылды.

Біздің ұстаған бағытымыз дұрыс болып шықты. Екі жылдан астам уақыт ішінде 22 220 метр штрек проходкаланып, жоспардан тыс 97 750 тоннадан аса көмір шығарылды. Көмір қопаруда Н. Ешмұхамбетов пен Н. Денисенко жолдастар басқарған бригада жоғары көрсеткішке жетті. Олар қатты жер қабатынан 15 шаршы метр далалық штрек жасады. Жыныс забойларындағы жұмыс бұрғылау-жару әдісімен, жыныс тиейтін «ППМ-4» машиналарымен атқарылды. Бірақ забойдағы қатты қабатты жару кезінде тіреулер мен бекіністер ішінара шытынап жарылып, қисайып қалатыны белгілі. Мұндай жағдайға душар болмау үшін 20—25 метр ұзындықта уақытша жартылай аркалы бекініс орнатылды. Тәулігіне төрт смена ауысып, әрбір смена циклды график бойынша жұмыс істеді. Жұмыстың осылайша ұйымдастырылуы және де бригада мүшелерінің ұйымшылдығы нәтижесінде забой тәулік сайын орта есеппен 4—5 метр, ал айына 120—140 метр ілгері жылжып отырды. Бригадалар өз тапсырмаларын ай сайын 120—140 процент орындап тұрды.

Шахта коллективі табысты місе тұтқан жоқ, қайта жұмыс қарқынын арттыра түсті. Ол үшін шахтада көп циклды график бойынша бірнеше дүркін жедел проходка ұйымдастырылды. Л. Дандзберг жолдас басқарған бригада «Қарағанды 7—15» комбайнымен оны сынап, менгеру кезінде жоспардағы 160—200 метрдің орнына айына 211—260 метр желдеткіш және транспортерлік забойды проходкалады. Лебедев жолдас басқарған бригада «ВП-3» машинасымен бір айда көмір өндірілетін батыс штректе жоспардағы 200 метрдің орнына 315,4 метр, Терлюк жолдастың бригадасы сол агрегатпен бір айда шығыс желдеткіш просектінің «К—10» қабатында жоспардағы 300 метрдің орнына 401 метр өтті.

Жеделдетілген проходка забойдың тазалау линиясын мезгілінде даярлауды қамтамасыз етумен бірге жұмысты ірілендірілген бригадалармен шоғырландыра жүргізудің артықшылығын айқын көрсетті. Проходчиктердің еңбек өнімділігі жоғары болды, жалақысы өсті. Забойдың әзірленген тазалау линиясы көп ұзарды. Бірақ шахтаның жұмысты ұзақ уақыт бірқалыпты істеуі үшін мұның өзі де жеткіліксіз болып шықты. Сондықтан да шахта коллективі биылғы жылдың март айында К—12 «Жоғарғы Марианна» қабаты бойынша бірінші батыс желдеткішке арналған штректі 1 200 метр көлемде жеделдетілген әдіспен проходкалауды ұйғарды. Мұны трест пен комбинат басшылығы құптап, қуаттады. Проходка үшін «Қарағанды 7—15» комбайны пайдаланылатын болды. Оған алдын ала даярлық жүргізілді. Машинаның барлық тораптары қайта тексеріліп, кейбір бөлшектері ауыстырылды; жыныс тиегіштің стреласы ұзартылды. Бұл оның астына жобадағы бір вагонетканың орнына сегіз вагонетка қоюға мүмкіндік берді. Транспорт рельспен жүретін болды. Соның нәтижесінде біз өнімсіз қол еңбегінен құтылдык.

Сондай-ақ желдеткіш штрек кеңейтілді; комбайннан көмірді түсіретін шұңқырлар әзірленді.

Құрамында 32 адам бар бригада құрылды. Ол төрт звеноға бөлінді. Бригаданы тәжірибелі механизатор және белсенді рационализатор Л. Дандзберг басқарды. Ал звеноларға жетекшілік ету Г. Викторов, Б. Мырзаханов, В. Каубре, А. Казаченок сынды маман мастерлерге тапсырылды. Іске кірісер алдында бригаданың әрбір мүшесі өздері жұмыс істейтін қабатпен танысып, жұмыстың қандай түрімен шұғылданатынын

анықтап білді. Жеделдетілген проходка марттың бірінде басталды. Оған учаске бастығы кен инженері комсомолец В. Циорин басшылық етті.

Проходка жөніндегі жұмыс циклдық график бойынша ұйымдастырылды. Әр циклда комбайн екі метр ілгері жылжыды. Екі проходчик комбайнның жұмысымен бір мезгілде металл тіреудің рамаларын қойып отырды. Проходканың екі метріне орта есеппен 10—15 минут жұмсалды. Осы аралықта вагонеткалар ауысып отырды. Забойда екі электровоз жұмыс істеді. Оның әрқайсысында сегіз вагонетка болды. Комбайн машинисі вагонеткалар ауысқан кезде комбайнның тораптарын қарап, тексеріп тұрды. Цикл осылайша ауысып отырды. Жаңа циклда екі адам комбайнның соңынан іле-шала тұрақты тіреу қойып тұрса, ленталы тиештің соңындағы адам вагонеткаға жыныстың дұрыс тиелуін бақылап, екі адам вагонеткалар үшін ұзындығы екі метр уақытша жол төсеп отырды; сонан соң уақытша жол орнына 8 метрлік тұрақты жол салып, рельс төседі. Сондай-ақ бригаданы кезекші электр слесары, вагоншылар, слесарьлар тағы басқа проходчиктер қамтыды.

Осындай циклды үздіксіз жұмыс Л. Дандзберг бригадасының 23 күні ішінде 1 296 метр алға жылжуына мүмкіндік берді. Бұл — өткен жылы Кузбаста «ПК-3» комбайнымен жұмыс істеген А. Хмелевтің бригадасы жасаған бүкіл одақтық рекордтан 51 метр артық.

Осы үздік табыс жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің дүние жүзілік рекордты басып озу жөніндегі сенімін күшейтті.

Геологиялық болжау бойынша проходканың алдынан күтпеген жерден кедергі пайда болды. Қабаттың бұзылу қаупі туды. Сондықтан да комбайн басқа забойға ауыстырылды. Бұл өте жауапты міндетті транспортшылар коллективі 10 сағаттың ішінде ойдағыдай орындады. Жалпы алғанда машинаны тасымалдауға, бөлшектеп, құрастыруға 48 сағат жұмсалды. Сонан кейін бригада мүшелері комбайнды жұмысқа әзірледі.

Қалған жеті жұмыс күні ішінде Л. Дандзберг бригадасы қосымша тағы да 503 метр штректен өтіп, чех достарымыз — Иржи Штяст басқарған бригаданың дүние жүзілік рекордынан басып озды.

Л. Дандзберг бригадасының тәжірибесі өнімділігі жоғары машинаны қолдану негізінде ірілендірілген бригадамен жұмысты шоғырландыра, үдете жүргізудің артықшылығын, резервтер мен мүмкіндіктердің мол екенін көрсетті.

Еңбектің жақсы ұйымдастырылуына қарамастан, комбайнның жұмысына бірсыпыра нәрсе кедергі жасады. Атап айтқанда жер қабатының геологиялық жағынан өте күрделі болуы, судың көп шығуы проходкалау жұмысын қиындатты. Бұл сырттан шахтаға, шахтадан сыртқа материал тасуға, транспорттың жұмысына біраз бөгет жасады. Сондай-ақ сменаларда кейбір кемшіліктерге жол берілді. Осы сияқты олқылықтардың салдарынан комбайнның тоқтап тұрған (жұмыс уақытының 18—20 проценті) кездері де болды. Мұның өзі «Қарағанды 7—15» комбайнның техникалық қуаты әлі сарқа пайдаланылмағанын, оның жұмыс өнімділігін әлі де 20—30 процент арттыруға болатынын көрсетті.

Сондықтан да шахта жұртшылығы алдағы уақытта рекордтан асып түсумен бірге, «Қарағанды 7—15» комбайнымен бір айда 2 000 метр штректен өтуді және одан да зор табысқа жетуді ұйғарды. Бұл аса зор және жауапты міндеттің орындалатыны сөзсіз.

**Х. НҮРҚАЙДАРОВ.**

Саран көмір тресі № 122 шахта партия ұйымының секретары.

## Колхоздардың жылдық есебіне үңілгенде

Ауыл шаруашылығын өркендетуге біздің партия мен үкімет ұдайы көңіл бөліп келеді. Өйткені ауыл шаруашылығы коммунизмге лайықты материалдық-техникалық база жасауда маңызды орын алады. Ол—қоғамдық өндірістің халықтың азық-түлік жөніндегі, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі өскелең қажеттерін өтеуге тиісті саласы. Онсыз жан-жақты өсіп, өркендеген, кемеліне келе гүлдеген социалистік экономиканың орнығуы мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығын дамытуда Совет өкіметі жылдарында зор тарихи табыстарға қол жеткені белгілі.

Ауыл шаруашылығы әсіресе партияның Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейінгі кезеңде едәуір шапшаң қарқынмен өсті: 1955 жылдан 1959 жылға дейінгі бес жылда орта есеппен жыл сайын 7,6 проценттен өсіп отырды. Бірақ бұдан кейінгі жылдарда оның өсу қарқыны баяулап қалды: 1960 жылдан 1964 жылға дейінгі бес жыл ішінде орта есеппен жыл сайын тек 1,9 проценттен ғана өсті. Жетіжылдық жоспар бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 70 процент артуға тиіс еді. Іс жүзінде тек 10 процент қана өсті.

Мұның шынайы себептері партияның Орталық Комитетінің биылғы март Пленумының қаулысында, Л. И. Брежнев жолдастың Пленумда жасаған баяндамасында батыл көрсетілді, мұнымен бірге ауыл шаруашылығын бұдан былай өрге бастырудың нақты жолдары мен шаралары белгіленді. «Колхоз, совхоз өндірісін көтеру, — деп көрсетілген Пленум қаулысында, — коммунистік құрылыстың өмірлік қажетті міндеті. Бұл міндетті орындауға бүкіл партияның, бүкіл совет халқының күші жұмылдырылуы керек».

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумында белгіленген шараларды іске асыру ауыл шаруашылығын көтерудің жаңа кезеңі басталғанын сыпаттайды. Пленумда, одан кейін қабылданған қаулыларда белгіленген жаңа шаралардың бәрі де социалистік экономиканың даму заңдарының тұрғысынан жан-жақты негізделген. Бұларда, бұған дейінгідей, экономикалық заңдарды елемей, субъективизмге бой ұруға жол берілмеген. Мұндай шаралардың жемісті болатыны сөзсіз.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері Орталық Комитеттің март Пленумы шешімімен жігерленіп, оны іске асыруға күлшына жұмылып отырған жағдайда әрбір колхоз бен совхоздың қазіргі экономикалық жағдайларына нақты талдау жасаудың маңызы зор. Біздің бұл мақала Жамбыл облысының Мерке ауданындағы «Победа», «Қазақстан» колхоздары экономикасының сапа көрсеткіштерін олардың жылдық есептері негізінде қарастыруға арналған.

### ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ — НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШ

Біздің партия мен үкімет халық шаруашылығының барлық саласында, әсіресе ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беруге ерекше мән береді. Еңбек өнімділігін арттыру, — деп көрсетілген партияның XXII съезінің қарарында, — коммунистік құрылыстың



саясаты мен практикасының түбірлі мәселесі, халықтың әл-ауқатын көтерудің, еңбекшілер үшін материалдық және мәдени игіліктер молшылығын жасаудың сөзсіз шарты.

Меркі ауданының «Победа», «Қазақстан» колхоздары Қырғыз Алатауының теріскей етегіндегі шұрайлы жазықта, екі республиканың шекарасында қатар орналасқан. «Победа» колхозының жері темір жолдың және Үлкен Шу каналының бойында. «Қазақстан» колхозының жері — «Победа» колхозының солтүстік жағында.

Бұл екі колхоздың екеуінің де егіндік жері сұр қара топырақты саздауыт болып келеді. Екеуі де Үлкен Шу каналынан суды жеткілікті алады, мемлекеттік электр желісіне жалғасқан, олардың қалалармен қатынас жолдары әралуан да қолайлы.

«Победа» колхозы шаруашылығының негізгі саласы, мамандану бағыты — кант қызылшасы. 1964 жылы колхоз 1060 гектар жерге кант қызылшасын егіп, әр гектардан орта есеппен 355 центнерден өнім жинаған. Қосымша салалары — биязы жүнді қой шаруашылығы, товарлы сүт өндіру, шошқа бордақылау, дәнді дақылдардан — арпа, бидай, жүгері егісі, күс өсіру.

Ал «Қазақстан» колхозының мамандану бағыты — биязы жүнді қой өсіру. Мұнда қазір 48 мың қой бар. Колхозда қосымша сала ретінде кант қызылшасы егіледі, сүтке, етке арналған сиыр өсіріледі, азықтық, жемшөптік арпа, бидай егіледі.

Колхоздардың екеуінде де жұмыс күші, механизатор кадрлар жеткілікті. Негізгі ауыр жұмыстар машина, механизм күшімен орындалады.

Демек, бұл колхоздардың екеуінде де еңбек өнімділігінің артуына қажетті жалпы жағдай бар. Іс жүзінде осылай болып та келеді. Бұлардың негізгі өндіріс салалары мен қосымша салаларының бәрінде дерлік еңбек өнімділігі жылдан-жылға өсіп келеді.

Екі колхоздың екеуінде де қой етін өндіруге еңбек жылдан жылға аз жұмсалуда. Дегенмен, «Қазақстан» колхозына қарағанда «Победа» колхозында еңбек қой етін өндіруге 1,5—2 еседей артық жұмсалып жүр. Ендеше, «Победа» колхозында бұл салада еңбек өнімділігін арттыру мүмкіндіктері мол.

Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны «Победа» колхозына қарағанда «Қазақстан» колхозында едәуір жоғары. Сол сияқты өнімнің жеке түрлерін өндіруге тікелей жұмсалған еңбек те мұнда аз. Мысалы, кант қызылшасын өндіруде еңбек өнімділігі «Победа» колхозында 1964 жылы 1961 жылғымен салыстырғанда 32 процент өскен болса, бұл уақытта «Қазақстан» колхозында 87 процент өскен, яғни «Победа» колхозындағыдан 2,5 еседей артық. Дәнді дақылдарды өндіруде де жағдай осындай.

«Победа» колхозында еңбектің өнімділік дәрежесінің төмендеу болуы оның жалпы шығынының норма бойынша белгіленген жоспарлы шығынынан жылма-жыл артық болып отыруына байланысты. Мысалы, кант қызылшасын өсіруге 1961 жылы жоспардағыдан 53 мың, 1964 жылы 21 мың адам-күні артық жұмсалған. Осындай жағдай колхоз өндірісінің басқа салаларында да кездеседі.

Әйтсе де бұл колхоздар еңбек өнімділігінің дәрежесі жөнінен облыста кант қызылшасын, биязы жүнді қой өсіруге мамандана бастаған озат шаруашылықтар қатарынан орын алады.

Бұл колхоздарда еңбек өнімділігі артуының басты шарттарының бірі — өндірістік жұмыстарды механикаландыру. Екіншіліктің жер жырту, тұқым себу, өнімді жинау, тасымалдау сияқты ауыр да қауырт жұмыстарының бәрі де машинамен орындалады. Бұларда соңғы екі жыл ішінде қызылша қазу жұмысы да механикаландырылды. Алайда қазылған қызылшаны тазарту жұмысында қол еңбегі қолданылады. Осыған байланысты қазу жұмысын механикаландырудың тиімділік дәрежесі ойдағыдай болмай жүр.

Колхоздардың мал шаруашылығында пішен шабу, жинау, қой қырку, сиыр сауу жұмыстары машинамен атқарылатын болды. «Победа» колхозында қолданыла бастаған сиыр сауатын «Даугава» атты машина 150 сиырды бірден сауады. Мұнымен бірге сауын сиырларға жемшөп, су беру, олардың киын тазарту жұмыстары да механикаландырылған. Осының нәтижесінде сиырды қолмен сауып келген, малға жемшөп беріп келген ондаған адам басқа жұмысқа ауыстырылды.

Бұл колхозда қызылша өндіруде механикаландырылған екі звено жұмыс істейді. Оның бірі — колхоздың таңдаулы механизаторы И. Я. Гемберг жолдас басқарған звено 1964 жылы 48 гектар қызылшаның әр гектарынан орта есеппен 502 центнерден өнім жинады. Мұнда еңбек өнімділігінің дәрежесі бүкіл колхоздағы орта дәрежеден екі еседей артық болды. Демек, бұл колхоздың қызылша өсіретін барлық жиырма звеносы Гемберг звеносына теңелуге ұмтылатын болса, колхозда еңбек өнімділігі бұдан былай да үздік арта түспекші.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекше маусымдық сипаты бар. Егін жинау, тұқым себу, өнімдерді тасымалдау сияқты көптеген қауырт жұмыстардың қысқа мерзімде неғұрлым жедел орындалуы қажет. Бұлай болмаған жағдайда өнімдердің түсімі кемиді, ысырабы көбейеді, сапасы төмендейді, тағы басқа сондай кемшіліктер орын алады.

Демек, маусымдық жұмыстарды механикаландыру дәрежесі неғұрлым жоғары болуға тиіс. Маусымдық жұмыстарда қолданылатын машиналар мен механизмдердің өнімділік дәрежесі олардың атқарған жұмысының жалпы көлемімен емес, жұмыс сағаты немесе жұмыс күші ішінде орындаған ісінің көлемімен, яғни маусымдық жұмысты дер кезінде орындауға қажетті көлеммен белгіленуге тиіс. «Қазақстан» колхозының басшылары (председателі Қ. Көксалов жолдас) шаруашылыққа қажетті машиналардың санын осы тұрғыдан белгілеп, өте дұрыс бағыт ұстап отыр.

Колхоздар еңбек өнімділігін арттыра беру мақсатында еңбекшілердің өз еңбегі нәтижесіне материалдық ынталылығын арттыру шараларын да кең қолданып келеді. Бұл жөнінде қызылшашылар мен шопандарды көтермелеу шаралары ерекше көзге түседі. Колхозшыларға жоспардан тыс өндірген әр центнер қызылша үшін қосымша ақы ретінде жарты еңбеккүн жазылады және 50 тиыннан сыйлық ақы төленеді. Бұларға қоса қант заводы әрбір центнер қызылша үшін колхозшыларға 500 грамнан қант береді.

Енді партияның Орталық Комитетінің март Пленумының қаулысына сәйкес қызылша өсіретін колхоздар мен совхоздардың басшы қызметкерлерін, мамандарын көтермелеу шаралары белгіленіп отыр. Бұларға қант заводтары бұдан былай жоспардан тыс өндірген қызылшаның көлеміне қарай бір айлық жалақысы мөлшерінен бастап үш айлық жалақы мөлшеріне дейін сыйлық беретін болады.

Шопандарды өз еңбегі нәтижесіне ынталандырудың үлгісін «Қазақстан» колхозының тәжірибесінен көреміз. Қой шаруашылығы колхоздың ең басты да тиімді саласы болғандықтан мұнда шопандар ерекше ынталандырылып отырады. Оларға еңбеккүн басқа шаруашылық салаларымен салыстырғанда 1,5—2 еседей артық жазылады. Мұның үстіне қосымша ақы едәуір артық төленеді.

Мысалға колхоздың таңдаулы шопандарының бірі Ошақбай Ыбырайымов жолдастың табысын алып қарауға болады. Оның өзі 1963 жылы — 1089 еңбеккүн, оның көмекшілері — әйелі Алтын 816, інісі Теңізбай 1068 еңбеккүн тапқан. Бұл еңбегі үшін үшеуі 5946 сомды ақшалай алған. Мұның үстіне бұлар әр жүз саулықтан 125 қозы алып, аман өсіргені үшін қосымша ақыға 29 тоқты алған. Бұлардың әрбір еңбеккүйге алған 1,5 килодан астығы тағы бар. Бұларды ақшара айналдырғанда (мемлекеттік бөлшек сауда бағасы бойынша) шопан семьясының жылдық жалпы табысы 7733 сом болып шығады, яғни семьядағы әрбір еңбеккерге орта есеппен ай сайын 215 сомнан айналады. Сонда қой шаруашылығындағы жұмысты өнеркәсіптегі ауыр жұмыспен теңей-

тін болсақ (біздіңше бұл өте орынды да), шопандар табысының өнеркәсіптегі маман жұмысшылар табысына теңеліп қалғанын көреміз.

Қолхоздардың басшылары, мамандары және еңбекшілер бұқарасы қазір еңбек өнімділігін арттырудың өндірісті ұйымдастыру, еңбек тәртібін нығайту, социалистік жарысты өрістету, ысырап пен ұқыпсыздықтың қандай түріне болса да жол бермеу сияқты шарттарына да көңіл бөле бастаған. Бұлар да өздерінің тиісті нәтижелерін беруде. Бұл мәселелер, әсіресе «Қазақстан» колхозында мықтап қолға алынған.

### ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ — ӨНДІРІС АЙНАСЫ

Өнімнің өзіндік құны — қандай да болмасын өндірістің ең жиынтық, ең қорытынды көрінісі. Ол өнімнің әрбір түрі және олардың әрбір өлшемі өндіріс орнына қаншаға түскенін, яғни өнімді өндіру үшін қаншалықты шығын шыққанын көрсетеді.

Өнімнің әрбір өлшемін өндіру үшін шығын неғұрлым аз шығатын болса, өнімнің өзіндік құны да соғұрлым кеми түседі. Аз шығын шығарып, көп өнім өндіру — социалистік өндірістің заңы.

Өнімнің өзіндік құнының кемуі оны өндіруге еңбектің аз жұмсалғанын, өндіріс құрал-жабдығының, шикізаттар мен материалдардың дұрыс та тиімді пайдаланылғанын көрсетеді. Мұндай жағдайда өндірісті оған әрі ұлғайтуға, мәдени-тұрмыстық құрылыстарды кеңейтуге қажетті қор жинауға мүмкіндік туады, өнімдер бағасын арзандата беруге жол ашылады.

Өнімнің өзіндік құны «Победа», «Қазақстан» колхоздарында, бүкіл еліміздегідей, 1958 жылдан бастап қана есептеле бастады. Осыған байланысты аз шығын шығарып, көп өнім өндіру, сөйтіп өнімнің өзіндік құнын кеміте беру міндетіне тек соңғы жылдарда ғана көңіл бөлініп жүр. Мұның нәтижесінде колхоздар өнімдерінің өзіндік құны төмендеуге бағыт алды. Мұны мынау кестеден де байқауға болады.

### ӨНІМНІҢ БІР ЦЕНТНЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ (сом, тиын есебімен)

Өнім түрлері	«Победа» колхозында				«Қазақстан» колхозында			
	1961	1962	1963	1964	1961	1962	1963	1964
Астық	4-96	2-76	2-34	2-46	4-10	2-42	1-70	2-58
Қант қызылшасы	1-47	1-49	1-73	2-02	2-02	1-75	2-19	2-23
Сүт	—	19-34	13-12	11-00	10-10	8-76	11-98	10-10
Қой еті (өсімі)	66-00	37-46	44-35	28-89	44-80	26-06	39-98	33-60
Жүн	—	200-43	221-69	149-45	223-70	180-00	199-63	168-40

Ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құны еңбектің өнімділігіне, айқындай айтқанда, егіншіліктің түсімділігіне, мал шаруашылығының өнімділігіне тікелей байланысты. Бұлай екені мынау кестеден де ашық көрінеді. «Победа» колхозы 1962 жылы қызылшаның әр гектарынан орта есеппен 466 центнерден өнім алған. Бұл жылы «Қазақстан» колхозы да алдыңғы жылдардағымен салыстырғанда қызылшадан өнімді үздік мол алған. Соның нәтижесінде бір центнер қызылшаның өзіндік құны 1961 жылғы 2 сом 2 тиыннан 1 сом 75 тиынға дейін кеміген. «Победа» колхозында соңғы жылдарда қызылшаның өзіндік құнының 1961 жылдың дәрежесінен аздап өсуі өнімнің аз алынуына және еңбектің жоспардағыдан тым артық жұмсалыуына байланысты. Мұнда 1964 жылы қызылша өсіру жұмыстарына жоспардағыдан 20 мыңдай адам-күні артық шығын болған.

«Қазақстан» колхозының негізгі товарлы да тиімді өнімі — жүн болатын болса, оның өзіндік құны барған сайын төмендеп келеді. Сол сияқты бұл колхоздарда қой етінің өзіндік құны да кемуде. Дегенмен бұ-

ларда 1963—64 жылдың қысы қой шаруашылығы үшін ауыр болғаны, соған байланысты өндірістік шығындардың жоспардағыдан едәуір артық болғаны қой өнімдерінің өзіндік құнына әсерін тигізбей қоймаған. Бұл жылы жүн мен еттің өзіндік құны екі колхоздың екеуінде де алдыңғы жылдағыдан едәуір жоғарылаған.

Бұл колхоздардың екеуінде де астықтың өзіндік құны төмен. Күздік бидай мен жаздық арпаның әр гектарынан орта есеппен 12—15 центнерден өнім алынып жүр. Суармалы жерге егілген «Безостая—1» бидайының әр гектарынан «Победа» колхозы 1964 жылы 32,3 центнерден өнім жинаған. Бірақ бұл колхоздың суармалы астық егісі көлемін ұлғайту мүмкіндігі аз. Суармалы, шұрайлы жер алдымен қант қызылшасын өсіруге бөлінеді.

«Победа» колхозының тиімді, қосымша шаруашылығы — шошқа бордақылау. Бұл үшін колхозда қолайлы жағдай бар: колхоз темір жолдың бойында, қант зауытына жақын жерге орналасқан. Заводтан құнарлы жемді — жомды жеткілікті алады. Демек бұл шаруашылық жақсы ұйымдастырылып, жұмыстары механикаландырылған жағдайда барған сайын өнімді арзан да мол беруге тиіс.

Өнімдердің өзіндік құнын кеміту жолында нақты шараларды жүзеге асыру үшін олардың өзіндік құнының құрылымын білу керек.

Қызылшаның өзіндік құны құрылымында еңбекке төленген ақының үлесі «Победа» колхозында 1964 жылы 67,3 процент болған болса, «Қазақстан» колхозында — 82,8 процент болған. Бұл мұнда «Победа» колхозымен салыстырғанда қызылша өсіру жұмыстарында қол еңбегінің көбірек қолданылатынын көрсетеді. Демек, бұл колхозда жұмысты механикаландыру арқылы еңбек шығынын азайтуға болады.

Бұл колхоздардың екеуінің де мал шаруашылығы, әсіресе қой шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны құрамында автотрактор паркінің шығындары да едәуір (20—23 процент). Және бұлардың үлесі жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл қыс кезінде Мойынқұмдағы малға жемшөп тасымалдауға байланысты. Колхоз басшылары өнімнің өзіндік құнын осы шығын есебінен кеміту жолдарын қарастыруға тиіс.

Өнімдердің өзіндік құны құрамында әкімшілік-басқару шығындары «Қазақстан» колхозына қарағанда «Победа» колхозында едәуір көп. Міне бұл резервті де естен шығармаған жөн. Жалпы алғанда әкімшілік басқару шығындарының азая бергені орынды. Ал аталған колхоздардың мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнында бұл шығын аз да болса өсіп отырған.

Өнімдердің өзіндік құнын ұдайы кемітіп отыру үшін еңбек өнімділігін арттыру, ғылым мен техника жаңалықтарын кең қолдану, үнемділік тәртібін қатаң сақтау сияқты шаралардың бәрін дәйектілікпен қолға алу керек.

### ТИІМДІЛІК — БАСТЫ ТАЛАП

Тиімділік (рентабельділік) — шаруашылық жұмыстың ең соңғы қорытынды көрсеткіші. Ол өндірістің жемістілік, пайдалылық дәрежесімен сыпатталады, яғни өндірістік шығындардың қалай өтелгенін, өндіріс жұмыстарының қаншалықты пайдамен (немесе зиянмен) аяқталғанын көрсетеді.

Колхоз, совхоз өндірісінің тиімділігі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге жұмсалған барлық шығын сомасы мен өндірілген өнімдерді өткізу сомасының айырмасымен сыпатталады. Басқаша айтқанда, өндірілген өнімдерді өткізу (сату) сомасы шығарылған шығындар сомасынан көп болса, онда өндірістің тиімді болғаны, ал кем болса, онда өндірістің тиімсіз, пайдасыз болғаны. Шаруашылықтың ақшалай есептелген барлық шығыны мен кірісінің айырмасы оның таза пайдасы (немесе зияны) болып табылады.

Бұл колхоздардың шаруашылығы соңғы екі жылға дейін тиімсіз, пайдасыз болып келген. «Қазақстан» колхозында қой шаруашылығы мен дәнді дақылдар егісі пайда түсіріп жүргенімен, басқа салалары зиян шеккен. «Победа» колхозында тек қызылша өндіру ғана пайдалы болған. Ал 1963 жылдан бастап олардың шаруашылықтарының барлық негізгі салалары пайда келтіре бастаған.

«Қазақстан» колхозының ең басты шаруашылық саласы — қой өсіру, әсіресе оның жүн өнімі өте пайдалы болса, «Победа» колхозында — қант қызылшасын өсіру өте тиімді. «Қазақстан» колхозы 1964 жылы жүн өндіруге жұмсаған әр сомға 2 сом 45 тиыннан пайда түсірген. Ал «Победа» колхозы қызылша өндіруге жұмсалған әр сом есебінен 51,7 тиыннан пайда түсірген.

«Қазақстан» колхозының бүкіл шаруашылығының тиімділік дәрежесі 1963 жылда 1964 жылға карағанда едәуір жоғары болуы ол жылда егіншіліктің барлық саласынан өнімдердің мол алынуының және олардың өзіндік құны кеми түсуінің нәтижесі. Мұндай нәтижелерге 1963 жылы «Победа» колхозы да ие болған.

«Қазақстан» колхозында дәнді дақылдардың (күздік бидай, жаздық арпа) тиімділік дәрежесі айтарлықтай жоғары. Бұларды өндіру үшін жұмсалған әр сомнан 1963 жылы 1 сом 11 тиыннан пайда түскен. Бұл жылы колхозда астықтан көп өнім алынған. Бұл колхозда бидай мен арпа негізінен тәлімі жерге егіледі. Оларға жер жыртып, тұқым себу, піскен кезінде жинап алып, тасымалдаудан басқа жұмыстарға көп шығын шықпайды. Сондықтан да астықтың өзіндік құны мұнда «Победа» колхозындағыдан төмен болып жүр. 1963 жылы мұнда бір центнер астықтың өзіндік құны 1 сом 70 тиын болса, «Победа» колхозында 2 сом 34 тиын болды.

Партияның Орталық Комитеті март Пленумының белгілеген экономикалық шаралары түптеп келгенде барлық колхоз бен совхозды тиімді, пайда түсіретін шаруашылықтарға айналдыруды көздейді. Бұл бағытта ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекетке сатып алу бағасын көтерудің маңызы зор.

Колхоздар шаруашылықтарын неғұрлым пайдалы жүргізу үшін өнімнің өзіндік құнын кеміту, сапасын жақсарту, шаруашылық есепті енгізу сияқты экономикалық жұмыстарды мықтап қолға алған жөн. Өнім сапасын жақсарту есебінен де көрнекті пайда табуға болатынын «Қазақстан» колхозының мынау тәжірибесі айқын дәлелдейді. Колхоз өзінің биязы жүнді қойларынан сапалы жүн алып жүр. Өткен жылы колхоздың мемлекетке сатқан жүнінің бәрі дерлік жоғары сортпен өтті. Әрине, мұның колхозда жүн өндірудің тиімділік дәрежесі жоғары болуына (245 процент) тікелей әсері тиді.

Өндірісті өз пайдасы есебінен үздіксіз ұлғайтып отыру дәрежесіне жету, бұл үшін қажетті де жеткілікті мөлшерде таза табысқа ие болу — қазіргі басты талап. Партия алға қойған бұл талап дәрежесінде болу — әрбір колхоз бен совхоз коллективінің абыройлы міндеті.

**Б. ОРДАБАЕВ,**

экономика ғылымының кандидаты.

## Жақсыға — қолдау, жаңалыққа — даңғыл жол

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығы саласында белгіленген күрделі шараларды жүзеге асыруда баспасөздің де маңызды міндеттерін көрсетті.

Біздің газет, журналдарымыз колхоз-совхоз өндірісіндегі жаңалық атаулыны, озат әдістерді дер кезінде көріп, насихаттап отыруға, ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін батыл көтеріп, көпшілікті озаттардың тәжірибесі арқылы тәрбиелеп отыруға тиісті екенін Пленум айырықша еске салды.

Соңғы кезде газеттер өз жұмысын шұғыл қайта құра бастады. Баспасөз экономика мәселелеріне батыл ден қойды. Істің шын жағдайына жете көз жіберіп, терең талдау жасалуда. Өзекті мәселелер баспасөз бетінде жиі көрінетін болды. Материалдардың нақтылық, іскерлік, байыптылық жағы арта түсті.

Әсіресе баспасөздің төменгі жауынгер буындары — аудандық газеттердің тақырыбы кеңейіп, мазмұны жақсарып келеді. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін барлық жерде бірдей қайта шыға бастаған аудандық газеттерге жауапты әрі елеулі міндет жүктеліп отыр. Өйткені аудандық газеттер ауыл шаруашылық өндірісінің тағдыры шешіліп жатқан колхоз, совхоздарға жақын орналасқан. Олардың әрбір шаруашылық экономикасына күнбе-күн белсене араласып отыруына толық мүмкіндігі бар.

Міне мұндай жауынгерлік міндетті ойдағыдай орындауда аудандық партия комитеттеріне шын мәніндегі көмекші болып отырған газеттер республикамызда көп. Мәселен, Алматы облысындағы Шелек аудандық «Еңбек туы» газеті өз жұмысын соңғы уақытта едәуір жақсартта түсті. Мұнда колхоз бен совхоз өндірісінің түйінді мәселелерін жазуға шұғыл бет бұрыс жасалған. Ауыл шаруашылығының мамандары, егіс даласының еңбеккерлері, малшылар, партия, совет қызметкерлері газет бетінде көбірек сөйлейтін болды. Озаттар тәжірибесін насихаттауда «Еңбек туының» бірқатар игі жұмысы бар.

Ауыл шаруашылығын өркендетуге газеттеріміз өз үлесін қалай қоса алады? Ең алдымен озаттар тәжірибесін, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі соны жаңалықты көпшіліктің игілігіне айналдыру арқылы көмектесетін болады. Баспасөз озаттардың өнегесі негізінде бұқараны жаңаша еңбек етуге үйретеді, ерлік істерге жұмылдырады.

«Еңбек туы» ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін науқандық жұмыстармен тығыз ұштастыра жазып отырады. Аудан еңбеккерлерінің алдында тұрған негізгі міндетке газет әрдайым баса назар аударады. Ілгеріректе мал қыстату барысын үзбей жазып отырумен қабат газет жемшөпті үнемдеп жұмсауға шақырды. «Еңбек туы» үстіміздегі жылғы 16 февральдағы санында басқарманың бас инженер-механигі Қ. Менешев жолдастың «Мал азығы қалай әзірленеді?» деген мақаласын жариялады. Бұл мақалада «Авангард» темекі совхозының № 1 товарлы-сүт фермасында мал азығын қалай турап, булап, дәмін енгізіп, ашытқы қосып әзірлеп беретіндігі баяндалады. Газет мал азығын бұлайша ұқсату оның жұғымдылығын арттыратынын әрі едәуір жемшөпті үнемдеуге мүмкіндік беретінін дәлелдеп түсіндіреді.

Шопандардың аудандық кеңесіне арналған газеттің 19 февральдағы саны «Екінші тыңның ерлеріне жалынды сәлем» деген аншлагпен ашылды. Мал төлдету науқаны алдында өткен шопандар кеңесіне қатысушылар газет бетінде қой шаруашылығын өркендетудің бірқатар өзекті мәселелерін ортаға салды. Атап айтқанда «Асы» совхозының бас зоотехнигі С. Арғымбаев «Кемшілікке кеңшілік жоқ» деген мақаласында былтырғы науқанда орын алған елеулі кемшіліктерді сөз етіп, соны биыл болдырмау жолында жүргізген жұмыстарына тоқталды. Газеттің «Ерлік еңбек, ізгі арманнан ту ұстап, қойлы ауылдан тасытайық ырыс-бақ» деп ортақ шапқамен берілген ішкі екі бетінде шопан, бөлімше басқарушысы, автоклуб меңгерушісі, автодүкеннің сатушысы, аудандық партия комитетінің секретары сөйледі.

Мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау жолындағы күресті газет үзбей жазып келеді. Мәселен, газет өзінің 11 марттағы санында «Сауыншы» деген бас мақала беріп, аудан сауыншыларының кеңесінен есеп, социалистік міндеттеме жарияласа, 16 марттағы санында бұл мәселеге қайта оралып, «Сауыншыға жүктелер міндет орасан!» деген шапқамен арнаулы бет берді.

Осы арнаулы беттегі «Маяк» темекі совхозының мал шаруашылығы жөніндегі механигі Н. Азбуллаев «Құнарлы азық көп болса...» деген корреспонденциясында сүт молшылығына жетудің нақты жолдарын ұсынады. Атап айтқанда маман былай деп жазады: «...Шаруашылығымызда сүт молшылығын жасаудың толып жатқан қайнар көзі бар. Соның бәрін мұқият пайдалана білуге тиіспіз. Тек бір ғана механизация және қо-

ра-жайды қамтамасыз етумен мәселенің түйіні шешіле қалмайды. Сонымен бірге сауын малы мен төлді дұрыс азықтандыруға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл үшін сапалы сүрлем, қызылша, шрот, жарма, жем жақсы туралып, буландырылған қойға шөп қорын жасауға, жазғы жайылымды дұрыс ұйымдастырып, сауын малының сүт өнімін арттыру шараларын көп болып қолға алғанымыз жөн».

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін іле-шала аудандық газет «Пленум шешімі—іске басшылық» деген тұрақты рубрика ашты. 1920 жылдан партия мүшесі, «Қызылжиде» совхозының аға мұрабы Т. Тоқтыбақиев жолдастың осы рубрикамен жарияланған «Күріш дегенше — ырыс десейші» деген мақаласында Жетісуда, Шелек өңірінде күріш өсірудің мүмкіндігі жақсы сөз болады. Өзінің осы аймақта күріш өсіріп, онан мол өнім жинағанын айта келіп, автор Шелек алқабында 6 мың гектар жерге күріш егуге болатынын дәлелдейді.

«Еңбек туы» газетінің ауыл шаруашылық экономикасын жазудағы, колхоз-совхоз өндірісінің озат тәжірибелерін насихаттаудағы бірсыпыра игілікті істері осындай. Бірақ бұған қарап газеттің бұл саладағы жұмысында ешқандай кемшілік жоқ деген ұғым тұмасқа керек.

Аудандық газет өзі бастаған мәселені жеріне жеткізу үшін күресуге тиіс. Ал «Еңбек туы» өзі жазған кейбір мәселелерді аяқсыз қалдырады. Мәселен, газеттің 20 майдағы санында «Кәне, пікір алысайық» деген рубрикамен «Қазақстан» жеміс-жүзім совхозының қой фермасының бригадирі Ж. Орынбаевтың «Ынта болса—ырыс мол» деген мақаласын жариялады. Ж. Орынбаев қой шаруашылығын өркендетуге байланысты бірқатар ұсыныс жасап, пікір алысуға шақырды. Бірақ газет мұны онан әрі іле жалғап кетпеді. Сондай-ақ Шелек жеміс-жүзім совхозының және басқа шаруашылықтардың 1965 жылға арналған социалистік міндеттемелері де жарияланған еді. Бірақ бұл шаруашылықтардың өз сертін қалай орындап жатқанын аудандық газеттен білу қиын.

«Еңбек туының» кейбір материалдарында біріне бірі қайшы пікірлер де кездесіп қалады. Мәселен, 20 майдағы «Судың да сұрауы бар» деген бас мақалада: «...Атап айтқанда, егінні көп «Жарсу» совхозында суды пайдалану өте нашар. Мұнда суарылуға тиісті егіннің 768 гектары ғана суарылған. Шаруашылықта 23 сушының орнына 16 сушы ғана жұмыс істейді» деп жазылса, аталған совхоздың бас агрономы Қ. Беласаровтың осы газеттің екінші бетіндегі мақаласында былай делінген: «Қазір күздік және беде суарылуда. Бұл жұмыста 45 сушы жұмыс істеп жүр. Егістікті суару алты жерде екі сменмен ұйымдастырылды». Бірінде қатты сыналса, бірінде мақталған. Сонда мұның қайсысына сенуге болады?

Ауыл шаруашылық өндірісінің озат тәжірибелерін насихаттауда Жамбыл облысындағы Свердлов аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің органы «Село жаңалығының» да талабы тәуір. 18 февральдағы санында газет «Трудовой пахарь» колхозының қыста малды бордақылаудағы тәжірибесін жақсы баяндап берді. Еңбек ұйымдастырудың прогрестік әдісі — бригадалық әдіс жайлы 25, 29 майдағы сандарында «Трудовой пахарь», ХХІ партсъезд атындағы колхоздардың председателдері А. Нахманович пен А. Дрожжов жолдастардың мақалаларын жариялады.

Дегенмен газет өзінің жұмысын КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы қойған жаңа талапқа сай қайта құра алмай келеді. Газет жұмысындағы ең басты кемшілік — ол озат тәжірибені пәрменді насихаттай алмауы. Жаңа рубрикалар, бөлімдер аз. Озат тәжірибені баяндауға арналған материалдарда өндірістік көрсеткіштер, көтеріңкі цифрлар көп. Бірақ бұған қалай қол жетті, қандай озат тәжірибе қолданылды, басқалар бұған қалай жете алады? Бұл сұрақтарға жауап берілмейді.

Газет озат тәжірибенің өндіріске енгізілуін, көршілес шаруашылықтарда қалай қолданылып отырғанын жете ойластырмайды, озат тәжірибені хабарлаумен ғана шектеліп, оның өндіріске кең енгізілуіне назар аудармайды. Мәселен, «Трудовой пахарь» колхозында өткен слеттен «Сүт молшылығы сауыншы қолында» (18 май) деген арнаулы бет берілді. Колхоз сауыншыларының өнегелі істері көршілерге қалай ықпал жасап отыр? Бұл жағы газетті толғандырмады.

Озат тәжірибені насихаттауда газеттің хабардан бастап, очерк, бас мақалаға дейінгі барлық жанрын мол пайдалануға болады. Бірақ «Село жаңалығы» жанрларды нашар пайдаланып келеді. Аты дырдай, ал оқи келгенде жадағай материалдарды жиі кездестіруге болады. Оған газет бас мақалаларының бірнешеуін атасақ та жеткілікті, «Қой төлдетуге жан-жақты өзірленейік» (2 март), «Етті көп өндірейік» (11 март), «Март Пленумы шешімдерін жүзеге асырайық» (6 апрель), «Отанға ет пен сүтті көп берейік» (29 апрель), бір аптадан кейін газет тағы «Сүт өндіруді арттырайық» (6 май) деген бас мақала берді. Айта кету керек, соңғы екі бас мақалада келтірілген фактілер біредей. Бірін бірі қайталау ғана. «Суды тиімді пайдаланайық» (13 май), «Отанға сапалы жүнді көп берейік» (18 май), «Берік жемшөп қорын жасайық» (25 май) деген сияқты бір сарынды заголовктардан аяқ алып жүргісіз.

Темір аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің органы «Октябрь туына» (бұрынғы «Жаршы») да жоғарыда айтылған кемшіліктер тән. Газеттің жетістіктері де жоқ емес. Абай атындағы совхоздың № 3 Жаңатаң фермасының менеджері Ш. Төлеуов жолдастың «Қой шаруашылығын өркендетудегі кейбір ойлар» (17 январь) деген мақаласы, «Пролетарий» совхозы сауыншыларының озат тәжірибесін баяндайтын арнаулы бет (24 февраль) тәуір. Дегенмен мұндай материалдар аз. Апрель айында аудандық газет Ақтөбе облыстық «Коммунизм жолы» газетінің бетінде сынал-

ған болатын. Бірақ ол облыстық газеттің осы сынынан қорытынды шығара алмай келеді. «Октябрь туының» басты кемшілігі — жұмысында жүйелілік жоқ. Озат тәжірибені баяндауда ескі сүрлеуден арыла алмай отыр. Жаңалыққа талпынушылық байқалмайды. Ізденіс аз. Газетте Орталық Комитет март Пленумынан кейінгі серпіліс сезілмейді. Партия ұйымдарының ауыл шаруашылығына басшылығы, коммунистердің өндірістегі жетекшілік ролі аз жазылады.

Газеттің 14 майдағы санында «Озат тәжірибе — көпке ортақ» деген бас мақала жарияланды. Бас мақаланың нашар жазылғаны соншалық, қандай озат тәжірибені айтып отырғаны оқушыға түсініксіз. Нақты фактілер жоқ, міндет қою жетіспейді. Бас мақала тақырыбына жанаспайды да.

Белгілі бір тәжірибені таратпас бұрын газет оның қаншалықты тиімді екенін, қандай өндірістік жағдайда сыналып, ғылыми дәлелденгенін анықтап алуы қажет. Сонан кейін барып ондай жаңалықты газет бетінде насихаттаған мақұл.

Мысалы, Павлодар облысындағы Баянауыл аудандық «Жеңіс» газеті де 17 майдағы санында «Озат тәжірибені кеңінен қолданайық» деген бас мақала берді. Онда аудан шаруашылықтарында озаттар тәжірибесі кеңінен тарағылмай отырғаны сыналады. Ал осы кемшілік аудандық газеттің өзіне де тікелей ортақ. Өйткені бұл мәселені газет қанағаттанғысыз жазуда. Озаттар тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыру арқылы газет өзінің коллективтік ұйымдастырушы міндетін атқаруға жетісе алмай отыр.

Озат тәжірибені насихаттайтын материалдар Баянауыл аудандық газетінде аз жарияланады, жарияланғандарының өзі көкейге қонып жатпайды, жалаң баяндалады. Істің байыбына бармайды, талдау, экономикалық жағынан негіздеу, озат әдістердің тиімділігін дәлелдеп көрсету жағы жетіспейді. Кейбір материалдардан ұқыпсыздық, сапалық аңғарылады. Мәселен, 15 февральдағы санында «Қарасу» совхозының бас зоотехнигі М. Арынов «Алда тұрған абзал міндетіміз» деген мақаласында: «...Ірі қараны өз төлі есебінен кебейтуге жетістік. Әрбір жүз саулықтан 86 бұзау алып, ешбір шығынсыз табынға қостық» деп жазады.

Сондай-ақ «Ірілендірілген шопандар бригадасының алғашқы қадамы» деген рубрикамен берілген «Үлгі аларлық істер көп» деген мақаласында Степной совхозының директоры Г. Цехиель жолдас: «...Совхозда өткен жылдың күзінде үш отардың негізінен құрылған ірілендірілген шопандар бригадасының жұмысынан үлгі аларлық жақтары көп...» дейді. Одан әрі бұл қандай үлгі аларлық жақтар екені ашылмай, жұмбақ күйінде қалады. «...Көптеген қиыншылықтар кездесумен бірге кемшіліктерге жол берілуде» дейді автор. Бірақ бұл қандай қиыншылықтар мен кемшіліктер екені айтылмайды. Сонда мақала не үшін жазылған деген ой келеді. «Қарт шопанның межесі осындай» (21 март) деген корреспонденцияда әр жүз саулықтан 90-нан астам қозы алып, әр қойдан 2 килограмнан жүн қырыққан шопанды басқаларға үлгі етіп ұсынады. Шынында бұл көпке үлгі етерлік жоғары көрсеткіш пе?

Міне, осы тәрізді кемшіліктер көптеген аудандық газеттерге ортақ. Озат тәжірибені дер кезінде көріп, нақты әрі пәрменді жазуда аудандық газеттердің атқарар ісі, көтерер тақырыбы көп. Сондықтан КПСС Орталық Комитеті март Пленумы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII Пленумы алға қойған елеулі міндеттерді орындауда республика баспасөзінің жауынгер отряды — аудандық газеттерге зор жауапкершілік жүктеледі. Егіс күтімі мен ораққа әзірлік, мал азығын дайындау, қысқа жан-жақты қамдану, суармалы егістің болашағы, тың егіншілігінің мәдениеті, шаруашылыққа басшылықты жетілдіре түсу, орта буын кадрларды тәрбиелеу, шаруашылық есепке көшуді жүзеге асыру, еңбекке ынталандыру, бастауыш партия ұйымдарының саяси, ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарын жан-жақты жазып отыру — аудандық газеттердің бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Аудандық партия комитеттері өз органдарының жұмысына күнделікті басшылық жасағанда ғана олардың идеялық мазмұны жақсаратыны сөзсіз. Сондықтан аудандық партия комитеттері редакциялардың жоспарларын қадағалап, оларды бюро мәжілістерінде бекітіп отыруға тиіс. Газеттерді саяси әзірлігі мол, ысылған, тәжірибелі журналистермен нығайту да — партия комитеттерінің төл ісі.

Қазіргі кездегі басты міндет — аудандық газеттердің дәрежесін арттыру. Редакциялар ең алдымен өздерінің авторлар активімен, ауыл-село тілшілерімен байланысын күшейтіп, бүгінгі таңдағы маңызды мәселелерден мазмұнды материалдарды мол басып отырғаны жөн.

Баспасөз — қоғамдық ой-пікірдің айнасы. Ендеше оның бетінде жарияланған әрбір материалдың: мейлі ол озат тәжірибені насихаттайтын мақала, мейлі кемшілікті сынайтын корреспонденция болсын, — бәрі-бәрінің нысанаға дөп тиіп жатқаны абзал. Бұл жөнінде де редакцияларға партия комитеттерінің көмегі қажет-ақ. Өйткені өлі де болса газет сынынан жалтаруға дайын тұратын, оны мойындамауға тырысып, қарсы дау айтатын немесе үндемей қалып, баспасөзге қысым жасайтындар жоқ емес. Сондықтан аудандық партия комитеттері газет материалдарының пәрменділігін, әсерлілігін арттыруға әрдайым қамқорлық жасап, партия, совет, шаруашылық басшыларын баспасөз сынын қастерлеу рухында тәрбиелеуі қажет.



# «ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІНІҢ»

сынынан кейін

## «Қазақ лексикографиясы туралы ойлар»

«Қазақстан коммунисті» журналының осы жылғы екінші санында жарияланған «Қазақ лексикографиясы туралы ойлар» (авторы доцент К. Аханов) деген мақала институттың ғылыми кеңесінде арнайы талқыланды. Бұл мақалада қазақ лексикографиясының мәселелері жайында әрі байсалды, әрі дұрыс талдау жасалғанын және оның кейбір қиын, күрделі мәселелері туралы, ашығырақ айтқанда, баспадан шыққан орфографиялық үлкен сөздік пен жасалуға тиісті толық түсіндірме сөздік туралы келелі пікірлер мен дұрыс ұсыныстар айтылғанын ғылыми кеңес атап көрсетті.

Ғылыми кеңес орфографиялық сөздіктің кемшіліктері жайындағы пікірлердің дұрыс екенін мойындаумен қатар, ол сөздікті әрі жетілдіріп, әрі толықтырып жаңадан шығаруды қарастыру қажет деп тапты. Бұл үшін оқушы жұртшылықты молынан қатыстыра отырып, сөздікті кең талқылау керек екенін, тіпті кейбір түйінді, талас мәселелер туралы (мысалы, күрделі сөздердің бөлек я бірге жазылуы т. б.) ғылыми тұрғыдан дәйекті зерттеу жұмыстарын жүргізу, сол негізде қазақ орфографиясындағы қайшылықтарды жоюға тиісті шаралар көздеу қажет екенін мақұл деп санады.

Қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігін жасау жөніндегі өзіндіктің көптен жүріп жатқаны аян. Бірақ мақалада көрсетілгендей, сол өзіндік жұмыстарының өзінде де елеулі-елеулі кемшіліктер бар. Мысалы, картотека қорының әлі де олқы соғып, қазақ тілінің сөз байлығы түгел қамтылмай қалу хаупі туып отырғаны рас. Осыған байланысты институт тарапынан шаралар қолданылуда. Сонымен бірге академия президиумының алдына тиісті жәрдем көрсету жайында мәселе қойылды. Кеңес қазақ лексикографиясымен байланысты теориялық зерттеудің артта қалып келе жатқаны жөніндегі мақала авторының пікірі дұрыс екенін мойындай келіп, жалпы қазақ лексикографиясының тарихы мен теориясы, сондай-ақ түсіндірме сөздіктің бір алуан теориялық және методикалық мәселелері жөнінде арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, дүркін-дүркін лексикографиялық жинақтар шығарып отыру, зерттеушілерге диссертациялық тақырыптардың тізімін жасап, ұсыну керек деген ұйғарымға келді.

Осы мәселелерден пікір алысқаннан кейін институттың лексикографияға қатысы бар бөлімдеріне тиісті ғылыми-зерттеу және ұйымдастыру шараларының жоспарларын жасау тапсырылды да, кеңестің алдағы бір мәжілісінде соларды талқылауға тағы оралу қажет делінді.

**І. КЕҢЕСБАЕВ,**

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры, академик.

УГ03939  
Заказ № 4230  
Тираж 25889

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Мендібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия турмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

10/VII-1965 жылы басуға қол қойылды, қағ. 70×108 1/16, 2,5 қағ. — 6,85 авт. табақ.

ККП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы.

## Партия активінің кітапханасы

Жақында Орталық саяси әдебиет баспасы мынадай кітаптарды жарыққа шығарды:

**Ленин В. И.** Коллективтік басшылық туралы. Жинақ. 240 бет. Бағасы 42 тиын.

**Скрыпник М.** Ильич туралы естеліктер (1917—1918). Қайта қаралып және толықтырылып үшінші рет басылуы. 72 бет. Бағасы 9 тиын.

Кітапша оқушыларды В. И. Лениннің Совет өкіметінің алғашқы айларындағы қызметінің жеке кезеңдерімен таныстырады. Кітапшада В. И. Лениннің жолдастарына, шәкірттеріне, партияның қатардағы қызметкерлеріне көзқарасын, оның адамдарға деген сергектігі мен ілтипаттылығын бейнелейтін қызықты фактілер келтіріледі.

**Кедров Б. М.** В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын қалай оқып үйрену керек. Кітапша В. И. Лениннің «Материализм және империокритицизм» деген асқан философиялық еңбегіне арналған. Оны СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Б. М. Кедров қалың жұртшылық алдында бірнеше жыл бойы оқыған лекциялары мен өткізген консультациялары негізінде жазған.

**Уханов И. П.** В. И. Лениннің еңбектеріндегі көркем әдебиет образдары. 295 бет. Бағасы 54 тиын.

**Шапко В. В.** И. Ленин—социалистік заңдылықты жасаушы. 143 бет. Бағасы 17 тиын.

Жинақ. Лениндік партия ревизионизмге және догматизмге қарсы. Мұнда партияның бірлігі туралы марксизм-ленинизмнің қағидалары баяндалады, В. И. Ленин мен біздің партияның ревизионизмге және догматизм мен сектанттыққа қарсы бағытталған теориялық және ұйымдық қызметі көрсетіледі. 144 бет, бағасы 16 тиын.

КПСС тарихы жөніндегі хрестоматия. Екі томдық. Екінші том. 776 бет, бағасы 1 сом 28 тиын.

Хрестоматияның екінші томына 1963 жылдан 1965 жылғы мартқа дейінгі съездердің, конференциялардың, пленумдардың документтері, материалдары, сондай-ақ коммунистік және жұмысшы партиялары кеңестерінің СССР Жоғарғы Советінің 1964 жылғы 9 декабрьдегі сессиясының материалдары енгізілген.